

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

ӘОЖ378.016:821.512.122-1

Колжазба құқығында

АЛИЕВА ЖАНАТ АБИЛЖАНОВНА

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын және оны оқыту ұстанымдары

6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
филол. ғыл.докт., проф.
Ержанова С.Б.

Пед.ғыл. докт., проф.,
ҚР ҮФА корреспондент-мүшесі Сманов Б.Ә.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
Философия PhD докторы Ауэзова З.М.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР	4
КІРІСПЕ	10
1 ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІЦ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК ҮІҚПАЛДАСТАҮҚ НЕГІЗДЕРІ	10
1.1 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынның қалыптасуының алғашқы кезеңдері	10
1.2 Поэзиялық туындылардағы көне түркілік ұстанымдар мен түрікшілдік мәселелер	26
1.3 Қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындар: жаңа ізденіс үлгілері	41
2 ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ФЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	63
2.1 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың философиялық негіздері	63
2.2 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың психологиялық негіздері	72
2.3 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың педагогикалық-дидактикалық негіздері	83
3 ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ	92
3.1 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың білім мазмұны	92
3.2 «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнін оқытудың инновациялық технологиялары	107
3.3 «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнін оқытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары мен оның нәтижелері	126
ҚОРЫТЫНДЫ	132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	134
ҚОСЫМШАЛАР	139

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы, 17 қаңтар.

«Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің Жарлығы. –Астана: Ақорда, 2006. Қазан. №200.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана.- 2010, 2016

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана.- 2010

«Қазақстан-2050» стратегиясы. Астана.- 2013

Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандарты, 1-кітап, қоғамдық-гуманитарлық пәндер, жинақ. – Алматы, 1998. –36-56 б.

Қазақстан Республикасының «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» №1080 бұйрығы. 2012 жыл, 23 тамыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйимдары қызметінің үлгілік қағидалары.

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тәуелсіздігімізді жарияладап, саяси, экономикалық дербестігімізді барша әлем мойында, руханиятымыздың зерттеу аясы да кеңейген сайын бүгінгі күні ұлттық сөз өнері құндылықтарын жаңаша зерттеу, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін жасаудың қажеттілігі артып отыр. Бұл қажеттілікті өтеу мақсатында ұлттық әдебиетке, оны оқытуудың әдістемесіне бірнеше ірі міндеттер жүктелді. Әсіресе ұлттық әдебиеттің арғы тегін, алғашқы бастауларын тарихи тұрғыдан айқында, ежелгі әдеби мұралардың бүгінгі әдебиеттің өсіп, өркендеуіне тигізген әсері мен көркемдік ықпалын саралау және де аталған мәселені білім беру ұйымдарында оқыту мәселесі айрықша маңызға ие болды. Сондықтан да ұлттық әдебиеттің ежелгі нұсқаларын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан талдап, зерттеу, жүйелеу – тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдістеме ғылымының ең басты міндеті болып табылуда.

Қазіргітандығы әдістеме ғылымының басты мәселесі – қазақ жастарын ақпараттандыру қоғамының талабына сай білімді де білікті, тәрбиелі де мәдениетті азаматтар етіп қалыптастыру. Бұл – оқыту мен тәрбиелеудің барлық саласында қарастырылатын өзекті мәселе. Осындай ғылымдағы мәселелерді шешудің ұтымды жолдарын табу үшін қазақ халқының ұлттық асыл мұралары мен құндылықтарын, мұрат-мұдделері мен философиялық ой-тұжырымдарын қарастыру арқылы жастарды оқыту мен тәрбиелеуге күш салу керек.

Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі ежелгі мұралардың белгісін айқындау үшін сол есте жоқ ерте замандардағы әдеби жәдігерліктердің өзін жан-жақты, әр қырынан зерттеу, әдістемелік жүйесін қалыптастыру міндеті тұр. Көне замандардағы ата-бабаларымыздың рухани өмірінің сөулеудің көрінісінен, тәлім-тәрбиелік ойларынан ақпарат беретін бұл мұралардың өзі біздің заманымызға түгел жете қойған жоқ. Қолымызда барының өзі уақыт сынынан сырғы кетпесе де, кенеуі кетіңкіреген, кейбірінің мәтіні үзік-жұлық кейіпте болды.

Халқымыздың өзіндік келбеті мен рухани әлеміне зор өзгерістер әкелген Кеңес өкіметі тұсындағы әдебиеттану қазақ әдебиеті тек кеңес кезінен бастау алады деген керегар пікірді ұстанды. Дегенмен, белгілі ғалым Б.Кенжебаев пен оның шәкірттері М.Мағауин, М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов, А.Қыраубаевалардың ерлікке пара-пар еңбектері мен нақты ғылыми зерттеулері ежелгі қазақ әдебиеті және оның арналары деген ұфымды қалыптастыруды. Бұл әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиетінің бастауы қайда, ежелгі қазақ әдебиеті тарихтың қай кезеңінен басталады, ол қандай жәдігерлерден тұрады, онда қандай тәлім-тәрбиелік ойлар айтылғаны туралы түсінік, ұфым қалыптасты.

Қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Еділ бойында III-XIV ғасырларда аралас өмір сүрген көптеген ежелгі тайпалар түркі тілінде сөйлеген. Ол түркі тайпаларының ешбірі ол кезде жеке халық болып қалыптаспаған еді. Сондықтан олардан қалған әдеби ескерткіштер бүгінгі түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ мұра деп санау зандылық. Жоғарыда аталған

ғалымдардың ұстанған басты тұжырымы да осы еді. Қазақтың ежелгі дәуірдегі әдебиетін терен зерттеген әдебиеттанушы Н.Келімбетовтің еңбектері де (Ежелгі дәуір әдебиеті. –Алматы: Атамұра, 2005. –336 б.; Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.) осы тұжырымның ғылыми дәйектемесі болды.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан, яғни тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап әдебиеттанушылар ежелгі дәуір әдебиетінің мұраларын зерттеуді, оның ғылыми-әдіснамалық жүйесін жасауды шындаپ қолға алды. Әдебиет тарихына қатысы бар деген кез келген жәдігер мәтінтанымдық, көркемдік жағынан түбекейлі сараптауға алынды. «Қазақ қолжазбалары» (б.д.д. X ғ. бастап XX ғ. дейінгі аралықты қамтыған) сериясымен он томдық басылым жарыққа шыға бастады. Бұған ежелгі көшпенділер өркениеті мен көне түріктердің әлемі туралы әр түрлі үлгіде хатқа түскен (тасқа қашалған) көне грек, қытай жазбаларындағы тарихи деректер, мифтер мен аңыздардағы әдеби үлгілер, көне түркі жазба ескерткіштерінің толық мәтіндері енді. Байырғы түріктердің мұралары түгелге жуық қамтылған «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» да бүгінгі түркологияға қосылған мол үлес болды. Осыған дейін ғылыми айналымда әр басылымда шашырап жүрген көне мұралар осылайша топтастырылды. Бұл осы бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын оңтайландыруға үлкен сеп болғаны сөзсіз.

Сонымен бірге, қазақ поэзияндағы түркілік сарынның көрініс табуы біршама ғалымдардың зерттеу нысанына алынды. Ғылыми диссертациялар жазылып, ұжымдық зерттеулер жарық көрді. Қазіргі әдебиеттанудағы бұл бағытта жүргізілген осындағы зерттеу жұмыстары үлкен ғылыми жетістік болғанымен, көне түркі әдебиетінің қазақ поэзиясында көрініс табуын жоғары мектепте оқыту, оның ғылыми-әдістемелік жүйесін жасау – қазіргі кездегі кезек күттірмес мәселелердің бірі. Сол себепті әдебиеттің тарихи кезендерінің өзіндік даму ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ поэзияндағы көне түркілік сарын көріністерін әдістемелік түрғыдан кешенді талдау қажет. Сондықтан қазақ поэзияның даму үрдісіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы мен дәуірлік жаңашылдықтың негізінде көне түркі әдебиетінің көркемдік белгілерінің болуы, оны оқыту мәселелері зерттеу тақырыбының өзектілігін, әрі маңыздылығын айқындайды.

Қазақ поэзияндағы көне түркілік сарынның көрініс табуының тарихи, көркемдік негіздерін талдап, зерделеуге арналған бұл зерттеуде қазақ поэзияндағы дәстүр мен жаңашылдықтың, ұлттық көркем ойлау үрдістерінің түрікшілдік мұраттармен астарлас келіп, ұлттық танымға ұласуы әдебиет тарихының кезендеріндегі әдеби-көркемдік ерекшеліктермен салыстыра қарастырылды.

Зерттеу нысаны. Жоғары оку орнында қазақ поэзияндағы көне түркілік сарынды оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: Қазақ поэзияндағы көне түркілік сарынды оқыту әдістемесі.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын көрінісін айқындаپ жүйелу және білім беру үдерісіне ендіру мүмкіндіктерін қарастыру.

Зерттеудің міндеттері. Осы мақсат үрдісінен шығу үшін жұмыстың алдына мынадай міндеттер қойылды:

- қазақ поэзиясының нәр алар бастау бұлақтарын айқындау;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындап, әдіснамалық түрғыдан жіктеу;
- әдебиеттің әр кезеңіндегі ақын-жыраулар поэзиясындағы көне түркілік ықпалдастық негіздерін айқындау және оның көрінісін оқыту үдерісіне енгізу;
- ЖООқазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың ғылыми теориялық, әдіснамалық негізін анықтау;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда қолдануға болатын тиімді технологияларды саралау;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындар көрінісін оқу үдерісінде пайдалану үшін таңдау курсының мазмұны мен әдістемесін ұсыну;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін ұсыну және оның тиімділігін эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып дәлелдеу.

Зерттеу болжамы: Егер «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнін оқыту негізінде студенттердің пәндік құзіреттілігі қалыптасып, оның ғылыми-әдістемелік жүйесі айқындалса, онда студенттер қазақ әдебиеттіндегі дәстүр жалғастырын сипаттай отырып, өзіндік ой-пікірін қорғауға дағдыланады, ұлттық құндылықтар мен асыл мұраларды құрметтеуге, қадірлей білуге үйренеді, жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде танылады. Өйткені теориялық білімге негізделген пәндік құзіреттіліктер өзінің оң нәтижесін береді.

Жетекші идея: Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын көрінісін ғылыми-әдістемелік түрғыдан негіздел, оның нәтижесін білім беру үдерісінде пайдалану болашақ тіл мен әдебиеті мамандарын даярлауда және жастардың бойында патриоттық, отаншылдық сезімін оятуда септігін тигізеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде философиядағы тұлға мен әлеуметтік қоғам, таным мен мәдениет, мұрат пен мұдде мәселелері; психологиядағы жас ерекшелік қағидалары, негізгі психологиялық ұғымдар; педагогикадағы антропоөзектік бағыттар, дидактикалық ұстанымдар, оқытудың заманауи талаптары, инновациялық технологиялар туралы ойлар басшылыққа алынды. Сол секілді жұмыста әдебиеттану, филология, қазақ әдеби тілі, әдеби байланыс пен дәстүр және жаңашылдық, қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне орай жазылған ғылыми еңбектер қарастырылды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері

Ұлт поэзиясы, қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі, түркі текес халықтар әдебиетінің поэзиясы және қазіргі қазақ поэзиясын талдауға арналған әдеби сын, әдеби зерттеу еңбектер жұмыстың негізгі әдіснамалық әрі теориялық тірегі

болды. А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Ісмайылов, Б.Кенжебаев, Н.Келімбетов, С.Қасқабасов, М.Мағауин, А.Ж. Жақсылықов, С.Б. Ержанова т.б. ғылыми зерттеу еңбектері мен фольклор мұралары, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Асан Қайғы, т.б. толғаулары, Қ.Мырзалиев, Ж.Әскербекқызы, Т.Әбдікәкімов, Т.Медетбек т.б. ақындардың поэзиялық жинақтары негізге алынды. Зерттеу жұмысының әдістемелік негіздерін анықтауда қазақстандық әдіскер-ғалымдардың, атап айтканда, Ә.Қоңыратбаев, Т.Ақшолақов, С.Тілешова, Б.Сманов, Т.Жұмажанова, А.Әлімов, Т.Сабыров, Ж.Дәүлетбекова, Б.Жұмақаева, т.б. зерттеулері мен еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау барысында салыстырмалы-тариhi, объективті-аналитикалық және жинақтау, даралау, ой қорыту, жалпылау әдістері; экспериментті үйімдастыру кезеңінде бақылау, сауалнама, әңгіме, диагностикалық әдістер; зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында аналитикалық әдістер: талдау, қорыту мен ақпаратты өндөу әдістері; эксперименттік мәліметтерді сапалық және сандық түрғыда сараптау, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, оның қалыптасуына ықпал еткен алғышарттарына сипаттама берілді;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың педагогикалық-психологиялық негіздері анықталып, ғылыми жүйеленді;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың философиялық негіздері анықталып, ұлттық құндылық түрғысынан талданды;
- болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлауда пайдалану үшін «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» курсының оқу-әдістемелік кешені дайындалып, ұсынылды;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесін саралау арқылы оны оқытудың негізгі ұстанымдары ғылыми негізделді;
- ұлттық поэзиядағы түркілік сарындарды жоғары мектепте оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды;
- инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі тәжірибе арқылы көрсетілді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы

Зерттеу жұмысында көне түркілік сарындардың қазақ поэзиясында көрініс табу үрдісі әдебиет тарихының кезеңдері бойынша жүйелі, сатылай қарастырылғандықтан, оның ғылым мен білім берудегі теориялық және практикалық маңызы арта түспек. Жұмыстың нәтижелерін қазақ поэзиясына қатысты оқытушымен бірге студенттің өздік жұмысы (ОБСӨЖ) және студенттің өздік жұмысы (СӨЖ) сабактарындағы жазба жұмыстарына, семинар сабактарына пайдалануға болады. Сондай-ақ жұмыстың ғылыми мазмұны мен тұжырымдарының жалпы әдеби поэтикалық мәні де бар.

Эксперименттік база ретіндезерттеу жұмысын жүргізу, нәтижелері бойынша таңдау курсты дайындау мен сыннан өткізу үшін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті белгіленді. Зерттеу нәтижелері осы оқу орнының «Қазақ әдебиеті» кафедрасында жүзеге асырылды.

Зерттеу үш кезенде жүргізілді

1. Бірінші кезенде (2013-2014 жж.) зерттеу жұмысының тақырыбы, бағыттары анықталды, білім философиясы, педагогика, психология, әдебиеттану, әдістеме салалары бойынша еңбектер зерделенді. Нәтижесінде зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, мақсат-міндеттері мен болжамы, пәні анықталды.

2. Екінші кезенде (2014-2015 жж.) әдебиетті оқытудың қазіргі жайы, оны оқытудың жаңа бағыттарын анықтау мақсатында белгілі әдіскер-ғалымдар мен әдебиеттанушылардың сүбелі зерттеулері мен еңбектеріне талдау жасалды. Студенттердің пәндік құзіреттілігін қалыптастырудың жолдары сараланды. Жоғары мектепте эксперимент жүргізудің материалдары дайындалды.

3. Үшінші кезенде (2015-2016 жж.) қорытынды эксперимент сатысында экспериментке жинастырылған оқу материалдарының негізінде студенттердің білім деңгейінің көрсеткіші анықталып, сапасы тексерілді, эксперимент және бақылау топтарының нәтижесі салыстырылды. Эксперимент қорытындысы жасалды. Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша нәтиже тұжырымдалып, қорытындылар жүйеленіп, диссертация түрінде рәсімделді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар

1. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын элементтері ұлттық құндылығымен ерекшеленеді, қазіргі жастардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

2. Жоғары мектептің филология факультеті студенттеріне қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқыту болашақ маманды жан-жақты дамытуға, білімнің сапасын арттыруға мүмкіндік береді; ұлттық құндылықтар мен асыл мұраларды бағалауға үйретеді; сол арқылы олардың интеллектуалдық әлеуеті дамиды.

3. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды білім беру технологиялары арқылы менгерту студенттің болашақ мамандығына қажетті теориялық ақпараттарды талдап, саралауына, жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің шындалуына әкеледі.

4. Студенттің кәсіби-тәнімдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік жүйе қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың арнайы ұстанымдары негізінде жүзеге асырылып, оң нәтиже береді.

5. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды практикалық тұрғыдан менгертудің деңгейі студенттердің қалыптасқан дағдылары мен іскерліктерінің көрсеткішімен анықталады. Нәтижесінде пәндік құзіреттіліктері қалыптасады.

6. «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» курсының оқу-әдістемелік кешені мен бағдарламасы.

Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі мен негізділігі

Зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық түрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу енбектеріне талдау жасалуымен, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасында бакалавр «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» таңдау курсының оқу үдерісіне өнгізілуімен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары: Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ғылыми басылымдарда, атап айтқанда, Азербайжаннан шығатын SCOPUS тізіміне енген «Journal of Language and Literature» импактфакторлы журналына -1, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен М. Өтемісов атындағы БҚМУ, Абай атындағы ҚҰПУ хабаршысында -3, шетелдік жарияланымдарда, түрлі халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда - 7 жасалған баяндамаларда көрініс тапты. Сонымен бірге «Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын» атты 1 оқу құралы жарық көрген.

Жұмыс ҚазМемҚызПУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасы мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің өзектілігі дәлелденіп, зерттеудің алдына қойған мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, жетекші идеялары және ғылыми жаңалықтары және т.б. ғылыми аппарат айқындалған.

Қазақ өлеңінің тарихындағы көне түркілік ықпалдастық негіздері атты бірінші тарауда қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындардың қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар айқындалып, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынның қалыптасуының алғашқы кезеңінен қазіргі қазақ поэзиясына дейінгі аралықтағы көзқарастар талданып, мысалдармен дәйектелді.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері атты екінші тарауда оны оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздеріне талдау жасалынды. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың философиялық, педагогикалық және психологиялық негіздері айқындалып, жүйеленді.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың әдістемелік жүйесі деген үшінші тараудабілім беру жүйесіне өнгізілетін «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» таңдау курсының мазмұны мен әдістемесі баяндалып, оны пайдаланудың жолдары көрсетілді. Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер кестелермен және арнайы диаграммалармен рәсімделді.

Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері бойынша жүйеленген ой-пікірлер мен көзқарастар қорытындыланып, тұжырымдалды және ғылыми ұсыныстар берілді.

1ҚАЗАҚ ӨЛЕҢДІН ТАРИХЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК ҚАЛЫПТАСУНЫң НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынның қалыптасуның алғашқы кезеңдері

Қазақтың көркем ой тарихының негіздері мен тамыры тым теренде жатқаны XX ғасырдың екінші жартысында ғана ғылыми дәлелденді. Белгілі әдебиеттанушы Н.Келімбетов «...Біз қазақ әдебиеті қайнар-бастаулары Түрік қағанаты (VIII ғасыр) тұсында өмірге келген «Күлтегін» және «Тонықөк» жырларында жатыр деп келдік. Бұл пікір кезінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырым еді. Алайда мұндай ғажайып жырларды жазуға үлгі-модель болған шығармалар бұрын бар ма еді деген сауал ұдайы ойда тұратын» [1,б. 3] – дейді. Фалым соңғы уақыттардағы түркология ғылымындағы соны жаңалықтар мен ғылыми ашылудардың осы сауалға жауап тапқанын айта келіп: «...Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінің көркем сөз үлгілері: «Алып Ер Тоңға», «Шу» батыр, «Аттила», «Көк бөрі» және «Ергенекон» дастандарының жеке-жеке үзінділерін, фрагменттерін, сюжеттік оқиғаларын ұзақ жылдар бойы іздестіріп, тырнақтап жинап, белгілі бір логикалық жүйеге келтірдік» [1,б. 3] – дейді. Көне түркілік ғажайып көркем сөз жәдігерліктерінің өзіне үлгі бола алған осындай ежелгі қаһармандық дастандардағы түр, мазмұн, стиль мен көркемдік дәстүрлердің халқымыздың көркем ойлау қалыбының өн бойынан табылуы оны қазақ әдебиетінің бастау бұлағы, алғашқы негізі болды деген қорытынды жасауымызға әкеледі.

Қазақтың ұлттық әдебиеті біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі түркілік және біздің жыл санауымыздағы VI-XIII ғасырларда жасаған көне түркілік әдеби дәстүрлер негізінде қалыптасып, дамыды дейтін болсақ, төл әдебиетіміздің тарихындағы түркілік көркемдік дәстүрлердің де, әр түрлі бағыттар мен ағымдардың да шыққан тегін, түпкі тамырын сол дәуірлердегі түркі әдебиетінің тарихынан іздеу керек.

Орхон-Енисей ескерткіштері аталатын көне жазбаларда Түрік қағанаты құрамында тіршілік еткен елдің өнер-білімі мен дүниетанымы, әр түрлі түркі халықтарының тарихы мен тағдыры, олардың өзара қарым-қатынастары, тынымсыз жалғасқан жорық жолдарындағы жеңістері мен жеңілістері, сүйініші мен күйініш, өкініштері, адамзат баласына үлгі тұтарлықтай ерлік, бірлік, отаншылдық пен намыс туралы түсініктері, салт-дәстүрі мен наным-сенімі, тәуелсіздік аңсары мен еркіндікке құштарлығы, сондай-ақ осы мақсат, мұддеден шығу жолындағы ұлы істері мен атқарған қызметтері баяндалған. Бұл жырлардың негізіне түрлі ру-тайпалардың басын біріктіру, материалдық және рухани жағынан нығайту, сыртқы жаулардан қорғану идеясы алынды.

Қазіргі кезде «туркі» терминінің ең көп тараған тілдік түсінігінің өзіндік белгілі негізі бар: көне түріктер сонау ғұндар дәуірінде кәмелетке жетіп толысып, III-IV ғасырлардағы қысылтаяң қын заманда анабиоз жағдайында болған дала мәдениеті, ізгі бастауларын жарқын дамытып, өмір тіршіліктің мәніне айналдырыды. Яғни, бұдан біз қазақ әдебиетіндегі түркілік

дүниетанымның туып, қалыптасуы ежелгі сақ, ғұндар дәуірінен бастау алатынын көреміз.

Қазақтың ұлт болып қалыптасуы мен «қазақ» этнонимінің пайда болу тарихы бұрынғы-соңғығалымдар тарарапынан тарихи-деректік, этнографиялық, фольклорлық тұрғыдан аз қарастырылған жоқ. Әр кезеңде жасалған әр түрлі гипотезалардағы кейбір алшақтықтар мен көмескі тұжырымдарға қарамастан қазақ халқының ұлт болып қалыптасу, дербес мемлекет болу тарихы біздің жыл санауымыздың XY ғасырына алып келеді. Осы тұста ел тарихының ұлттық әдебиет тарихымен ажырағысыз тығыз байланысты екендігін баса айту орынды болмақ. Бұл құбылыс ауыз әдебиеті ерекше дамыған қазақ сияқты көшпелі өмір салтын ұстанған халыққа тіпті жақын. Тарих тізбегінің белгілі бір кезеңінде өзіне ғана тән жазу дәстүрінен қол үзіп қалған халқымыздың шын әрі объективті тарихы осы ауыз әдебиеті ұлгілерінде еді. Түркітанушы Л.Н.Гумилевтің өз кезінде ғылыми ортаны таң қалдырған әйгілі ғылыми-зерттеу әдісі шынайы тарихты жасауға тек хатқа тұсken нақты тарихи дерек қана емес, әдеби, этнографиялық және археологиялық мұралардың да ұлғі, дерек бола алатынын дәлелдеді. Ғалымның бұл әдісін әйгілі орыс әдебиеттанушысы, академик Д.С.Лихачев: «Ғалымның қиял көзімен өткенді елестету арқылы, яғни реконструкция тәсілімен көп жәйттердің құпиясын ашуға болады. Ғылымда тек сирек кездесетін деректермен ғана шектеліп қалуға болмайды. Өйткені, тарихи өмірдің өзі деректерден гөрі әлдеқайда бай, әрі сан қырлы болып келеді» [2,б. 7] – деп мойындайды. Бүгінгі ұлан-ғайыр Еуразия құрлығын мекендейтін көптеген түркі халықтарының тұп атасы – көне түріктердің мемлекеттік тарихы, қоғамдық-әлеуметтік келбеті т.б. ерекшеліктері нақ осы көне жазбалар мәтіндеріне сүйене отырып жасалды.

Ежелгі сақтар мен ғұндар қоғамындағы мәдени, рухани жәдігерлер туралы да ақпараттарды нақты жазба тарихи деректерден табу қын. Белгілі түркітанушы С.Г.Кляшторный ежелгі сақ тайпаларының Еуразия құрлығындағы өркениетке тигізген әсері мен сол дәуірлердегі геосаясаттағы ықпалын сараптай келе: «В суждениях о социальном устройстве сакского общества скучность письменных источников заставляет более полагаться на археологический материал» [3,б. 46-47] дей келе, «Духовная культура и религия саков реконструируются скорее по памятникам искусства, чем по письменным памятникам. ...скифская эпоха в казахстанских степях была ознаменована такими шедеврами артистического мастерства, связанными с мифологией и пантеоном саков, представления о которых могут дать только специальные работы» [3,б. 47] – деп, сақтар қоғамындағы рухани құндылықтарды танып, талдаудың жолын көрсетеді.

Түркология ілімінің негізін қалаған В.Томсен, В.В.Радлов, Х.Н.Орхун, Ю.Немет, С.Е.Малов сияқты ғұламалар жалпы түркі әлемінің рухани құндылықтарын бөліп-жармай біртұтас алып, ғылыми-салыстырмалы әдістерді өте онтайлы қолданды. Алайда, кенестік идеологияның бір ұлттың ғана қолайына тиімді қасаң, әрі қияли теориясының салдарынан бұл тұтастық тек лингвистикалық зерттеулерде ғана сақталып, әдебиет, тарих, археология,

этнография ғылымдарындағы зерттеулер мен ізденістерде түркілік біртектіліктен алшактап кетті. Бұл кемшіліктің орнын өз зерттеулерінде Л.Гумилев толтыра алды.

Түркі әлемінің біртектілігіне дәлел болатын жәдігерліктердің ілкі бастауларына түркілердің ата-бабасы саналатын сақтар мен ғұндардың батырлық дастандары жатады. Біздің дәуірімізден бұрынғы бірінші мыңжылдықта өмір сүрген бұл ежелгі халықтардың өзі кемерлер, массагеттер, дахтар, асылар деген сияқты тайпалардан құралғандығы тарихтан белгілі. Табиғат құштеріне, Аспан мен Күнге (Тәнір), Жер-Суға сыйынатын, көшпелі өмір салтын ұстанып, мал шаруашылығымен айналысатын, өнер атаулыдан сөз өнері мен соғыс өнерін бәрінен артық қойып, әрі жетік менгерген бұлар қазіргі Қазақстан мен Орта Азия, Шығыс Түркістан жерлерін мекендеген екен. Жаңа дүниедегі тарихтың атасы саналатын Геродоттың жазбаларында «массагеттер» деп аталатын сақ тайпаларының әлеуметтік құрылымы, әскери әлеуеті, шаруашылық құралдары мен мыс пен алтынды әшекей мен қару-жарап жасауда пайдалану өнері туралы жазады [4,б.113-114].

Тарихта белгілі болғандай осы тайпалық бірлестіктердің негізінде Түрік қағанаты құрылады. Бұл алып мемлекеттің тарихы, халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, наным-сенімі, билеушілері мен жалпы рухани әлемі туралы бірден бір ақпарат көзі әрине, тасқа жазылған дастандар болып табылады. Көлемі шағын, екі-үш жолдан аспайтын көптеген ескерткіштерді айтпағанда «Күлтегін», «Тоны көк», «Білге қаған» сияқты үлкен жырларда сол дәуірдің барша шындығы суреттелген. Көне түркілердің жазу өнері мен көпжанрлы әдебиетінің гүлденеуі біздің жыл санауымыздың VI-VIII ғасырларында Түрік Қағанатының құрылып, оның мәдениетінің даму уақытымен тұспа-тұс келеді. Еуразия масштабындағы бұл мемлекеттің өз кезінде сол уақыттағы алып империялар саналған Византия, Қытай, Иран сияқты елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасағаны, қоғам өмірі мен рухани кеңістігінде кеңінен қолданылған ресми тілі болғаны белгілі. Ресми жазуының, әдебиетінің, іс жүргізу дәстүрінің, осы салалардың бәрін игеріп, басқаратын нақты иерархияға құрылған билік аппаратының болуы, бұл мемлекетте толыққанды өркениеттің болғандығын дәлелдейді. Ал мемлекетшілдіктің барлық белгілері айқындалған өркениет әлеуметтік-мәдени феномен ретінде өзінің басты белгісі етіп жазуы мен әдеби тілін ұсынары анық. Бірнеше ғасыр өмір сүрген мемлекеттің әдеби тілінің негізінде уақыт өте келе тілдік символдар, асқақ ұғымдар, стереотиптер мен стильдер сияқты әр түрлі құбылыстар дамып, олар тұрақты этникалық сана мен мәдениеттің типологиясын қалыптастыруға ықпал етеді. Ал әдеби тілдің дамуы сол өркениеттегі қоғамдық жағдайлар мен халық ұстанатын дін, салт-дәстүрлердің де дамуымен байланысты. Сондықтан да көптеген зерттеушілер түркілердің тұтас Еуразия материгін алып жатқан алып империя құрудағы алғашқы тарихына таңырқаудың қажеті жоқ деп санайды. Мысалы, батыстық түркітанушы К.Финдлей өзінің мақаласында түріктерді өздерінің тілі, мәдениеттері мен тарихында ұқсас элементтері бар, бірақ өзара жақсы қатынастағы халықтардың жиынтығы екенін айтады: «The Turks as ‘a group of

peoples definable by their languages and by certain shared elements of culture and history but otherwise astonishingly diverse among themselves'» [5].

Қазақ халқының шығу тарихы мен оның рухани құндылықтарының генезисін зерттеген ғалымдар міндепті турде сақтар мен ғұндар, көне түркілер сияқты ежелгі тайпалар тарихына сүйенеді. Олардың дені «...это не история Казахстана, но история предков казахского народа, той их части, внутри которой сформировались облик и язык казахских племен средневековья и современных казахов, их этнические и психологические стереотипы, многие элементы быта и народных обычаяев» [3, б. 53] – деп, бұл көне тайпалық одақтар мен мемлекеттерді құраған халықтардың тілі мен мәдениеті қазақ халқына тікелей қатысы барын айтады.

Жоғарыда сөз етken әйгілі Геродоттың жазбаларынан Анақарыс (европалықтар Анахарис деп атайды) пен Тоқсары (европада Токсарис) шешендер туралы деректер кездеседі. Ұлы даланың ғана емес, сол кездегі ілім-білімнің, адамзат өркениетінің ошағы саналған Эллада елінде де, яғни бүкіл әлемге танымал болған бұл даналардың ұлағатты сөздері мен өмір деректері туралы тарих ғылыминың атасы Геродот қана емес, Платон, Плутарх, Диоген және Лукиан сияқты танымал ғұламалар да айтып, жазып кеткен. Мысалы, Диоген Лаэретский біздің жыл санауымызға дейінгі өркениеттің ең асыл үлгісін тудырған қос елдің тел баласы ретінде Анақарыс туралы «Скиф Анақарыс Гнурдың ұлы және скиф патшасы Қадиудтың бауыры еді; оның шешесі грек қызы, сондықтан да ол екі тілді де білетін. Ол скифтер мен эллиндықтардың дәстүрі, өмірді женілдетудің жолдары туралы жазды және әскери айла-тәсіл жөнінде сегіз жүз өлең шығарды. Ерекше шешендігімен көзге тұсті, «скифтік сөйлеу мәнері» деген мәтел оның осы қасиетіне байланысты қалыптасқан» деп, өте құнды ақпарат қалдырған. Асқан ұстамдылығы мен ақылдылығының арқасында оны әйгілі «жеті ғұламаның» бірі ретінде таныпты.

Терең ой, ұтқыр шешім, тапқыр сөз – бүгінгі шешендіктің басты атрибуттары болса, бұлардың сөз өнеріндегі, шешендік сайыстардағы құндылығын біздің жыл санауымызға дейін бес ғасыр бұрын өмір сүрген Анақарыс ойшыл мен Тоқсары балгер дәлелдеп кетіпті.

– Эллада жерінде мені ақылым қорғап еді, ал өз еліме кеп менқызғаныштың құрбаны болым (Плутархтың дерегі) – деген ұлы дала перзентінің орны белгісіз моласының басындағы сайғаққа, кейінгі ұрпақ соққан мұсін-ескерткіштің астына «Тіліңе, Құлқыңа, он екі Мүшене ие бол!» деген сөзі жазылды.

Қазақтың ауызша тараған, хатқа түсіп жазба түрінде бүгінге жеткен ескілік аңыз-әңгімелерінің, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдердің түп-төркіні Анақарыстан жеткен даналық сөздермен мазмұндас. «Адамның бойындағы ең жақсы және ең жаман нәрсе деген не?» деген сұраққа Анақарыс: – Тіл, деп қысқа ғана, жедел жауап беріпті. Немесе, Афиналықтарға қаратып айтқан әйгілі сөздерінің бірінде: ...Скифтер сүйектен өткізіп айтқан сөзді келеке қылмайды, керісінше, жеріне жеткізіп айта алмаған сылдыр сөзді мақтамайды. Сөзде ақыл жоқ. Егерде жақсы ниетті, адал істі жеткізуғе арналса, одан артық қасиетті

құрал болмайды. Сыртынан құліп, ішінен қүңіреніп тұрып айтқан сөзінді ғана скифтер жаманатқа балайды. Мәселе сөзде емес, пиғылында – дейді. «Өнер алды – қызыл тіл» дейтін және шешен, ұтымды әрі көркем сөйлеуді барша өнердің алды санайтын қазақ халқының бұл асыл қасиетінің бастаулары көнеде жатқандығын көреміз.

ҮІ ғ. жазбаша хатқа түскен және түркілік этногездің ерте кезеңінен хабар беретін түркілердің алғашқы фольклорлық ескерткіші ашина тайпасының пайда болуы мен оның сол кезде құрылған тайпалық одаққа ұstemдігін баяндайтын генеологиялық аңыз болып табылады. Мәселен, қазақтың Алаша хан туралы аңызы мен Найман ата туралы аңыздарының сюжеттік желісіндегі баяндаулар айырмашылығы болмаса, негізгі идея, түпкі ой көне түркілік аңызбен төркіндес. Сондай-ақ, ежелгі «Ергенекон» дастанындағы көвшілікке қарата айтылатын «арнау» ұлгісі кейінірек «Күлтегін», одан кейінірек «Қорқыт ата жырларында» жалғасын тауып, қазақтың батырлық жырларында («Ер Қосай», «Ер Тарғын», т.б.), біздің дәуірдегі жазба әдебиетте дәстүр болып, өзіндік көркемдік түр тапты.

Бұғынгі түркі халықтарының баршасына ортақ саналатын «Ислам дәуірінің әдебиеті» әлем әдебиеті тарихында да ерекше орын алады. Бұл дәуірдің әдеби-көркем, әлеуметшіл-философиялық өнері түркі халықтарының ғана емес, барша адамзаттың рухани дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ұлы соғыстар мен жойқын жортуылдар әлі де болса дүркін-дүркін жүріп жатты. Сан мындаған халықтың қырылуы, тұтас мемлекеттердің жойылып кетуі сияқты адам қолымен жасалған ғаламдық катализмдер орын алғанменен, ғылым мен білім, мәдениет те қарыштап дамыды. Ислам дінінің тарауы көбінесе қантөгіссіз, бейбіт түрде болғандықтан ілім-білімнің жайылуы да кедергісіз жүрді. Араб тілі мен мәдениетінің ұstemдігі жарты әлемге жүргізілгенмен, бірте-бірте түркі халықтары өз рухани бастауларына қайта үніле бастады. Ғылыми еңбектер де, көркем туындылар мен тарихи жазбалар да түркі, сондай-ақ парсы тілінде жазылатын үрдіс қалыптасып, ол ұлан ғайыр территорияны мекен етіп отырған халықтардың барлығына түсінікті болды. Сондықтан да, хат танып, қаріп ажыратын қалың бұқараға мұндай қолжетімді асыл қазына баға жетпес азық болды. Сол замандарда негізінен түркі халықтары шоғырланған бұғынгі қазақ далсы мен Орта Азияда ғылым мен мәдениет ерекше қарқынмен дамыды. Белгілі түрік ғалымы Ф.Көпрулузаде сол кезең туралы «...түркі халықтарының қоғамдық-мәдени даму тарихында Қайта өрлеу – ренессанс дәуірі болды» [6, б. 36] деп жазады.

Түркі халықтарының сол кезеңдегі адамзат өркениетіндегі рөлі туралы ғалым өте объективті баға берген. Өйткені ғылымның әр саласында еңбек еткен Эбу Насыр әл-Фараби, Эбу Райхан әл-Бируни, Эбу Әли ибн Сина, Махмұд Қашқари, Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұн, Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Йассауи сияқты энциклопедист ғалымдар мен сөз зергерлері, данышпан ойшылдар тарих сахнасына шыққан еді. Олар кенже қалып келген жаратылыстану ғылымын дамыта отырып, адамгершілік, гуманистік идеяларды да насиҳаттады. Бұған имандылық пен гуманистік көзқарастарды басшылықта алған ислам

дінінің де ықпалы зор болды. Ел билеудің жаңа жобалары мен халықтың рухани дамуын қамтамасыз ететін тың бағыттар қажеттілігі туды, әрі оның ислам дініне негізделген нормалар аясында болуы талап етілді. Бұл үрдісті барша адамзат өркениеті мойындасты. «The Islamist account of the rise of Islam is overwhelmingly basid on hadith, indeed on hadith as opposed to the Quran, reflecting the preference for tradition that prevailed among Muslims themselves until quite recently» (Ислам күнінің шығуы Хадиске байланысты, ал хадис Мұхаммед Пайғамбардың айтқан қасиетті сөздері, Құран - мұсылмандардың салтының, өзара қарым-қатынасы мен татулығының нышаны) [7].

Әл-Бирунидің «Хикметтері», әл-Фарабидің «Әлеуметтік-этикалық трактаттары», Ибн Синаның «Білім кітабы», Жұсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-туркі» т.б. сияқты жауһарлар осы қажеттіліктің өтеуіне туған еді. Замана талабы мен келер күннің ұдесінен шыға алған бұл туындылар өзінен бұрынғы түркілік мәдениеттен сусындей отырып, болашаққа да енбек етті. «Бұлар ғылымның сан саласында қыруар жаңалықтар ашқан ғұламалар әрі өздері өмір сүрген дәуірдің аса көрнекті сөз зергерлері, ақындары болатын. Бүкіл түркі әлемінің осы бір тарихи бетбұрыс кезеңінде өмір сүрген ғұламалар мен шайырлардың әлеуметтік көзқарасы мен дүниетанымы ғылым мен әдебиеттің болашағын айқындап бергендей еді» [1,б. 154].

Қазақ әдебиетінің шығу тарихын қарастырғанда ежелден қалыптасқан көркемдік ойдағы дәстүр жалғастығын негізге алған абзal. Көненің асыл мұрасын талдап, тану белгілі бір халықтың ғана емес, «Ежелгі дәуір әдебиеті мұраларына арналған зерттеулер ұлттық сөз өнері туындыларын және әлем өркениеті мұраларын өзара сабактастық, үндестік арасында қарастыра отырып, жалпы адамзатқа ортақ көркемдік ойлау әлемін жүйелейді [8,б.132].

Ұлы даланың өн бойында мындаған жылдар өмір сүрген тайпалық одактар, хандық мемлекеттердің барлығы түркілерге тән еді. Өз мекені – сары даланы жердің кіндігі санаған сақтар мен ғұндар да, көк түріктер де дүниенің төрт бұрышын түгел шолған, дүниетанымы табиғат ананың заңдылықтарымен ерекше үйлесім тапқан ұлы өркениет иелері болатын. Санамызға адамзат өркениетінің негізін салған деп сіңіп қалған элладалықтарды даналығымен таң қалдырған Анақарыстың «Менің киімім – скиф шекпені, аяқ киімім – екі аяғымның өз терісі, төсек-орным – қара жер, түскі асым да, ертеңгі асым да – сүт, ірімшік, қуырылған ет, ал сусыным – қара су ғана» [4,б. 101] – деген сөзінде дарқан даланың данышпандығы мен даралығы жатыр.

Түркілер құрған мемлекеттің ең ірісі де, ең қуаттысы да – түрік қағанаты. Сақтар мен ғұндардан бізге жеткен әдеби жәдігерлерімен салыстырғанда көк түріктердің мұрасы анағұрлым мол, әрі көркемдік деңгейі де жоғары. Уақытқа тоқтам жоқ. Мәңгі тұратындей болған сол Ұлы қағанат та келмеске кеткен. Мәңгіліктің иесі – жаратқан құдай, тәнірі ғана. Көне түркі әдебиетіне тән шығармашылық континуумның белгілері шығарма авторының «мені», жоғары қаһармандық патетика, көпшілік алдындағы шешен сөйлеу пафосы сипаттарында келеді. Автор шығармашыл тұлға ретінде құлдықта жапа шеккен

немесе опат болған халқын құтқару, азаттыққа жеткізу жолындағы тарихи миссиясын түсіне отырып, қансыраған халықтың басын біріктіретін, осы жолда жанын қилюға даяр тұрган идеал-тұлғаны ұсынады. Көне түркі ескерткіштері мен ежелгі әдебиетте бұл – бабалар өсietіn ту еткен еркіндік идеалы.

Кейіннен бірнеше қағанаттар мен ұсақ мемлекеттік одақтарға ыдыраған Тұрік қағанатының территориясында әйгілі Шыңғыс хан ұрпақтары құрған Алтын Орда мемлекеті пайда болды. Жарты әлемді жайлаган ұлы мемлекеттің де өсіп-өркендеу және құлдырап, ыдырау тарихы белгілі. Ақ Орда мен Көк Орда сияқты хандық билікке бағынған ұлыстарға бөлінген атақты Алтын Орданың территориясында кейінірек өз алдына дербес саясат жүргізген бірнеше хандықтар құрылды.

Нақты уақытын жылдармен бедерлеп тап басып айтпағанмен Ноғайлы дәуірінің әдебиеті деп Алтын Орданың ыдырау кезеңі мен Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі уақыт аралығындағы әдебиетті айтып жүрміз. Бұл шамамен XIY-XV ғасырлар арасын қамтиды. Тарихи-этнографиялық деректерге сүйенсек сол уақыттағы ноғайлар сары ноғай, қара ноғай, маңғыт және Кавказ ноғайлары болып төртке бөлінген еken. Бұлардың әрқайсысының өзі мекен еткен территориясы болған, әрі олар түрлі хандықтар құрамында тіршілік еткен. Мәселен, Сары ноғайлар (оларды татарлар деп те атайды) ыдырап кеткен Алтын Орданың орнында қалыптасқан Қазан, Қырым, Астрахан және Қасым хандықтарын құрған. Қара ноғайлар немесе барабы татарлары әйгілі он сан ноғай хандығын құрды. Ал Маңғыт ноғайлар кіші жұқ қазақтарымен аралас-құралас Маңқыстау жерін мекен еткен. Кавказ ноғайлары болса кіші және үлкен Ноғай ордасының тайпалары құрамында болды. Төрт тарапқа бөлініп, әр түрлі хандықтар мен тайпалық бірлестіктер құрамында өмір сүрген ноғайлар бір замандарда «Ноғай ұлысы», «Ноғайлы жұрты», «Ноғай Ордасы» деген сияқты тарихта белгілі атауларға ие болған ордалы елдің өкілдері еді. Ноғайлы атауының пайда болуы мен осы атауға ие болған мемлекеттің тарихы туралы да түрлі деректер мен топшылаулар бар. XIII ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеуші түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» үғымы шыққан [9,б. 188-189].

Бұрындары ноғайлы әдебиеті аталып келген туындылардың негізгі дені бүгінде қазақ әдебиетінің қорына еніп, оның төл туындыларына айналып кеткен. Мысалы, қазақтың ұлттық құндылықтары саналатын «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Қосе» т.б. ертегі, аңыздар мен «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының әдеби мұралары.

Ноғайлы дәуірі әдебиеті туралы алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов XIX ғасырда сөз еткен еді. Ол қазақтың батырлық эпосы Ноғай ордасы заманында туған деп тұжырым жасайды [10,б. 138]. Фалым «Ер Көкше», «Едіге», «Орақ» сияқты жырларды ең бірінші болып хатқа түсіреді.

Қазақтың ескілік әдебиетін зерттеуге көп көңіл бөлген Сәкен Сейфуллин де өзінен ілгері зерттеушілер мен тарихи-этнографиялық деректерге сүйене отырып, эпикалық аңыздауларға «Ноғайлы дәуірінің туындылары» деп сипаттама берген [11,б.138].

Ол қазақтағы батырлар жырының дені «Ноғайлы дәуірінде туды» деген пікірін дәлелдеу үшін сол дәуір жайында тарихи деректер келтіреді. Аталған жырлардың Ноғайлы дәуірінде туғандығын көрсету үшін бірнеше жырдан («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Ер Сайын», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Жабай батыр» т.б.) сөзіне дәлел ретінде үзінділер алып, мәтіндердегі айғақтарға жүгінеді. Тағы бір ескеретін мәселе Сәкен Сейфуллин өз еңбегінде қазақтың эпостық жырлары тек «Ноғайлы дәуірінде» туған деген пікірін баса айтады [11,б.161]. С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітабының екінші бөлімі – «Ертедегі жырлар әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалары» деп аталады. Бұған батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлар кірген де, олардың тарихи тектерін нақты деректермен дәлелдеп, көркемдік қасиетін айқындалап, басқа ел әдебиетінің нұсқаларымен салыстырып отырған. Автор батырлар жырын зерттегендеге ең онтайлы принципті қолданған. Ол батырлар жырын негізінен хронологиялық тәртіппен зерттейді де, «ұлы батыр», «кіші батыр жыры» деп текстеріп жүргендердің зерттеу тәсілінің ғылыми негізі жоқ екендігін көрсетіп, «ұлken-кіші» деп ат қойып, айдар тағу дұрыс емес деп тұжырым жасайды. Батырлар жырының шығу жағдаяттарына тарихи деректерді мол келтіреді де, ноғайлы заманында шыққан батырлардың бәрін түгелдей қазақтікі деп иемденудің дұрыс болмайтындығын айрықша ескереді. Сонымен қатар «ертедегі батырлар туралы айтылған әңгіме, жырларды жақсылап оқып текстерініз, онан соң қазақ аталған елдің тарихын текстерініз және қазақтың өзге ауыз әдебиетін текстерініз, әлгі кейбір тарихшылардың, кейбір әдебиетшілердің: «қазақтың өздерінің батырлар туралы әңгіме, жырлары жоқ, өзіміздікі деп жүргендері ноғай халқынің» дегені тек жалған сөз екенін көресіз» [12,б. 169], – деген тауып, теріс көзқарастарға қарсы шығады.

Ол ауыз әдебиеті нұсқаларын, әсіресе батырлар жырын, лиро-эпостарды зерттеген уақытта оған әр түрлі таптың қоспасы қосылып, әр кезеңнің таңбасы басылып отыратындығын үнемі ескертіп отыруды өзіне міндет санаған. Сонымен қатар жырдың ерте-кеш жырлануын, яғни шығуын айқындаудың мәні зор екенін айтып, батырлар жырын зерттеп отырғанда: «қазақтың ескі ел әдебиетіндегі батырлар әңгімелерінің неғұрлым ескілерін алып қарасаң, соғұрлым оның «қиял» қоспасының, жапсырма сырлардың, «ертек» түрлерінің молдығын көресің. Заманның неғұрлым ертедегісіне қарай бара бересен, соғұрлым елдің шикі, надан кезіне таяна бересің. Батырлар әңгімелерінің неғұрлым бергі заманда шыққанын алып қарасаң, соғұрлым ол әңгіменің «көреметтері» де аз бола береді. Шындыққа жақын бола береді және соғұрлым бертінгі заман батырларының жаратылыстары да «көреметсіз» бола береді» [12, б.180-181], – деген байқауларын ортаға салады. Қазақтың ескі әдеби нұсқаларын алғашқылардың бірі болып ғылыми жүйелеген С.Сейфуллин

сияқты зерттеушілердің сол кезеңдердегі тұжырымдары мен қорытындылары кейінгі зерттеулердің іргелі арна табуына мүмкіндік бергені сөзсіз.

Бұл кезеңді кейбір зерттеушілер Дешті Қыпшақ немесе Алтын Орда дәуірінің әдебиеті деп атауды ұсынады. Алайда мұндай дәуірлеудің әлі де анықтай түсетін тұстары бар деп ойлаймыз. Өйткені, XI-XVI ғасырларды қамтитын «Дешті Қыпшақ» өте кең ұғым. Сондықтан ол этнологиялық негіздегі мемлекеттік бірлестіктен гөрі тарихи-географиялық ұғымға жақын. «Дешті Қыпшақ даласы», «Дешті Қыпшақ елі» т.б. деген сияқты атаулар да осыны мензейді. Сондай-ақ, Алтын Орда дәуірінде өмір сүрген Құтыб, Хорезми, Сайф Сараи, Мұхаммед Салих сияқты шайырлар «Хұсрау-Шырын», «Мұхаббатнама», «Гүлистан бит-түрки», «Шайбанинаме» сынды көркем жазба мұралар қалдырғанымен, олар ноғайлы дәуірінің этнологиялық санасы мен эпикалық дәстүрінен дараланып тұрғаны сөзсіз. Түркі халықтарының әдеби дәстүріне зор ықпал жасаған бұл жазба ескерткіштердің кейінгі ноғай әдебиетінде сақталмауы да көп нәрседен хабар береді, әрі оның тарихи, әлеуметтік және әдеби дәстүрлік себеп, салдарларын анықтау мақсаты түр.

Зерттеушілер Ноғайлы дәуірінің әдебиеті фольклор және ауыз әдебиеті сияқты екі арнада дамыды дейді. Фольклор саласында «Мың бір тұн», «Калила мен Димна», «Тотынама» тағы да басқа сияқты көптеген ertegілер, ғұрып өлеңдері мен шығыс сюжеттеріне құрылған жауһарлар туып, кең тарады. Бұл туындылар кейіннен қазактың авторлық ауыз әдебиетінде жаңаша түрленіп, нәзира ұлгісімен әр түрлі нұсқада қайта жырланды. «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Сайын» т.б. жеке батырлықты дәріптеген қаһармандық мазмұндағы классикалық эпостың түрлері де қайтадан әдеби жаңғыруға ұшырады. Аталған батырлық жыр ұлгілері ноғайлы дәуірінде этнологиялық сананың, әрі патриоттық көңіл-күйдің қозғауши күші ретінде қызмет етті. Көркемдік және мазмұндық-құрылымдық жағынан жаңғырып, толықтырылып, қайтадан эпикалық айналымға түсken бұл көркем құндылықтар өзінен кейін сол заманың (ноғайлы дәуірінің) өмірлік шындығын, тарихи оқиғаларын аса мол қамтыған эпостық жырлардың тууына ықпал етті. Бұл эпостық жырлар ұланғайыр Еуразия құрлығында болған тарихи оқиғаларға, онда да ұлы жорықтар мен жортуылдарға, ел мен жерді азат ету соғыстарына тікелей қатысты. Ноғайлы жырларында негізінен XIY-XVIII ғасырлардағы оқиғалар суреттеледі. Кей жырларда аталған кезеңнен бұрынғы уақыт батырларының да аты аталады. Сондықтан аталған жырлардың туу кезеңін сөз еткенде нақты тарихи кезеңді дөп басу қындық туғызыры сөзсіз. Зерттеушілер «Қырымның қырық батырын» қазактың халық болып қалыптасу дәуірімен байланыстыра қарастырған (Н.Сауранбаев). «XVIII ғасырда жоңғар соғысы басталғанда қазақ жыраулары бұрын-сонды оқиғаларды жалғап, ескі сюжеттерді жаңаша жырлай бастайды. Бәлки ноғайлы эпосының өзі де осы кезеңде жырланса керек» [13,б. 72] дейді Ә.Қоңыратбаев.

Ноғайлы жырларын шартты түрде екіге бөлуге болады. Біріншісі, «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Ер Қосай» сияқты жырлар. Бұл жырлардың оқиғасы аталған жекелеген батырлардың ерлік іс-әрекеттеріне негізделген. Сонымен

бірге, мұнда батырлардың жеке басын, олардың ерлік істерін шынға көтере дәріптеу кен етек алған. Екіншісі, бірнеше жырлардың топтамасынан тұратын және жеке-жеке батырлардың есімімен аталғанымен, жүйелі генеологиялық тізбекке құрылған жырлар. «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Аңшыбай батыр», «Парпария», «Құттықия», «Нұрадин», «Мұсахан» т.б. жырлар тұтас алғанда «Қырымның қырық батыры» деп аталады. «Қырымның қырық батыры» туралы жырлар негізінен Қазақстанның батысында сақталып қалды. «...Жырдың көлемі «Илиада» мен «Одиссеядан» 2,5-3 есе үлкен. ...Мұрын жырау Сенгіrbайұлынан жазылып алынған» [14, б. 347]. «Қырымның қырық батыры» жырларында заманында бір елдің құрамында болған қазақ, ноғай батырларының қызылбас, қалмақ сияқты сыртқы жаулардан, басқыншылардан ел мен жерді қорғау, ел тәуелсіздігі үшін жүргізген жанкешті ерліктері суреттеледі. «Қырық батыр» жырларында әсіресе, батыр өмірінің туғаннан өлгенге дейінгі әр кезеңін нақты суреттейтін өмірбаяндық және тұқым қуалап, үрім-бұтағының бәрі батыр болатын генеологиялық сипат басым» [15, б.105-106]. Биліктің атадан балаға мұраға қалатын иерархиялық түрі көне түркілік қағанаттарда да қалыптасып, сақталған. Бұл салттың бұлжымас қағидаға айналуы үшін билеушілер қара халыққа бұны жоғары құштердің талабы ретінде түсіндірген. Мысалы:

...Көкте Түрік Тәңірісі,
Түріктің киелі Жері, Суы
Былай депті:
«Түрік халқы жойылмасын» – дейді,
«Ел болсын» – дейді.
Әкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбілге қатынды
Тәңірі төбесіне ұстап

Жоғары көтерген екен... [16, б. 70] деген жолдардан тақ мұрагерінің династиясын көк тәңірінің өзі қолдап, қағанның билігі мен теңдессіз қасиеті қөктегі құдіретті құштің алқауында екенін білдіреді.

Ен даланы еркін жайлап, көшпелі өмір салтын ұстанған, күн көрістің басты құралы мал шаруашылығын кәсіп еткен «далалықтардың» дүниетанымы ғасырлар бойы өзгеріссіз қалып, адамзат өркениеті қанша дамып кетсе де өткеннің үлгісінің ізі өшпей сақталған. Көнеден жеткен мұралардың барлығы дерлік ел қорғауға, халықтың басын біріктіруге, ерлікке үндейді. Сондықтан да түркі халықтарында жауынгерлік-қаһармандық жорықтарды жырлаудың дәстүрі көркемдік ойлау процесінің ең бір озық тәсілі ретінде бүгінгі күнге дейін еш өзгеріссіз жеткен деуге болады. Ғұндар заманынан сыр шертетін Бань Гудан жеткен «Көк бөрі туралы аңыз әфсанадағы» олардың балалары «қойға мініп, садақпен құс, тышқан атады. Жеткіншектері тұлкі, қоян аулайды. Жігіт-желендері садақ асынып, шетінен сайлауыт сарбаз болады. Олардың салты – кеншілікте мал баға жүріп, ан, құс аулау; бұл олардың өмір-тіршілігі. Қысылтаяң кезенде соғысқа сайланып, шабуыл-жорыққа шығу – сүйегіне

сіңген әдеті» [4,б. 131] деген деректердегі көшпелілердің өмір сұру салты мындаған жылдар бойы сақталған.

«Қобланды батыр» жырында батырдың бала күніндегі бейнесі:

...Өзі алты жасында
Кәмшат бөркі басында,
Тобылғы торы ат астында,
Қаршығасы қолында,
Тазысы ерткен сонында.

...Күнде киік аулайды,

Кездессе жауын жаулайды... [17,б. 5] деп жырланады. Ал, Қараман батыр жауға қарсы бірге аттануға шақырған кезде, ата-ана, ел-жұрттымен қоштасып шыққан батырдың кейпі:

...Жиылған жұртпен қоштасып,
Қобландыдай батырың
Тайбурыл атқа мінеді,
Беліне семсер іледі,
Ақ сауытын киеді,

Ноғай бөркін киеді... [17,б. 29] деп келеді. Жырдың өн бойында батырдың өсіп-толысусы оның жауларын бірінен соң бірін женуімен ұласып отырады. «Қобланды батыр» жырындағы оқиға өрбуінің осы жүйесінің негізі «Құлтегін» жырында айқын көрінеді. Құлтегіннің жауларын бірінен соң бірін женғені мен оның ерлігін мадақтағанда құрғақ баяндау емес, оқиға желісі біртебірте үдей түседі де, батыр мінген тұлпарлардың түрі де, соғыста өзі өлтірген жауларының саны да градациялық тәсілмен ұлғая береді.

Мысалы: ...Құлтегін алып шалысты атын мініп

опыра шайқасты. Ол ат сонда құлады.

Ізгіл халқы қырылды.

...Бір жылда бес жолы біз соғыстық.

...Құлтегін Азбан атын мініп опыра шайқасты.

Алты ерін шаншыды.

Сол шабуылда жетінші ерін қылыштады.

Екінші рет Құшлығыңда Едіздермен соғыстық.

Құлтегін Аз қарагерін мініп, опыра шайқасып, бір ерін шаншыды.

Тоғыз ерін қоршап қырды.

Едіз халқы сонда қырылды.

Үшінші рет Болчуда оғыздармен соғыстық.

Құлтегін Азбан ағын мініп шапты, шаншыды.

Әскерін найзаладық. Елін алдық.

Төртінші рет біз Чуш басында соғыстық.

Тұрік халқы қарсылықта тап болды. Жаман әлсіреді.

Жау қолының алғы шебіне Құлтегін (қолын) қарсы жіберді.

Тоңраның бір алыбын, он ерін Тоңа тегіннің киелі кешеніне иіріп өлтірдік.

Бесінші (рет) Езгенті-қадазда оғызбенен соғыстық...

– деген жыр мәтініндегі соғыс оқиғалары Иоллығ-тегіннің көзімен көрген нақты тарихи дерек болса да батырлық эпос поэтикасына тән үлгі, тәсілмен жазылған.

Көнеден жеткен әдеби жәдігерлерде нақты дерек, суреттеу айқын. Ал Ноғайлы дәуіріндегі эпостық жырларда әсірелеу, көтере суреттеу, асыра баяндау басым болып келеді. Сол себепті де табиғатына тартқан әсершіл, қиялшыл далалықтардың пафосқа бейім көңіл-күйлерінің астарында, асқақ арман, үкілі үміт жатқаны анық.

Біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген ғұн тайпаларының тарихынан мәлімет беретін «Көк бөрі» дастанындағы әр түрлі аңыздардың барлығына ортақ бір түйін бар. Ол – көне түркілердің ата тегі «көк бөрі» деген түсінік. Бұл аңыздардың сюжеттік желісіндегі үқастық та осыны дәлелдейді.

«Бөрі» тотемі арғы, бергі әдебиет нұсқаларында киелі бейнеге айналып, ерлік пен өрліктің символына айналған.

«Ер Тарғын» жырында батырдың ерлігін суреттегендегі:

...Келген қалмақ жолықты

Тарғын сынды бөріге.

Қойға кірді бір бөрі

Бөріктіре қырады

Талай қалмақ құлады [17,б. 136] – деп, оны бөріге теңеп сипаттайды. Ел қорғаған батырдан ерекше күш пен қайратты, сонымен бірге бөріге тән айлакерлікті, қыыннан жол табар сұнғылалық пен әккілікті талап ету қадым замандардан келе жатқан үрдіс болса керек. Сақ пен ғұндардың ауызша тараған аңыз, әфсаналары мен түркілік тайпалардың тасқа қашалған ескерткіштерінде кездесетін «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт құннен гөрі, «ат үстінде аламан» жаугершілік, жортуыл замандарда еңсілі елден бір тайпа, тұтас тайпадан бір бала қалып, оны аң мен құстың асырап жеткізуі, өсіп-өніп, іргелі елге айналуы т.б. сияқты аңыз, жырлар желісі батырлық жырларда кең көрініс тапқан. Әдебиеттанушы А.Жақсылықов «История тюрков и прототюрков (хунну) неразрывно связана с историей древнего Китая, непрерывное развитие которого насчитывает пять тысяч лет, и это существование можно определить как непрерывное противоборство, борьбу за независимость степных, северных народов, попытки остановить экспансию ханьских народов на Север в пределы Сибири. Это противоборство весьма драматическое, отмечено и периодами мира, культурного взаимодействия; были эпохи доминирования кочевников, когда ослабевший Китай платил дань соседям, поддерживал выгодные отношения с помощью династийных браков, были эпохи, когда кочевники попадали в зависимость, империиnomадов распадались на государства союзов племен, целый ряд племен, целый ряд тюркских, монгольских, тунгусских родов были поглощены и ассимилированы Китаем» –деп, көне заманның тарихына тоқтала келіп: «...В условиях постоянных напряженных отношений с оплоченным и монолитным Китаев, древними китайскими царствами, развившими высокую культуру, тюркские каганы также вынуждены были активизировать формы общеэтнической

уонсолидации и самоосознания, а именно мифологемы, генеологическую память, историю предков, реализуемые через письменность, литературы и религию. Таким образом, судя по содержанию и идейной направленности некоторых памятников древнетюркской письменности, литература и письменность в Тюркюском Каганате помимо официальных функций выполняли еще роль консолидирующего, идеологически сплачивающего фактора» [18,с.95-96] дейді.

Этностиң немесе суперэтностиң қалыптасуының осындай алмағайып кезеңінде тарих сахнасына ерекше дарын иелері, өзгеден артық қасиеті бар тұлғалар шығады. Олар белгілі бір идея үшін жанын қиоға да дайын тұрады. Түрік қағанатында бұл рөлге алғашқы қағандар, батырлар мен қолбасшылар ие болған. Бұл тұлғалар өздерінің ерекше қасиеттерінің, алға қойған мақсатқа жету жолындағы жанқиярлығының, жеке бастарының ерен батырлығы мен ерлігінің арқасында халықты сонынан erte алды. Оларға халықпен бірге өздерімен деңгейлес билік өкілдері мен әскери шонжарлар да қосылған.

Келер ұрпаққа өсиет ретінде тасқа қашалып жазылған әдеби ескерткіштерде түркілердің құдайы Тәнірдің аты жиі аталады. Ескерткіш авторларының Тәнірге аса терең мән беруінің басты себебі елді үйістыру, бір мақсат жолында жұмылдыруда болса керек. Өйткені қарапайым халық үшін тәнір сөзінің сакральдылық, символдық әрі генетикалық мәнінің аса зор екенін жазу авторлары жақсы білген. «Жоғарыда көк Тәнірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған...». Бұл Ұлы даладағы жаңа дәуірдің, түркі тайпаларының үстемдігі мен олардың мемлекеті мен тілі дәуірінің басталғандығын паш ететін сол замандағы түркілердің ең үлкен жазба ескерткіші – қағандар әулетінің негізін салушы ұлы батыр Күлтегін жырының басы. Жыр мәтінінде болған тарихи оқиғалардың келелісін де, келеңсізін де бір ғана жаратушының дәргейіне қалдырған үлкен сенім, жаратқан Тәнірдің құдіретіне бас иген құдайшылдық сана жиі кездеседі. «Күлтегін» жырының мәтінінде «Тәнір» сөзі бірнеше рет кездеседі:

«Тәнірі қуат берген соң
Әкем қағанның әскери бөрідей бопты»...
«Тәнірі жарылқағандықтан,
Елдігін елсіретті,
Қағандығын қағансыратты...»

«Түркі оғыз бектері, халқы тындандар!
Төбеңнен тәнірі баспаса,
Астыңнан жер айырылмаса,
Түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды?...»
«Әкем қағанды,
Шешем қатынды
Көтерген тәнірі,
Ел берген тәнірі...»

«Сөйтіп тәнірі жарылқады...» [19, б. 12-18]

Ал «Тоныкөк» жырында тәнірге байланысты:

«Тәнірі былай деген екен
Хан бердім,
Ханыңды тастап, бағындың.
Бағынғаның үшін
Тәнірі өлімші етті...»

«Тәнірі, Ұмай, қасиетті Жер-су
Женіс берген екен...»

«Тәнірі жарылқағандықтан,
Көп деп біз қорықпадық...» [19, б. 26, 35] деген жолдар бар.

Ноғайлы жырларының Еуразия даласына Ислам діні әбден орныққан кезеңдерде дүниеге келгенін және бұл жырларды кейінгіге жеткізуші жыршы, жыраулардың тіпті XIX ғасырда өмір сүргенін ескерсек «тәнір» сөзінің аталған жырларда мұлдем аз кездесу себебін түсінеміз. «Парпария» жырында:

Тәнір берген қайратты
Аямайын деп еді [20, б. 84].

«Нұрадын» жырында:

Тәнірім онғарса сапарды,
Алыс та болса баармыз,

Тәуекел етіп қаармыз [20, б. 99] деген жолдар бар. Көне түркілік ескерткіштер мен Ноғайлы жырларындағы «тәнірге» сүйену психологиясы, «тәнір-құдайдың» атқаратын функциясы бір бірінен алшақтап кеткенге үқсайды. Екі кезеңнің де әдеби жәдігерлерінде жаратқанға сыйыну жіңіз кездеседі. «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларында автор көк Тәнірге сыйыну, оның жарылқауына үміт арту арқылы түркі халықтарының рухани генетикалық бірлігін насихаттау мақсатын ұстанса, ноғайлы жырларында жеке батырлардың жеңіске үміттene отырып, жаратушыдан көмек сұрау психологиясы басым. Сондай-ақ, батырлық жырларда жоғарғы құштерге табыну «құдайға», «аллаға» жалбарыну сипатында келеді. Көне түркілік ескерткіштерге ортақ патриоттық идея ноғайлы жырларының да негізгі лейтмотивін құрайды.

Жаугершілік замандарда елді үйістырып, бір тудың астына жинап, бір басшының соңынан ерту үшін қолданылған ең тиімді тәсілдердің бірі – көпке қарататайтын айтылған арнау, үндеу сөз болатын. Сөздің қадірін аса жоғары бағалайтын далалықтар жүйесін тапқан сөздің қай-қайсысын да бұйрықтай қабылдаған. «Тәнірі текті» қағандардың, билік сөздің иелері – «жабғылардың» (бас уәзір), тақ мұрагері – «тегіндердің» қара халық пен жауынгерлерге қаратып айтқан үндеулері шешен сөздің ұлгісіндей. Мысалы, Ергенекон дастанындағы: «Уа, қасиетті Көк бөрі ананың ержүрек ұландары мен әuletі!» деген Бөрте Шененің қауымына қаратып айтқан сөзі «Күлтегін» жырындағы:

...Түрік, оғыз бектері, халқы естіндер!

Жоғарыда Тәнірі баспаса, төменде жер айырылмаса,

Түрік халқы, елінді, төрінді кім құртады.

Ынтымақ! Түрік халқы, өкін!

Топтасқандығың үшін игі еткен еді.

Білікті қағаның еді. Бар еді... деген дидактикалық сарындағы арнаумен үндес. «Ежелгі түркі әдебиетінің мұндай дәстүрі араға сан ғасырлар салып барып, жазба әдебиетте жалғаса түскенін «Қорқыт ата кітабынан» да көреміз. Мәселен, елді жау шауып, оны қорғау үшін хан сарайына оғыз батырлары жиналдып жатқан сэтте Қорқыт атаның айтатын ұзақ монологы бар. Ол «Тынданыз, хан ием, кімдер келген екен» деп басталады. Мұның өзі «Ергенекон» дастанындағы Бөрте Шенениң халыққа қаратса айтқан сөзін еске салады. Өз еліне, халқына қамқор екі кемеңгердің ой-пікірлері өзара астасып жатады» [21,6.91]

Көпшілікке қаратса ұран тастау, жауға қарсы құресте бірлікке үндеу салты батырлық жырларда да дәстүрлік жалғасын тапты. Қараман батырдың Қазанмен соғысуға бара жатқандағы:

Мен – Сейілдің ұлы Қараман,

Қазанға кетіп барамын.

Жүрмеймісің, құрдасым,

Қол ағалық қыламын.

...Жұлдызың туған жоғары,

Білемін, Қоблан, данасың!

Дұға тиген ер едің,

Кезіңе келген дүшпанның,

Білемін, Қоблан, онбасын! [17,6. 19] деген сөзі Қобланды батырдың өзіне қаратып айттыса, ногайлының батыры Ер Бөкшенің:

А, ногайлым, ногайлым,

Көкірексінген ногайлым,

Көбеңсінген ногайлым,

Қайрат қылып қан таппай... деп келетін сөзі барша Ноғайлы жұртына арналып айттылады. Ал:

– Астана халқым ел деді,

Енді қайрат етейік

Етірек пен Құргенге,

Алла оңғарса сапарды

Сол жерге таман барамын.

Қызылбас деген байтақ ел,

Бер жағында мекендер

Ерсарыдай халықтың

Баян қылған дөңі еді.

...Ындыстың алдым қаласын,

Қызылбас деген халықтың

Көрейін-дағы шамасын –

деп, «Нұрадын» жырындағы батырдың халыққа қаратып айтқан сөзінің негізгі сарыны да осы мағыналас. Осы ұлгідегі арнаулар батырлық жырларда көптеп

кездеседі. Бұл тәсілдің жырдағы келешек орын алар оқиғаның, оның өтер мекені мен орнын, қатысатын кейіпкерлердің есімі мен санын, жалпы алғанда жыр сюжетіндегі келесі кезеңнің жалпы сұлбасын айқындауға тигізер септігі мол. Ноғайлы жырларындағы жаңа қоныс иеленіп, бөтен елді жаулап алу идеясынан гөрі атамекен туған жерді жат жүрттандыру мақсаты басты мұрат ретінде айтылады. Бұған Нұрадынның:

...Тапсырып аққа кетемін

Көп ноғайдың баласын –

деп ел-жүрттың бір аллаға аманаттауы дәлел.

Бұл айтылған арнау, үндеулердің барлығында қол жеткен табыстар мен жеңістерге шаттану емес, керісінше сол жетістіктерден айырылып қалу қаупінен сақтануға, өткеннің кемшілігінен сабак алуға шақыру басым.

Көне түркілік жазба ескерткіштердің тарихи маңызы әлі толық бағасын алды дей алмаймыз. Сондай-ақ бұл жазба жәдігерліктердің нақты хронологиялық деректерді қамтыған тарихи құжат деп кесіп айтуда да болмайды. Бұгінгі күні ең болмағанда сұлбасы айқындалған ежелгі дәуірдің кейбір тарихи оқиғаларының бұл жырларға мұлде кірмей қалғандығы белгілі. Әдеби қасиеті қанша басым деп қарастырғанмен, көнеден жеткен рухани мұралардан көркемдік құндылықтармен қатар тарихи деректер іздейтініміз анық. Өйткені сонау қадым замандарда туған бұл мұралардың иесі – ежелгі атабабаларымыздың тіршілік қалыбын, қунделікті өмірін, шаруашылық кәсібі мен өнерін танымай тұрып, олардың дүниетанымын, эстетикалық көзқарастары мен руханиятын білу еш мүмкін емес.

Мысалы, көне түркілердің бүкіл адамзат өркениетін таң қалдырған мемлекет құру, ел басқару, көрші елдермен байланыс орнату, шаруашылық жүргізу сияқты ережелері күні кешеге дейін тек түркі тілдес елдердеғана емес, әлемнің көптеген мемлекеттерінде қолданылып келген. Ежелгі бабаларымыздың әсіресе, ел басқару, билікті мұраға қалдыру ісіндегі ерекшеліктері назар аудараптық. Осыған байланысты өзгеше бір тарихи гипотезага баса назар аудару керек деп ойлаймыз. Орхон ескерткіштерін терең зерттеген Л.Н.Гумилев, С.Г.Кляшторный сынды ғалымдардың негізінен ескерткіштердің мәтініне, сондай-ақ көнеден жеткен қытай жазбаларына сүйене отырып жасаған ғылыми қорытындыларына қарағанда бірнеше тарихи шындық тасада қалғандығы байқалады. Бұл мәселеге ғалым Ә.Қоңыратбаев айрықша мән береді. Ол: «716 жылы Түрік қағанатында ойламаған жерден үлкен бүліншілік туып, Могилан мен Құлтегін Қапаған хан тұқымын түгел қырып жіберген. Билік аға баласы емес, іні балаларына көшеді. Бұл оқиға Орхон жазуларына түспеген. Жазуда Қапаған аты жоқ та, оның әкесінің есімі бар (Елтеріс). С.Г.Кляшторный мұның себебін ашпаған. Бірақ 690 жылы Түрік қағанатын қайта орнатқандар Могилан емес, Төбехан мен Қапаған деген пікірі дұрыс. Бұл тұстағы Қапаған хан әрекетін аса биік бағалау керек. Оған Кляшторный дұрыс тоқталған. Кісілік құған Могилан мен Құлтегін психологиясы қасында Қапаған ханның түркі тайпаларының бірлігін жасап, халықаралық саясат қолдануы ақылдылық болды. Елді жаугершілік жолмен

тойындыратын бағыттан ол бас тартады. Могилан мен Күлтегін болса жаугершілік саясатын түркі тайпаларының өз арасында да қолданып, елді тоздырып жібереді. Орхонның үшінші жазуында Тонықек: «Могиланды хан қойған мен едім. Бірақ өзі арық бұқа мен семіз бұқаны айыра алмаушы еді» десе, Л.Н.Гумилев Күлтегін рубака (баскесер) болды, ақылды білекке бағындырды дейді. Мұнысы кейінгі ноғайлы бірлігін жойған Едіге міnezіне ұқсас болды. Орхон жазуында Қапағанның әкесі Елтеріс пен анасы Елбике ұнамды пішінде көрсетілген. Күлтегін Ұмайдан аруақ иеленіп батыр болды делінгенімен, елдің қамын жеген Могилан емес, Қапаған болып шығады. Қазакта «Сұмырай хан» деген ертегі болса, мұнысы Могилан болуы да мүмкін. Орхон жазуында осы тұрғыдан жаңаша тұсінік беру қажет. Қапаған феодализмге бет бұрса, Могилан ұлыс саясатында қалғандай» [22, б. 42] – деп, бұрын-сондығы ғылыми айналымда болмаған пікір ұсынады. Ғалымның ноғайлышында Едіге биінің бұрынғы бабалар жолын ұстануының тарихи негіздерін ашып беруі, түркі қағандарының кейінгі әдебиет үлгілеріндегі өңі айналған кейіпкер түрінде келуін топшылауы негізсіз емес.

Тарихи жағдайлардың ешбір болжауға көнбейтін траекториямен шұғыл өзгеріп отыруы сол кезең қоғамының әлеуметтік, экономикалық танымын ғана емес, бүкіл рухани жан дүниесі мен эстетикалық әлеміне де орасан зор ықпал етті. Қоркемдік ойлау машиғы жан-жақты дамып, мындаған жылдарға созылған түркілік әдеби дәстүрі халқымыздың төл әдебиетінде де жалғасын тапты.

1.2 Поэзиялық туындылардағы көне түркілік ұстанымдар мен түрікшілдік мәселелер

Әдебиет тарихының көне бастауларынан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоркем мұраларды зерттеп, талдаудың ең озық тәсілі мен ғылыми ұстанымдарының бірі – әдеби жәдігерліктерді салыстыра қарастыру болып табылады. Ғылыми талдаудың бұл тәсілі түркі халықтарының бір бұтағы саналатын қазақ халқының адамзат дамуының әр кезеңіндегі қоғамдық-әлеуметтік және рухани жетістіктерін, оның әдеби мұраларын қоркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы тануға мол мүмкіндік берері сөзсіз. Мындаған жылдарды қамтитын әдебиет тарихын қоркемдік дәстүр түрғысынан қарастырап, зерттеу негізгі екі заңдылыққа бағынады. Бұл – біріншіден, қоғамның жалпы даму заңдылықтары болса, екіншіден, қоркем өнердің, яғни қоркем сөз өнерінің өзіне ғана тән ішкі даму заңдылықтары. Даму үрдісіне әсер ететін әр түрлі құбылыстар мен күштердің көптігіне қарамастан, әдебиет тарихын саралауда аталған заңдылықтарды басшылыққа алу объективті тұжырымдар жасауға қол жеткізеді.

Міне, осы тұста қоркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтарының маңызы ерекше арта түседі. Өйткені, бұл әдеби заңдылықтардың өзіндік ішкі ерекшеліктері әлгі сыртқы пішіндердің қалай болса солай, жөн-жосықсыз өзгеріп кетуіне ырық бермейді. «Демек, дәстүр дегеніміздің өзі бір ұрпақтан келесі ұрпаққа ұдайы ауысып отыратын, әрі сан ғасырлар бойы тарихи

тұрғыдан әбден қалыптасқан әлеуметтік, көркемдік нормалар мен ұстанымдар болып табылады. Әрбір халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі – осы дәстүрге байланысты болып келеді. Сол себепті көркемдік дәстүр жалғастығы тарихи жағынан әбден қалыптасқан нормалар мен ұстанымдарға негізделеді. Ал әрбір ұрпақ жасаған көркем туындалар рухани мұра ретінде келесі ұрпақтың еншісіне ауысып, жаңа қоғамдық жағдайға сәйкес өзінің мазмұны мен формасын жетілдіріп отырады» [22, б. 407].

Сонғы уақыттағы әдебиеттану ғылымында әдеби жәдігерлерден тарихи шындықты іздеу тәсілі ғылымдағы осы бір келенсіздіктің жолын кесу мақсатынан туды. Ғасырдан ғасырға ауызекі тарап жеткен жыраулар мен ақындар мұрасын зерттегендеге де осы бағытты ұстану тарихи әділеттілікті орнатуға септігін тигізегі сөзсіз. Қазақтың ескілігі мен әдебиет тарихын алғашқылардың бірі болып ғылыми негіздеген Шоқан Уәлиханов ауыз әдебиетінің нұсқаларына сүйене отырып халықтың көне тарихын, тұрмыс-салтын, көзқарасын, дүниетанымын зерттеген.

Әдеби мұраның тарихи маңызы туралы айта келіп, ол: «Егер Гомердің көркем жырлары мен жұрттың айтуымен Геродот жинаған аңыздардың аз да болса тарихи мәні бар десек, егерде өзгеріліп, мысал тәрізді боп кеткен аңыздардың негізінде оқиға, шындық жататын болса, қазақтың атабабаларының тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын әр жағынан қамтып, белгілі бір жүйеде суреттеген, сол елдің өткен кездегі өмірінің сәулесі болған аңыздарын алып, ол халықтың осы құнгі мінез-құлқымен және олар жөніндегі тарихи нұсқаларымен салыстырсақ, онда аңыздардың тарихи мәні болуының мүмкіндігіне құдіктенбеуіміз керек» [23, б. 236] – дейді.

Бұл пікірімен ол ауыз әдебиетінің мұрасы – әр халықтың өзіндік бай, даналық пікірі, сол халықтың рухани өмірін көрсететін көркем өнер нұсқасы деген бірден-бір дұрыс қорытындыға келген.

Әдебиеттанушы Ж.Тілеповтің әдеби туындылардағы тарихтың іздері туралы: «...бұл тұрғыдан келгенде осы ортада өмір сұрген, оның қуанышы мен сүйінішіне ең алдымен, өкінетін де, сүйінетін де, жыраулар мен ақындар шығармасында сөз болар оқиғалар мен тарихи мағлұматтардың қадір-қасиеті тіptен, ерекше. Бәлкім, халқының мерейі ұstem тұсын бұл адамдар көтеріп айтатын шығар, бақыты қайтқан кезеңін еңсесі түсіп отырып баяндайтын болар, бірақ, соған қарамастан осы мұралар өзіне айрықша назар аударуды керек етеді. Өйткені әр дәуір жыршысының өз заманының тарихи кескінін бейнелеуге әрекет еткен шығармасы, әрі белгілі бір ұлт әдебиетінің жасын межелеуге, әрі сол әдебиеттегі көтерілген мәселелерінің мән-мағынасын ашуға қызмет көрсетіп қана қоймай, сол халықтың ұлт ретінде қалыптасу, ержетіп, есею кезеңдеріне де куәлік етеді» [24, б. 6] – деген сөзінің ғылыми негізі салмақты.

Қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен өнер тарихын қазақ мемлекеттігі құрылған кезеңнен бастап қарастырған кездер де болған. Бұл жолдан әлі де болса тайғысы келмейтіндер де баршылық. Дегенмен, еліміздің тарихын арыдан қарастыруды жөн санайтын ғалымдардың дерек, дәйектерінің

басымдығы мен ғылыми маңызының жоғарылығы қазақ тарихының тым көнеде жатқандығын көрсетеді.

Қазақ тарихын жүздеген жылдарға терендеткен ғалым Тұрсынхан Зекенұлы қазақтың жоқ дегенде екі жарым мың жылдық тарихы бар деп санайды. Өйткені, бүгінгі Қазақстан жерінде екі жарым мың жылдан бұрынғы уақытта-ақ мемлекет болған еken. Ұлы дала тарихын зерттеген әр түрлі батыстық та, шығыстық та ғалымдардың деректері болған дәлел бола алады. Әрине, ол кезде қазақ халқы әлі қалыптаса қойған жоқ. «Бірақ, сол кездің өзінде біздің жерімізде мемлекет құру дәстүрі басталды. Неге десеніз, тарихшылар көне сақтардың мемлекетін, тіпті оны үлкен бір конфедерация түрінде, құлашын кеңге жайған үлкен мемлекет түрінде сипаттап жазады. Оның қол астына қаншама халықтар кірген. Территориялық ауқымы бүгінгі Қазақстан шегінен әлдеқайда кең болған. Міне, сол сақтардың мемлекеттілік дәстүрі біздің бүгінгі қазақ мемлекеттік дәстүріне негіз болғанын айтуымыз керек. Одан кейін де талай-талай елдер болды, біздің жерімізде түрлі этностар мен халықтар мемлекет құрды. Атап айтатын болсақ, көне Үйсіндердің мемлекеті құрылды. Көне түріктердің, Түркештердің мемлекеті, Қарлұқ мемлекеті, Қимақ мемлекеті, Қыпшақ мемлекеті және моңғол шапқыншылығы қарсаңында түрлі ірілі-ұсақ мемлекеттер болды. Бұл – тарихи процесс. Олай болудың жөні де бар. Өйткені басқа халықтардың тарихымен салыстырып қарайтын болсақ, олардың да мемлекеттік дәстүрі солай болған» [25].

Оз жазуы, еншілі әліпбі бар халық – биік мәдениетке қол жеткізген, өркениеттің жоғарғы сатыларына көтерілген ел болып саналады. «Күлтегін», «Тонықөк», «Білге қаған» сияқты көркем дүниелерді өздерінің төлтума жазуында жазып, сол заманды осы шығармалар атауымен егіз ататқан көне түркілердің асқақ мәдениеті емес пе?! Бұл – қазақ мемлекеттілігінің бастау, негізі болып табылатын түркілік кезең. Ұлы Түркі қағанаты кезеңі. Біздің қалыптасып, дамуымызға негіз болған, қалыпты дәстүр мен өмірлік дүниетанымыздың орнығына, руханиятымыздың бауына ықпал еткен көне түріктердің ресми мемлекет құрған заманы. Ол замандар туралы біршама тарихи деректер болғанмен, көп нәрсе бұлдыр, көп дүние бұлышып. Бірақ, бір нәрсе айқын. Ол – «...сол кездің өзінде оның мемлекеттік дәстүрі, мемлекеттік шекарасы, заңы, армиясы, бір сөзben айтқанда, мемлекеттік машинасы болған. Өйтпегенде ол мемлекетпен, көне Түркі қағанатымен батыстағы – Византия, шығыстағы – қытайдың Таң империясы, Сүй империясы санаспаған болар еді. Тибет мемлекеті, Корея, Жапония сияқты алғып мемлекеттер түркі қағанатымен санаспаған болар еді. Сондықтан, көне Түркі кезеңі, ол біздің қазақ мемлекеттілігінің ең бір даңқты кезеңі. Ол кезде біздің ата-бабаларымыз батыста – Иранға, шығыста – Хинган тауларына дейінгі кеңістікте мемлекет құрған» [25].

Көне түріктер біздің ғана емес, жалпы исі түркі халықтарының этникалық қайнары болып саналады. Сондықтан да, жоғарыда айтқанымыздай, мемлекетке тән барлық атрибуттарға ие болған осы көне түркілерді өзіміздің, бүгінгі қазақ халқының ата-бабасы деп санауга толық хақымыз бар.

Ғылымда «Орхон-Енисей» жазулары немесе жазба ескерткіштері деген атауға ие болған, ежелгі түркі тайпалық бірлестіктердің мекен, тұрақтарында көне түркілік сына (европада «руна») жазуымен тасқа қашалып жазылған бұл әдеби ескерткіштер адамзат мәдениетінің өсіп-өркендеу тарихындағы ең бір жарқын жетістіктер болып саналады. Көне түркіліктердің сөз өнерінде аса жоғарғы өреге жеткіндігінің айғағы осы ескілік жәдігерлердің ой тереңдігі мен мазмұн байлығынан және саф алтындағы таза көркемдік қасиеттерінен-ақ көрінеді деуге болады. Құлтегіндегі ержүрек қолбасының, Тонықөктей білікті мемлекет қайраткерінің құрметіне қойылған алып құлпытастарға қашалған жазулардағы сол заман өлшемімен алып қарағанда адам таңқаларлықтай қанатты сөздер, ұтқыр тіркестер мен көркем бейнелер қазақ халқының тілдік қолданысында бүгінгі күнге дейін мазмұн-қалпын сақтаған.

Біздің жыл санауымызың ҮІІ ғасырында әлемді тітіреткен түрік қағанаттары ыдырап, тарих сахнасынан аласталады. Тұтас түркі әлеміне жаңа дін, жаңа мәдениет – Араб, ислам мәдениеті ықпал ете бастайды. Қазіргі Қазақстан жері – Жетісу мен Сыр бойы өңірі түркі дүниесіндегі әдеби өмірдің орталығына айналады. Дала мәдениеті мен қала мәдениеті қатар дамып, өзіндік симбиоз немесе синтездік сипатқа ие түрде өркендейді. Дәл осы кезеңде бүкіл әлемге «екінші ұстаз» (Аристотельден кейінгі) деп танылған энциклопедист ғалым Әбунасыр әл-Фараби өсіп шықты.

Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеуде үлкен еңбек еткен жазушы-ғалым М.Мағаун: «Бұл дәуірде жасалған әдеби мұралардың дені өлкеде ешқашан толастамаған қырғын соғыстар кезінде жойылады, енді біразы уақыт шаңы астында із-түзсіз жоғалады. Ал біздің заманымызға жеткен үлгілердің ішіндегі ең көнесі, әрі көлемдісі – 1069 жылы жазылған атақты дидактикалық шығарма – «Құтадғу білік» – («Құтты білім»). ...Екінші бір елеулі ескерткіш – Түркістан қаласынан шыққан соғы ақын Қожа Ахмет Яссандың (1166 жылы өлген) «Диуани хикмат» («Дана уағыздар топтамасы») атты өлеңдер жинағы. Қыпшақ диалектісінде жазылған Яссандың өлеңдері өз кезінде сахарадағы көшпендерлер арасында кеңінен тарады» – дей келе, «Бұдан соңғы ғасырларда жасаған, қазақ әдебиеті тарихына белгілі мөлшерде қатысы бар ақын-жазушылардың ішінен Хакім-Ата (XII ғасыр) мен Фали (XIII ғасыр), Дүрбек пен Сейф Сарайи (XI ғасыр) есімдерін атауға болады. Махмұд Қашғари жазған түркі тілдерінің сөздігі «Диуани лұғат ат-түрік» (1074) және қыпшақ (құман) тілінің сөздігі «Кодекс куманикус» (1303) сияқты ескерткіштер де көне дәуірдегі қазақ поэзиясы, қазақ фольклоры туралы мол мағлұмат, құнды деректер береді» [26, 6.5-6] – деп, көне түркілік әдебиеттің келесі бір кезеңі – «Ислам дәуірі әдебиеті» туралы жазады.

Түркілік әдебиеттің бұл кезеңі туралы қазақ әдебиеттануының негізін салушы А.Байтұрсынұлы да: «Бұрын қазақтарда жоқ сөздердің түрлері шыға бастайды. Дін күшімен емес, тіл күшімен өзін тыңдайтын сөздер шыға бастайды. Бастанқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті қүшейту, көркейту болады. Сөйтіп жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: 1.

Діндар дәуір, 2. Ділмар дәуір. Діндар – діншіл деген мағынада, ділмар – тілшең деген мағынадағы сөздер» [27, б. 262-263] – деген құнды пікірін білдіреді.

Белгілі бір ұлттың туып, қалыптасуы мен мемлекеттілігінің пайда болуы екі басқа дүние. Қазақтың мемлекеттік дәстүрі ежелден-ақ болған екен. Ал, қазақ ұлттының қалыптасуын ХҮ ғасырдан бастап жүргеніміз белгілі. Сонда тұтас бір ұлт аяқ астынан қалай пайда болмақ? Сол себепті, бұл үрдісті қазақ ұлттының пайда болуы емес, ұлттың атының, яғни атауының біртұтастануы деп қарастыруымыз керек деп ойлаймын. Осы кезеңде ұлттымыз «қазақ» деген атпен тарих сахнасына шықты. Ал, қазақ ұлтын құрайтын тайпалар мен этностар бұған дейін де өмір сүріп, тіршілік еткені аян.

Қазақ халқының төл әдебиетінің қалыптасу тарихын жыраулар поэзиясынан бастап жүрміз. Алтын Орданың мұрагер жұрты бірнеше ірілі-ұсақ хандықтар құрып, өз алдына дербес саясат жүргізді. Белгілі территориялық шегі, жеке билік құрылымы мен әскері болғанмен де, түбі бір туыстас халықтардың рухани, мәдени құндылықтары әлі де болса айқын ұлттық сипат алмаған болатын. Оның үстіне көшпенді өмір салты сахараның рухани өмірінің өзіндік ерекшелікпен дамуына ықпал етпей тұрмады. Халықтың рухани өмірі мен танымында жетекші орынға ие болған поэзия барша түркі жұртының, оның ішінде қазақ әдебиетінің де бірнеше ғасыр бойы ең басты жанры қызметін атқарды.

Өз алдына дербес мемлекет болып, ұлттық идея қалыптастыра бастаған қазақ елінің әдебиеті орта жолдан жаңа, тың сорап тауып, ә дегеннен-ақ өресі кемел, көркемдігі келісті арнаға бет бұрды. «Қазақ атымен аталатын дербес әдебиеттің алғашқы өкілдері, өз кезінде бүкіл Дәшті-Қыпшаққа даңқы кеткен Асан Қайғы, Қодан тайшы, Қазтуған жыраулар мұрасын біз жаңаның басы ғана емес, көненің жалғасы деп те қарауға тиіспіз. Бұлардың біздің заманымызға жеткен шығармаларынан Әбілқайыр ұлысындағы бүліншілік, қазақтар көтеріле көшіп, тәуелсіз ту көтерген қылыш кезең көрінісі бедер тапқан. Сонымен қатар, халықтың өз кезіндегі елеулі тарихи оқиғаларға берген бағасы да танылғандай. Елге үйтқы, ер-азamatқа ақылгөй болған жыраулар қазақ поэзиясының болашақта ұмтылар бағыт-бағдарын, идеялық тұғыры мен көркемдік биігін де айқындаپ кетті» [26, б. 8].

Келешек әдебиеттің көркемдік даму бағытын айқындаپ, бедерлеп кеткен ақын-жыраулар кімді үлгі тұтты? Әдебиет зандылықтарын арнайы оқып-үйренбесе де, кімдердің мектебінен үйренді, қандай дәстүрлерді қолай көрді?

Әр дәуір әдебиетінің өзіне лайық үні бар, өзіне ғана тән күйі бар. Адамзат баласының атам заманнан бері ілгерілеп, өсу жолы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан үрдіс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүние, тіршілікті образ арқылы тану, оны көркем баяндау мен суреттеу өнері де үзіліссіз дамып, толассыз жаңарып келе жатқан құбылыс. Көркем әдебиет адамзаттың қоғамдық санаудың бір түрі ретінде қай заманда болмасын, сол дәуір адамдарының бір-біріне деген қарым-қатынасын, дүниетанымын, ойармандары мен өмірлік мұраттарын танытады. Әдебиет пен көркемөнердің әр түрлі тарихи кезеңдердегі дамуы – сол кезең әдебиетінің өзінен бұрынғы әдеби

улгі мен көркемдік қағидаларды жаңартуымен, кейде тіпті ескі канондарды түбегейлі өзгертуімен, сөйтіп өзінің дәуірлік суреткерлік функциясын заман талабына сай атқара білуімен іске асады деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиетінің көп ғасырлық ұзақ та, әрі өнімді өсіп, жетілу тарихына көз салсақ, осы үрдістің еш бұзылмай, үнемі жалғасып келгенін байқаймыз. Көнетуркілік жәдігерліктер мен орта ғасырдағы ортатүркілік әдебиет нұсқалары мен фольклор ұлттық әдебиеттің қалыптасуында негізгі фактор болды. Бірнеше ғасырлық мәдени даму үрдісі ұлттық поэтикалық дәстүрлердің негізін қалады, эстетикалық құндылықтардың маңызын, дүниетаным қағидаларын, сонымен бірге жалпы шығармашылықтың (ақындық, жыршылық, шешендердік) басты белгілерін айқындады. Сондықтан да, өз алдына мемлекеттілігін қалыптастырып, хандық құрған қазақ халқының рухани эстетикалық қеңістігінде басты қаһарман рөліне жыраулар шықты. Өйткені жырау ұлт болып қалыптасу, мемлекет құру, ішкі, сыртқы жаулармен құресу жолында тек идеологиялық көсем міндеттін ғана емес, сонымен бірге хан ақылшысы уәзір, қол бастаушы батыр қызметін де атқарды. Сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен қоғамдық құрылымдардың күрделілігі соншалық, жыраулық функция қоғамдық-әлеуметтік факторға ие болды. Түрлі көшпелі тайпалар мен рулық одақтар арасындағы күрделі қарым-қатынас жүйесіндегі жыраулардың рөлі олардың рухани-эстетикалық әрі саяси үрдістерді реттеушілік және ортақ арнаға бағыттаушылық қызметінен де көрінеді. Жыраулардың қазақ қоғамындағы ерекше қызметін көптеген ғалымдар атап өткен. Олардың халықтың рухани-эстетикалық әлемінде өзгеше феномен екендігіне өз еңбектерінде Ә.Марғұлан [28,б. 73], С.Мұқанов [29,б. 379], Х.Сүйіншәлиев [30,б. 7-8], Е.Ысмайловтар [31,б. 41] жан-жақты баға берген.

«Таким образом, жырау были не только певцами и сказителями, но и носителями религиозно-психологического сознания традиционного типа, они главные наследники и продолжатель древних, реликтовых стилей и принципов творчества. Так, например, архаистические стили горлового и челюстного пения, присущие древним тюркским и монгольским певцам и сказителям, помимо регионов Алтая, Монголии, Туркмении, были сохранены и в Казахстане преимущественно акынами-жырау – выходцами из Кызылординской области. С этой точки зрения акыны-жырау – посредники не только в сакральном аспекте, но и между прошлым и современностью, они авторитетные носители старой культуры в ее духовной и мировидческой целостности, чье сознание не подверглось эрозии под влиянием технической цивилизации» [18,б. 147]деген ғалым тұжырымы ғылыми негізсіз емес. Жыраулар ескілікті замандарда дала заңдарының білгірі ретінде қазының (соттың) қызметін атқарған. Ру аралық, тайпа аралық қарым-қатынастардың барлық қыр-сыры мен құпияларын жетік білетін жыраулар бұл міндеттерін өте шебер атқарған. Ақын-жыраулар дәстүрлі мәдениетті синкретті мазмұнда сақтаушылар ғана емес, олар патриархалдық моральдық-этикалық құндылықтарды белсенді насиҳаттаушылар, адамгершілік нормаларды қорғаушылар. Олар ескі заманның батырлары мен қолбасшыларының мінсіз

образын жасап, жырға қосушилар. Сонымен бірге олардың өз бойынан да ерекше қасиет, асқақ абырой менмұндалап тұрар еді де, кейінгі халық олар туралы әр түрлі аңыздар айтты.

Мұның бәрі жыраулардың ру-тайпа көсемдері, ұлы хандар мен сұлтандардың ықпалды кеңесшілері, өткір тілді шешен, сұрып салма импровизаторлар, халық даналығының, философиясы мен эстетикасының білгірі ретінде ұлттық этногенездің тарихи үрдісінің бастауында тұрған тұлғалар екендігін танытады. Түркі халықтарының тарихында ерекше орын алатын тұлға Корқыт ата болса, қазақ тарихында Асан Қайғы мен Бұхар жыраудың орны ерекше. Сөз ұстаған, ел бастаған жыраулардың ішінде Асан Қайғы мен Бұхар жыраудың халықтың мемлекеттік тәуелсіздігі жолында қазақ рулары мен тайпаларының бірігуіне тигізген ықпалы зор болды. Олар туған халқының келешегі мен тағдырындағы өз рөлдерінің тарихи маңызын түсінгендігі соншалық, саяси әрі шығармашылық қызметтерін түгелдей дерлік мемлекеттік істерге ғана жұмылдырған. Баяндыр ханының аяғында отырып, ел билігі мен мемлекет істерімен қоса адам қалыбы, жақсы, жаман мінез, ата мен бала қарым-қатынасы т.б. сияқты көптеген мәселелердің түйінін тарқатудың жолын көрсететін Корқыт атаның дидактикалық мазмұндағы сөз саптаулары жыраулар шығармаларынан да көрініс тапты. Пайғамбар замандасы Корқыт мәңгі өлмес мекен іздесе, Қазақ мемлекеттілігінің басында тұрған Асан Қайғы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған «Жерұйықты» іздеген. Екеуінің де көлігі, ұзақ жолдағы серігі желмен жарысқан Желмая.

Корқыт атаның заманы – түркі дүниесіне ислам дінінің толық болмаса да біртіндеп ене бастаған заман. Алайда, исламның түркілік салт-санамен кірігіп, синкреттілік сипат ала бастауы да осы кезеңмен тұспа-тұс. Корқыт ата жырындағы пайғамбарды дәріптеп, Аллаға сыйынумен қатар, көк тәніріне жалбарыну да жиі кездеседі. Жырда:

«Дәде Корқыт сөйлейді: Алла демейінше іс өнбес, қадір тәнірі демейінше ер байымас. ...тәқаппарлық еткенді тәнірі сүймес» [33,б. 3]. Немесе:

«...Ауыз ашып айтар болсам, аспандағы тәнірі көрікті. Тәнірінің досы, дін басы Мұхаммед көрікті... Жазылып, тізіліп көктен келген тәнірі ілімі – құран көрікті... Жұмла әлемнен жоғары тұрған баршадан бөлек Алла тәнірі көрікті. Өзгеден биік тұрған тәнірім медет берсін, хан ием. ...Қоңсы хақы тәнірі хақы деуші еді» [33,б. 4-5] деген тіркестер Корқыт атаның Баяндыр ханға қаратадайтқан сөзінде беріледі.

Ислам діні толық еніп, ел билеуші шонжарлар мен аксүйектер ғана емес қалың бұқара да ата дін деп таныған заманда Доспамбеттің:

Айнала бұлақ басы Тен,
Азаулының Стамбұлдан несі кем,
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет Ағаның
Хан ұлынан несі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Тәнірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем! [26,б. 32],

Шалқиіздің:

...Жалаңаш барып жауға ти,
Тәнірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дур! [26,б. 36],

немесе Би Темірге:

Еділден аққан сызышық
Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді –
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теніз етсе тәнірі етті;
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің,
Дәреженде артық етсе тәнірі етті!! –

дегені, сондай-ақ:

Жығылғанды түрғызсан,
Жылағанды уатсан,
Қисайғанды түзетсөң,
Тәнірінің үйі – бәйтолла,

Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты! [26,б. 41-42], –

деген жолдарда «Тәнірі» сөзі Алла, құдай сөздерінің орнына қолданылады.

Жыраулар шығармашылығының негізгі тақырыбы, басты лейтмотиві – тәуелсіз мемлекет құру, сол арманға жету жолында елдікті, батырлықты дәріптеу. Әдебиет тарихынан белгілі барлық ақын-жыраулар шығармаларындағы ел бірлігі мен консолидациялық үрдістің санадан туған фактор екендігін де ұмытпауымыз керек. Ұлттық бірлік пен ұйымшылдыққа, сондай-ақ руаралық дау-дамайлар мен келеңсіздіктерден құтылуға шақыру – жыраулар шығармашылығының өзегі болды. Бұл тақырып, оның идеялық негізі рулар мен жүздердің көп ғасырлық патриархалды туыстырының тереңге кеткен тамыры негізінде халық бол бірігу сезімін танытады, әрі дәуірден дәуірге жалғаса отырып, жыраулар шығармашылығында ұздіксіз дамығаны көрінеді. Әр ғасырда өмір сүрген жыраулардың поэзиясында бабалар армандаған ежелгі қоныс «Атамекен», «Жер-Су» басты тақырып, негізгі сарын бола отырып, әр дәуірде ерекше екпінмен, өзгеше күймен жырланады. Көшпендердің «Алтын ғасырының» символына баланады. Сондықтан да, ойшыл, дана жырау үшін көшпендердің алтын ғасыры келмеске кеткен өткен қүннің елесі. Өз дәуірінің көркем бейнесін тудырушы жыраудың поэтикалық түйсігінде бақытты мекен, тендессіз өлке – Жиделі-Байсын өткенде қалған, ал келер құнде үміт аз, көмекі сәуле, бұлыңғыр бейне. Жыраулардың толғау, термелеріндегі келешекке күмәнмен қарау, өткенді аңсау, бүгінгінің қолда барын қастерлеу идеясы өзін-өзі сактау, сыртқы күштерден қорғану, мемлекет, ұлт ретінде иммунитет қалыптастыру сезімінен туғанға ұқсайды. Көшпендердің жарты әлемді уысында ұстаған соңғы ұлы империясы Алтын Орданың күйрекенін өз көзімен

көрген жыраулардың көшпендерілер өркениетінің күні бітіп бара жатқанын көрегендікпен сезе білуі таңдандырады. Жыраулар поэзиясындағы үмітсіздік темпоралдылық ұлы империяның ыдырауымен келмеске кеткен көшпендерілер әлеміндегі тұтастықтың, эстетикалық мәдениеттің алып құрылышының көрінісі, селдір бейнесі сияқты болды. Асан Қайғының көшпендері дүниетанымының философиялық ережесі іспеттес:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер!?
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтіп күн көрер,
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер!? [26,б. 24], –

деген толғауының поэтикалық маңызы мен дәүірлік, ұлттық құндылығы астасып жатыр. Бұл толғауда үмітсіздіктің күйі шарасыздыққа тіреліп, жүрек сыздатар мұнмен астарланса, әйгілі «Бұл заманда не ғаріп?» толғауында ойшыл жырау:

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғаріп... [26,б. 25], –

деп, елдің, елдіктің темірқазығы, тіреуі болар ұстыны не екендігін айтады. Батыс елдеріндегі техникалық өркениеттің етек жайып, садақ пен қылышты бүйім көрмейтін жаңа қарумен жарактанған буржуазиялық мемлекеттердің Шығыс елдеріне бағытталған колониялдық экспансиясы әлі де көшпелі немесе жартылай көшпелі елдерде алдын ала үрей туғызып, бұл үрдіс қоғамдық-әлеуметтік резонанс қана туғызып қоймай, әдебиетте де кең көрініс тапты. Аудармашы, зерттеуші Қ.Жанабаевтың: «В поэзии поздних жырау очень сильны мотивы бренности бытия, темы разочарования, характерные для кризисной поры ломки родоплеменных отношений. Иногда эти горестные ламентации об идеальной жизни, а давно ушедших и теперь невозвратных прекрасных временах, о былом могуществе и единстве сменяются ожесточением и активной попыткой вернуть прежние времена и законы. Эта тоска по невозвратному прошлому пронизывает многие произведения жырау и акынов» [33,б.8], –деген пікірі замана шындығымен көмкерілген. Жыраулық поэзиядағы бұл құбылыс әсіресе Асан Қайғының толғауларында терең жырланды. Оның әз Жәнібек ханға қаратып айтқан:

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсін– деп басталатын арнау толғауы сол дәүірдің тарихи шындығын көрсетеді. Оның ел келешегін болжай отырып ханға:

...Тіл алсаң іздең қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің!<br/...Ай, Жәнібек, ойласан,

Қылышы, қылышы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма,
Мұны неге білмейсің!?
Қош-аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің! [26, б. 24], –

деген үзілді-кесілді сөзі ел қамын жеген дананың бүгінгі күннің қалыбынан, келер күннің райынан шошынған, ел билеген ханның қамсыз, қарекетсіз тірлігінен түңілген күйін танытады. Суда жүрген ақ шортаның көк тіреген қарағайдың басын шалуы астарлы мағынадағы түсініктен гөрі ежелгі діни аңыз, жер бетін топан су басқан Нұх пайғамбар заманынан елес бергендей. Осы бір жыр жолдарынан інжіл мен құрандағы мифтік оқиғамен Асан Қайғының семантикалық байланыстағы образы, ойшыл жыраудың дамыған мифтік поэтикалық ой-пікірі барын байқаймыз. Миғологемдер көркем метафора, болжал мен долбардың образдық құралының күрделі функционалды жүйесіне енген. Жырау бүгінгі күнін қызықтап, судың да сұрауы барын, дүниенің қызығы бүгінгі молшылық дәуренмен бітпейтінің ұмытып кеткен ханға ескертү жасай отырып, тіршіліктің жалғандығын дәлелдейтін халықтың терең архаикалық діни философиясының дәстүрлі тұжырымдар жүйесіне сүйенеді.

Күлтегіннің қазасына қайғырған байырғы бабалар:

...Өзім қайғырдым.
Тағдырды тәнірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі туған –

деп, тәніріге тәубе етеді де:

Қайғырғаным соншама, Көзге (ыстық) жас
келер,
Көңілге ауыр шер келер –

дейді. Ежелгі түркілердің қазаға қайғыра отырып, бес күн жалғанының қалыбына мойынсұнуы жыраулық толғауларда да жалғасады. Шалқиіз жыраудың «Қоғалы көлдер, ком сулар» деген толғауынан тіршіліктің мәнін, жарық дүниенің қадірін білудің қаншалықты ауыр екендігін, әрі өмірдің ымырасыз таластан тұратынын байқаймыз. Доспамбет жыраудың жарық дүниемен қоштасарда ел мен жерге, бала-шағасына айтқан:

Озушылар, озмаңыз,
Озсаңыз бізім бетке бармаңыз!
Бізім бетке барсаңыз,
Есақай, Қосай екі ұл
Алдыңызға жыр құшақтай, жылай шықса не айтарсыз?!

Оларға айтарыңыз сол болсын,
Жәмішіден қос айтып,
Жараға мамыз тосатып,
Келе жата дегейсіз.
Ол айтқанға тимемсе,
Бұрынғылар тұскен жүрі жол

Бұрылып соған түсті дегейсіз!... [27,6.34], – деген қоштасу сөзінде де осы сарын айқын көрініп түр.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық сипатын, көркемдігі мен образ жасалудағы әдіс-тәсілдерді тарихи-сауыстырмалы тұрғыдан зерттеушілердің пікірі әр түрлі. Мысалы, әдебиеттанушы И.Стеблева аталған ескерткіштердің барлығын поэзиялық шығармаға жатқызады. Оның бұл пікірін М.Жолдасбеков те қолдайды. Алайда олардың барлығына ортақ тұжырым – тасқа жазылған ескерткіштердің әдеби туынды екендігі. Көне түркілік жазба дастандарды тереңірек зерттеген әдебиетші Т.Еңсегенұлы осы мәселелерге жан-жақты тоқтала келіп: «Әрине, И.Стеблеваның жасаған ғылыми қорытындысы негізінен дұрыс, бірақ, Орхон бойындағы көне түркілердің биік қабырға тастанарға түсірген жазбаларының бәрін тұтасымен поэзиялық шығарма және мола басына қойылған жоқтау жыр дегенине қосылуға болмайды» [34,б. 65] – деген өзіндік пікірін келтіреді де: «Құлтегін жазба ескерткішіндегі жыр-дастандарда шығармаға көрік беретін көркемдік өрнектер молынан кездеседі. Ең бастысы мұнда шығарманың негізгі өзегі, орталық жалғыз қазығы болып табылатын, яғни шығарманың көркем дүние екенін айғақтап, бірден танытатын образдар бар. Образ екі мағынада қолданылады. Біріншіден, көркем шығармада образ адам болмысы арқылы жасалынады. Екіншіден, көркем шығармада образ бейнелеу құралдары: теңеу, эпитет, метафора, гипербола, психологиялық параллелизм тағы басқа көркемдік өрнектер арқылы қалыптасады, яғни бұл сөз образы. Құлтегін жазба ескерткішінде көркем образ жасаудың осы аталған екі түрі де бар.

Дәлел келтірейік, Құлтегін жазба ескерткішінің екінші жазба бөліміндегі он екінші ретпен орналасқан циклдан:

Экем қағанның әскери бөрідеги болыпты,

Жаулары қойдай болыпты, –

деген жыр жолдарын оқуға болады. Осында Білге қағанның әкесі Елтеріс қағанның жасақтаған әскерінің күш-қуаты мен айбынын ең мықты, жасқануды білмейтін, қарсыласын жайратпай тынбайтын бөрі бейнесі арқылы көз алдымызға айқын келтіреді. Ал дұшпан жақты бөріге қарсы тұра алмай, жемтігіне айналатын қойға теңеп көрсеткен. Осы арада Күлтегін жазба ескерткіші реалистік шығарма екені өзінен-өзі танылдып тұр» [34, б. 142] – деп, көне жырлардың тарихи маңызы мен көркемдік қуатына тоқталады.

Көне түркілік жырлардағы аты аталған адамдар, болған оқиғалар нақты уақытпен дәйектеліп, шыншыл деректерге негізделгендіктен тарихи маңызы аса жоғары екені сөзсіз. Есте жок ескі заманда өмір сүрген бабалар тарихын қалпына келтіруде бұл ескерткіштердің басты деректік рөл атқарғанын ілгеріде айтқанбыз. Сонымен бірге, көне түркі жәдігерліктерінде тарихи хроника аса дәлдікпен, келтірілген оқиғаларға тікелей қатысуышы автордың өз аузымен берілген. Ал, жыраулар поэзиясында осы тарихилық үрдіс сақталмаған, негізінен ел ішінде тараған аңыз берілген фольклор басым деген пікірге қосыла алмаймыз. Көшпендейтілерге тән берік жады мыңдаған жылдық дәстүрді толық болмаса да, ең керектілерін сақтай алған. Доспамбет жыраудың «Азау, Азау

дегенің, Әл-Ғұсман паша жүртү екен», «Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағадан», «Қарағайлы көдік бойында, Қамшым қалды ойында», «Алғаным Әли ағаның қызы еді, ...Қосақай, Қосай, Ер Досайдың анасы», «...Кет-Бұғадай билерден, Кеңес сұрап құн қайда», «...Ер Мамайдың алдында, Шанид кештім, өкінбен!» деген, Шалкиіз жыраудың «Арық хан! Мениң ием Темір іс етсе, ...Алтынды Бақшасарай, Қырымға, Әзізленген сұltан жаның шалт етер!...», «Тіленшіұлы Шалкиіз, Иесі би Темірдің тұсында, Бұлтқа жете жазды бұ мүйіз», «...Орманбет би өлген құн, Он сан ногай бұлғен құн», ХVІІI ғасырда өмір сүрген Тәтіқара ақынның «Қамыстың басы майда, тұбі сайды», «Кебеже қарын, кен құрсақ, Артық тұган Абылай» деген, немесе тағы да Абылайға қаратып айтқан:

...Кеше тұрымтайдай ұл еді-ау,
Тұркістанда тұр еді-ау,
Әбілмәмбет ағаңа
Қызметші жүрген ұл еді-ау,
Үйсін Төле билердің
Түйесін баққан теріс аяқ құл еді-ау!
Дәл жиырмаға келгенде

Ақсұңқар құстай тұледі... [26,б. 71], –

деп, тарихи тұлғаларды атап, оларға қатысты өмірлік деректерді нақты болған оқиғалармен байланыстыра отырып суреттеуі қазақ халқының ескі тарихын қалпына келтіруге сеп болғаны анық. Аталған ақын-жыраулар шығармаларындағы тарихи деректердің жиырмасынышы, жиырма бірінші ғасырларда Ресей мен Қытай сияқты мемлекеттерден табылған тарихи құжаттармен сәйкес келуі ұлт тарихын түгендегеуде бұл рухани қазынамыздың зор маңызға ие екендігін көрсетеді.

Көне түркі ескерткіштерінен бастау алып, батырлық жырларға ұласқан қазақтың қаһармандық поэзиясы ақын-жыраулар шығармашылығында одан сайын көркемдігі артып, тілдік қолданысы кеңейіп, образ сомдаудағы әдістәсілдер күрделене түсті. Көне ескерткіштердегі бір-бірінен туындалп, жалғасып жатқан оқиғалар циклы, батырлардың іс-әрекеті мен жорық амалдары нақты, әрі ықшам суреттелсө, ногайлы жырларында асыра суреттеу, гипербола көбірек алды. Ал, қазақ хандығы құрылып, дербес мемлекет ретінде өмір сүрген ХV-ХVІІI ғасырларда жасаған ақын-жыраулар шығармалары өзінің құрылышы, баяндау тәсілі жағынан көне түркілік әдеби ескерткіштердің қалыбын қайта алғанға ұқсайды. «Күлтегін» жырының сюжеті қатаң тәртіпке бағынып, хроникалық реттілікті сақтаған жүйеге құрылған. Зерттеуші ғалымдар реттік жүйені сақтау үшін таңбалаган әр цикл белгілі бір оқиғаның бас-аяғын, аяқталған ойды, атқарылған істі білдіреді. Т.Еңсегенұлы жырдың көркемдік ерекшеліктеріне тоқтала келіп: «Тағы бір ерекшелік, Күлтегін жазба ескерткішіндегі санмен белгіленген әрбір жыр бөлігі бір біткен, атқарылған істі, айтпақ болған келелі ойды білдіреді. Мысалға, Білге қағанның әкесі Елтерістің түркі қағандығын құруда әуелі әскер жасақтап, елді біріктіргенін екінші жазба бөлімнің он үшінші ретпен орналастырылған циклда:

Қол саны жеті жүз ерге жетті.
 Жасағы жеті жүз ер болғанда,
 Ол елдігінен айырылған халықты,
 Қағанынан айырылған халықты,
 Құл болған, күн болған халықты,
 Түркі болмысынан айырылған халықты,
 Менің ата-бабам орнатқан зандылық бойынша
 Оларды тәртіпке келтірді.
 Қалыптасқан міндеттерді орындауды талап етті.
 Ол Теліс, Тардұш бөлігі халықтарын
 Қайта қалыптастырды, –

деп баяндайды. Осы жыр бөлігінде Елтеріс қағанның әр жаққа, көрші елдерге бытырай тараң, күн, құл болған түркілердің басын қосып, жеті жүз ер азаматтардан жасақ құрып, сосын елдігінен, қағанынан, түркі болмысынан айырылып, күшті мемлекеттің езгісіне ұшыраған халықты жинап, оларды ежелден бекем қалыптасқан көне түркі дәстүрі, заңы бойынша тәртіпке келтіріп, алға қойған нақты міндеттерді орындауды талап етіп, нәтижесінде, түркілерді өз алдына ел еткені түгел баяндалған» – деп, жырдың сюжеттік, композициялық құрылымына тоқталады да «Бұл жыр бөлігі келелі оқиғаны түгел қамтыған, басы, аяғы, нәтижесі бар, мағынасы түсінікті, түркі қағандығын орнатудағы атқарылған жұмыстарды мәлімдеген маңызы зор шағын көлемді шығарма деуге болады. Демек, осы жазба бөлігі жеке тұрып Елтерістің түркі қағандығын қалай орнатқанын тұстастықта жария етіп тұр.

Сонымен, осы жыр бөлігі қосымша түсіндіруді мұлде қажет етпейді, толымды жасалынған жыр циклы. Құлтегін ескерткішіндегі әрбір жазба циклы осылай жасалынып, бір-бірімен ұзбей жалғасып, толымды жыр – эпопея болып қалыптасқан. Осы ерекшелік көне түркі руна жазба жырларының басым көбіне ортақ. Өмір шындығы арқау етілген шығарма мынадай шынайылығымен көрікті, құнды мұраға айналады» [34, б. 144-145] – дейді. Құлтегін жырының құрылсы мен баяндау тәсіліндегі осы ерекшелік жыраулық толғауларда, әсіресе арнауларда барынша кең өріс алады. Абылай ханның замандасы Үмбетей жыраудың «Бөгембай өліміне», «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» жырларындағы Бөгембай батыр мен Абылай хан образдары олардың өмір жолы мен ерекше қабілеттерін рет-ретімен баяндау тәсілі арқылы жасалады. Жырау Бөгембайдай батырды жоқтай отырып:

Ya, Алатаудай Ақшадан
 Асып тудың, Бөгембай!
 Болмашыдай анадан
 Болат тудың, Бөгембай!
 ...Құбыла көшкен байтақтың
 Ордасындей Бөгембай!
 Темір жұмсал, оқ атқан
 Қорғасындей Бөгембай!
 Көлтығы ала бұғының

Пәйкесіндей Бөгембай!
Жалаңқия жерлерден
Жазбай түсіп тұлқі алған
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгембай –

деп, батырдың ерекше жаратылысы мен болмысын айтады да:

Баян Аула, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозы Манрак, Қой Манрак,
Арасы толған көп қалмақ;
Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың!
Ақ Шәуліге қос тігіп
Ауыр қол жидырып алдырың;
Қалмаққа ойран салдырың,
Қабанбай мен Бөгембай
Арғын менен найманға
Қоныс қылып қалдырың! [26, б. 76] –

деп, Бөгембай батырдың тарихтағы ең басты ерлігін сөзге тиек етеді. Қол жинап, жасақ еткен, жауын ойран етіп, еліне қоныс тауып, басын біріктірген батырдың бейнесі көне түркілік жырдағы батыр-қағанның мың жылдан кейінгі қайта түлеген прообразының көшірмесі іспетті. Бұл шығармада бақылық болған батыр образы тікелей суреттелсе, «Бөгембай өлімін Абылай ханға естіртуінде» жырау Абылай ханның бейнесін сомдайды. Күлтегін жырындағы оқиға желісінің реттілігі, бас қаһарманның іс-әрекеті мен өмір деректері бірте-бірте дамып отыратыны, Үмбетей жырында Абылай ханның жас күнінен бастап тарихи тұлғаға айналғанға дейінгі өмірі, ханның өмірінде маңызды рөл ойнаған тарихи тұлғалар мен әйгілі оқиғалар санамалап берілетіні түркі поэзиясындағы әдеби дәстүрдің мыңдаған жылдар бойы негізгі жүйесінен ауытқымағанын көрсетеді.

Түркілік дүниетанымның асыл ұлғісі саналатын «Құтты білікте» араздық, жаулық, өшпендерлік туралы сан қырлы толғамдар бар. Мысалы:

Кім даңқты, асыл текті, жаны – нар:
Күллі жұрты жау боп талар, жабылар.

Жақсы адамның қарап тұрсаң, жауы көп,
Жаман – өлік, өліктердің жауы жоқ.

Қалың дүшпан кімге тиісіп, таласа –
Сол өнерлі, ер болғаны тамаша!

Ердің аты шығар жаумен тіресіп,

Жаусыз жанның аты естілмес, білесің! деген жыр жолдарыннақ өмірдің өзінен туған, шындық логикасымен жазылған толғаныс демеске лаж жоқ.

Түркі дүниесінің рухани асылына айналған ұлы туындыдағы осы толғаныстар араға бірнеше ғасыр салып жыраулар шығармашылығында қайта түлел, түрленді.

Шалқиіз жыраудың «Би Темірге айтқан» толғауындағы:

Аспанды бұлт құрсайды –
Күн жауарға ұқсайды,
Көлдерде қулар шулайды –
Көкшәуліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды,
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұнайып жылайды –
Күйбендескен көп жаман
Сөзі тигенге ұқсайды! – деген;

Ақтамберді жыраудың:

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма,
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма.
Білімді туған жақсыға
Залал қылмас мың қарға,
Жаман туған жігітке
Рахатты күн бар ма.
Өз мінін білген жігіттің

Тәлімінде мін бар ма – деген сөздері мен жоғарыдағы көнетүркілік толғамдардың айтар ойы, берер тәлімі айны mastай егіз. «Өткен дәуірді ескерсек, Күлтегін, Тонықөк ескерткіштеріндегі ескірмес, өршіл, өшпес, өнегелі көсем рух тарих тығырықтарында тұншығып қалмай, жыраулар поэзиясында буырқанып жанартаудай атылды, поэзиямыздың көркемдік тәжірибесін өлшеусіз молайтты, орта ғасырлардағы әлем поэзиясында таразыға тартып тексерер теңдесі жоқ қазынаға айналды, халықтың жігерін жанып, өмірге деген құштарлық отын жандырды, өзіне деген сенімі мен өзіне деген құрметін арттырды, әр адамның намысын оятып, қайратын еселеді, өз қадірі мен қасиетін білуге, байыптаап бағалауға құштарландырды, қаншама арпалыста күйресе де, қайта қайраттанып өршуге, өлмей-өшпей, өмір үшін құрес отын үнемі тұтата беретін, ең қуатты, тарихи маңызы орасан зор ұлттық әлеуетке айналды» [35, б.156].

Әдебиеттің халықтық сипаты, ұлттық құнары мен елдік ерекшелігі осындағы ұлы дәстүр, саналы салттардан жаралып, қалыптасады екен. Сонау есте жоқ ерте замандардағы Күлтегін, Тонықөктер мен Құтты біліктер сияқты

рухани құндылықтардан бал жинап, нәр алған түркілік көркем ойлау дәстүрі кейін келе қазақтай тұтас ұлт әдебиетінің рухани, естетикалық өзегіне айналды.

1.3 Қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындар: жаңа ізденіс үлгілері

Қай қоғамда болмасын әдебиеттің көтерер жүгі ауыр. Өйткені ол – қоғам айнасы. Ал кез келген қоғам әлеуметтің, яғни сол қоғамда өмір сұруші адамдар тобының мұдделері мен қажеттіліктерінің жиынтығын құрайды. Адамзаттық өркениет дамыған сайын мұdde мен қажеттіліктің материалдық сипаттан гөрі рухани көрініс тапқаны белгілі. Бір замандарда өмірінің мәні мен мағынасы азық тауып жеудің қамымен өлшенген адам баласы келе-келе тіршілікте одан да өзге қызық, жан жадыратар, көңіл көншітер азық барын пайымдады. Рухани азықтың дәмін татты. Таңдайына жағып, жүрегіне сәуле болып құйылған бұл нұрдың құдіретін танып, енді өзі де сол құбылысты жасап, түрлендіруші қабілетіне ие болды. Дүлей табиғаттың тылсым күшін басыбайлы мойындал, одан тек рахым күтуді ғана білген пендениң бойында қарсы тұру рухы пайда болды. Көз қарықтыра尔 Құнғе тіке қарап, ағыстарға қарсы жүзуден ләззат алуға болатынын, Тәңірінің алқауымен жердегі тіршілігін өз қалауынша сүре алатынын, табиғаттың құпиясын ашып, өзі тектес адам баласына құл болмай, тілекті тек жаратушыдан ғана тілеу керектігін андады.

Адам баласының бойындағы ерікке, бостандыққа деген ұмтылыс сезімі қашан, қайда пайда болғаны бір жаратушыға ғана аян. Алайда, біздің заманымызға дейін және біздің заманымыздан бері деп уақыт өлшемін енгізіп, бір кездердегі тайпалар мен тайпалық одақтардың, ұлттар мен ұлыстардың, одан кейінгі мемлекеттер мен алып империялардың тарихын жүйелеген жаңа заман іліміндегі басты тақырып – тәуелсіздік тақырыбы болды. Бұл тақырып әсіресе, ұлт әдебиетінде терең, әрі жан-жақты көтерілді. Себебі, тәуелсіздік ұғымы ұлт және мемлекет деген ұғымдармен астасып жатқан тарихи құбылыс дей аламыз. Саяси, философиялық термин ретінде ұлт пен мемлекеттің нақты анықтамасы бар. «Ұлт – қоғамды ұйымдастырудың анағұрлым кең тараған бірлігі. Негізінде XX-XXI ғасырлар ғаламдық деңгейдегі саяси ұйымдасудың негізгі бірлігі болып табылатын ұлттық мемлекетке сәйкес келуі керек. Ұлт мемлекетті қажетті занылышпен қамтамасыз етеді және тек ұлттық мемлекеттер халықаралық қатынастардың толыққанды субъектілері ретінде өмір сүре алады деген пікір қалыптасқан. Ұлттық емес мемлекеттер толыққанды болып есептелмейді. Олар не ұлттыққа айналуы керек, не өмір сұруін тоқтатуы керек», «Мемлекет – белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындастын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы...» [36]. Ал әдеби мәселе ретінде бұл ұғымдар Тәуелсіздік тақырыбымен тікелей байланысты.

«Адамзат баласы жаралғалы бері өзінің бас еркіндігі, елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай құресіп келеді. Қоғамдық санада орын алған құлдық қамытын үзіп шығуға ұмтылу, азаттықтың адам жанына, ақыл-санасына күш-жігер

беретін рухани құндылығын сезінуге талпыну үшін жасалған жаңқияр күрестерден біз тәуелсіздіктің тәтті дәмі мен оның құнды бағасын білеміз» - деген ғалым С.Ержановың пікірі: «Азаттық таңын аңсау мен оған жету жолындағы қоғамдық күрестер һәм олар туындарқан тарихи оқиғалар – бүгінгі егеменді еліміздің қара шаңырағының рухани үйгінің бір парасы болатын поэзиялық шығармалардың даму, қалыптасу, өрлеу жолдарына әсері бар ма және тәуелсіз ақындар шығармашылығына қандай өзгерістер мен ерекшеліктер алыш келді...» [37,б. 4] деген саялға, тәуелсіздіктің ұлттың рухани өміріндегі қайта жаңғыру құбылысы ретіндегі маңызын айқындау мақсатына ұласады.

Қазақ әдебиетінің жүздеген жылдарды қамтитын бай тарихының өне бойында тәуелсіздікті аңсаған рухты елдің асқақ арманы, жалынды жыры, отты сөздері бірде тасқа қашалған дастан, бірде ауыздан ауызға көшкен жыр, бірде ұрпақтан ұрпаққа қалған нақыл, толғау түрінде көрінеді. Қайсы бір кезең, қай дәуір, қандай заман болмасын оның өз жыршысы мен жаршысы болары сөзсіз. Академик С.Қасқабасов айтқандай: «...олар маңызды мемлекеттік мәселелермен қатарзаман мен қоғам, адам мен заман, тұлға мен тобыр, сондай-ақ имандылық, өмірдің өткіншілігі мен адамның опасыздығы, өлім мен өмір сияқты моральдық, этикалық, фәлсафалық проблемаларды көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлап отырады» [38,б. 64]. Ғалым айтқан суреткерге тән осы белгілер қазақ әдебиетінің әр кезең авторларына ортақ қасиеттер деуімізге болады. Өзі өмір сүріп отырган замана тынысын, өз дәуіріндегі жақсылық пен жамандықты, ақ пен қараны, достық пен дүшпандықты, мейірім мен қатігездікті шенdestіре талғап, адам мен қоғам, жаратылыс пен табиғаттың болмыстарын жан-жақты әрі терең тани отырып, оны бар шындығын аша жырлау тәуелсіздік кезең ақындарына да бұйырған бақыт. Сондай-ақ, бұл кезең суреткерлері кеңес дәуіріндегі алдыңғы толқын шығармашылық иелеріндегі айтар сөзін абайлап, астарлап, немесе мұлде айта алмау сияқты қорқыныш, үрейден құтылған еді. Тұтас қоғамда әлеуметтік сипат алған жариялыштық көркем әдебиеттің де еркін тыныстап, ашып айтып, жария жазуына ықпал етті. Шығармашылық әлеміне еркін ойлау құбылысы қайта оралды. Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ поэзиясының теориялық, көркемдік қырларын жан-жақты зерттеген әдебиеттанушы ғалым С.Ержанова: «Алдыңғы толқын ағалар өздерінің бұрынғы жариялыштық сипатындағы жарқын дауыстарын жалғастыра отырып, тәуелсіздік қуанышын қабылдаса, соңғы толқын інілер жаңалықтың жаршысы ретінде іліп алыш, жаңаша үлгідегі поэзиялық туындылар сыйлағанын көреміз» – деп, тәуелсіздіктің алғашқы уақытындағы әдеби өмірдегі, ұлттық поэзиядағы көркемдік бағыттар арнасын айқындаі келіп: «Кейбіреулері негізгі айқындауши стиль ретінде қалыптаса алмаса да поэзиялық шығармалардың даму барысында еркін ойлаудың шынымен-ақ шығармашылықта орын алғанын көруге болады: поэзиялық шығармаларда кеңестік дәуірдің соңғы жылдарында орын алған жариялыштық сипат жалғасын тапты; нәзік лириканы бойына сіңірген жыраулық дәстүрдің жаңғыруы көрінді; көне түркілердің сарынын жеткізетін түркішіл желі дүниеге келді; ұлттық

таннымын еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері әдебиет алаңына шықты.

Әрине аталған жіктеулер нақтылығының дәлдіктен алыстау болғанымен, жалпы алғанда тәуелсіздік жылдарындағы поэзияның сарапталу желілерін нақтылығын талдап көрсетпегенмен, олардың даму салаларын бағдарлауға мүмкіндік береді» [37, б. 23] деген қорытынды жасайды. Шындығында, ғалым саралаған әдеби кезең мен шығармашылық даму ерекшеліктерінің тәуелсіздік кезеңінде ғана пайда болып, жаңа сипатты ұлттық әдеби үрдістің дамуына алғышарт болғаны тарихи шындық. Тәуелсіздіктің қазақ ұлттының рухани әлеміндегі орасан зор маңызы бар құбылыс екендігі қазақ әдебиетінде, әсіресе поэзияда басты тақырып ретінде жырланып, ерекше шабыт тудырғандығынан көрінеді. Ол социалистік реализм әдебиетіндей бір жақты науқаншылыққа ұрынған жоқ. Рас, жалпылық сипат алғандығымен көркемдік жағынан талғап, таңдау ісінде қыындықтар болды. Үлкен де, кіші де, көсем де, шешен де бір соқпай кетпейтін тәуелсіздік тақырыбы әдеби құбылыс ретінде маңызы солғында маңызы тұрмақ, күн өткен сағын жаңа түр, өзгеше мазмұн тауып құлпыра түсті. Бұл бағытта әдебиетіміздің аға буын өкілдері Ә.Тәжібаев, Х.Ергали, Ғ.Қайырбеков, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Қ.Шаңғытбаев С.Иманасов, О.Асқар, А.Бақтыгереева, Ф.Оңғарсынова, М.Шаханов, Т.Медетбек, Н.Оразалин, К.Ахметова, Иран-Ғайып, И.Сапарбаев т.б. сынды ақындарымыз сабырлы да салиқалы жырларымен азаматтық лириканың үлгісін көрсетсе, азаттықтың ақ таңын армандай көрген Н.Айтұлы, С.Ақсұнқарұлы, Қ.Бегманов, Т.Әбдікәкімов, С.Нұржанов, Т.Медетбек, Ж.Әскербекқызысияқты орта және жас буын сөз зергерлері буырқанып, тасыған аса өршіл рухтағы жырларымен ұлттық поэзияның бітім-болмысына ерекше жаңалық енгізді.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары тәуелсіздік алған ширек ғасыр уақыттан бері ұлттық әдеби үрдіс түрлі ізденістерге иек арта отырып, өткеннің асылын талғап таңдай келе, өзіндік бағыт табуға ұмтылыстар жасады. Социалистік реализм шеңберіне әзер сыйып жүрген аға буын ақындарымыз шылбыр үзіп шығандамаса да рухани еркіндікте ғана туатын шынайы шығармашылыққа ден қойды. Ұлттың ұстыны болуға жарайтын кез келген құбылыс пен тұлға бейнесін жасауға деген құлшыныстан тарихи тақырыптың ауқымы кеңі түсті. Көзден кетіп көмескі тартқан көне заманың тарихи шындығын көркем жырға арқау ету дәстүрімен бүгінгі күннің ақиқат белгісін тануға талпынған суреткерлер тәуелсіздіктің ең алғашқы ұраншылары болды. Олар тәуелсіздік таңының нұр шапағын жан жүргегімен сезіне отырып, ел басына қонған бақтың баяндылығын, тұғырдың беріктігін, келер күннің сәулелі болуын бірде өршіл рухты асай жырмен жырласа, бірде неше алуан түстер палитрасына шомылған нәзік лиризммен берді. Өйткені: «Поэзия қай дәүірде де, қай заманда да адам көніл-күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында яки бір шумағында ел тағдырына қатысты қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты сөз бас құрайтыны содан» [39, б. 13] екені

белгілі. Адамзат баласы қадым замандарда-ақ мойындаған поэзияның құдіретті дауысы қазақ халқының тәуелсіз рухымен қашшалықты үйлесе алды?! Қалам ұстап, сөз айтқан ұлкен-кіші жаппай еркін елдің ерлігін жырлауға бет бүрғанда әдебиеттің көркемдік деңгейі қандай дәрежеде болды. Асқақ пафосқа құрылып, одалық сипаты басым арнау-алқаулар ұлттық поэзияны көркейтуге сеп бола алады ма?! Мұндай сауалдардың тууы занды. Себебі, бар тіршілік қарекеті алдын ала кесіліп-пішіліп қойған қоғамдық қалыптан не істеп, не қойсан да өзің билетін еркін өмірге бірден ауыса салу санаға салмақ болмай қоймайтыны белгілі. Айттар сөзін андатып, жүрер соқпағын сызып бергенге үйренген құлдық психологияның шектеулі шенберден шыға алмай, бұйығы да қамсыз тірлігін аңсаған сәттері болғаны да рас. Қаймана халық құнқөрістің қамын құйттеп кеткенде, ел сөзін ұстап, қоғам айнасы болуды мақсат тұтқан сөз зергерлерінің жапанды жалғыз қалғандай жол таппайabdирауы да уақыт шындығы.

Дегенмен тыңдан түрлен салып, соныдан жол іздеу талпынысы сол кезеңдегі ақындардың көвшілігінің кейінгі суреткерлік тұлғасын айқындағаны сөзсіз. Бұгінгі қазақ поэзиясының белді өкілі, ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы шығармашылық ізденісі қазақ поэзиясының тәуелсіз ел сөзін сөйлеуші мінбері функциясын қалай атқарғандығының да көрсеткіші бола алады. Оның жырларынан көркемдіктің әсем кестесімен үйлесім тапқан нәзік лирикамен қоса ұлт руханиятына субелі үлес болған терең танымдық табиғатты та тануға болады. Көркемдік бояуы қанық, образдары кесек ойлы, сөздері нақты әрі өткір келетін ақын жаңаша ойлаудың табалдырығын енді аттаған тәуелсіз әдебиетке екпіндей келіп, еңсөлі мінез танытты. Ақынның:

Сезетінді сезбейтіндей жылым іш,
Естімestей құр құлақ.
Басынамыз бірімізді біріміз,
Басымыздан ұрғылап.
Ұят құшқан үміт бар ма үкілі?
Сен де – таза, ол да – аппақ?...
Армандаған әнімізге түкіріп,
Азамызды ардақтап,
Әбігерміз.
(Келешегім кеше гөр!...)
Кеудемізді соғамыз!
Жыртып алып, жат астына төсеген –
Өзіміздің жағамыз!...
Бұл тірліктің нендей ғана заңы бар?...
Қалдыраш ма сезім із?
Жылап тұрып мұң шағамыз соңынан
Өзімізге өзіміз [40, б. 43] –

деген сөзі оның өз заманының шындығын жасырмай, ашып айтудан шыққан жан айқайы. «...Соңғы кездері әдебиетші қауым жиі сөз етіп жүрген

модернистік ойлау жүйесінің негізгі дәлелі болатын өлең. Бұл буында модернистік үлгі бар екенін Б.Майтанов та айтып өткен.

Негізінен алғанда модернизмді тәуелсіздік жылдарынан кейінгі әдебиет ағымынан табу үрдіске айналып барады. Себебі аталмыш ағым біздің әдеби арнамызды анықтауға мүмкіндік беріп, шығармашылық иесінің негізгі ойорамын тануға жол ашады» деген С.Ержанова ақынның осы өлеңін талдай отырып: «Жоғарыдағы өлеңінде ақынның жауыздық пен адамдықтың арасындағы өмір күресін суреттеуі көрінеді. Ақынның лирикалық мені өз атынан сөйлегенмен жалпыадамзаттық мәселені айтуға тырысады. Өлеңнің алғашқы екі тармағы жеке түрде басталғанымен алғашқы шумақтың соңғы екі жолы көп адамдардың қимыл-әрекетіне «бірін-бірі ұрғылауына» ұласады. Үміті үзілген лирикалық кейіпкер ме, жоқ әлде адамзат атаулы ма, ол жағы белгісіздеу. Ақынның суреттеу объектісіне қатыстылығы жағынан алғанда қоғамда орын алған бассыздыққа деген ақынның шошына қарағаны байқалады. Келесі шумақтан жоғарыдағы «ұрғылаудан» туындаған істің салдары көрініс тапқан. Қоғамдағы пенделік қарым-қатынас философиясының негізгі орамы жыртқыштық инстинктті оятатынын көрсетеді. Алайда кінәліні қайдан іздеміз, себебі «сен де – таза, ол да – аппак?...». Бұл жолда қоғамға тән психология бар – бәріне кінәліні алыстан іздеу.

Келесі шумақтың алғашқы тармағында ақын «келешегім кеше гөр!» деген сөзді айтады. Өзіне өзі айтады. Келешектің алдында күнәлі болған қоғам үшін кешірім сұраған ақынның азаматтық тұлғасы, өнердің қоғамды ізгілендіру мұраты айқын байқалады. Ол жолдардың жақшага алынуы да келешектің көрінбейтінін меңзесе, әрбір адамның өз ішінен өз істеген ісіне ертең жауап беретінін білдіріп кетеді. Бірақ оны ешкімге мойындағысы келмейді, жай ішінен күбірлеп айтады» [37, б. 27-28] деген тың байлам жасайды. Өмір шындығы. Көркем шындық. Ақын өлең соңында лирикалық кейіпкерді тобырдан бөліп алмай, керісінше қалың дүрмекке қосып жібереді. Қоғамның шын келбетін танытатын «кеудемсоқтық» пен «жаға жыртысудың» кез келген пенде баласына жат еместігін, саналы адамға оның соңы өкіну мен опыну ғана екенін автор созбақтамай қысқа баяндайды.

Бір ақын заман келбетін айқындаپ, жақсы-жаманды саралауға ұмтылса, енді бірі ұлттық дүниетаным сырларына үңіліп, өткеннің сұлбасын тапқысы келеді. Табигат-Ананың ыстық құшағына еніп, бүгінгі күнінің бұлдыры да болса өткен белгісі барын айтады. Қазақ поэзиясындағы романтизмді Мағжан дәстүрінде жалғастырудың озық үлгісін танытқан ақын Нұрлан Мәуkenұлының:

Бақалы көлге түскенмін,
Балдырылы суын ішкенмін.
Бойлауғын жұлғанмын,
Балығына ау құрғанмын.
Тарғыл бір тауга шыққанмын,
Тасының сырын ұққанмын.
Қынасын жиып жүргенмін,
Сары даланы кезгенмін,

Жаңғырық болып құлгемін.
Бекен боп белде безгенмін.
Ерменнің дәмін алғанмын,
Елжіреп жүрек қалғанмын [41,б.121] –

деген өлең жолдары қыыннан қыстырыған немесе ырғақ қуалаған сөздердің жадағай үйқасы емес, қайта оқырманды тұмса табиғаттың қойнауына сұғына еніп, ырыс-несібесін тамсана еміп, жүрек елжіретер күйге жетелейтін көркем сөз беру сезімнің үйлесімі. Туған даланың табиғат ерекшеліктерін соншалық сағынышпен суреттеген ақын бірде суға түсіп, балық ауласа, бірде тауға шығып, таспен сырласады. Сары даланы жаңғырта құліп, ерменді белдің бөкені кейпін сағынады. Дамыған заманың бір де бір белгісін араластырмай, еш қоспасыз көшпелі өмірдің бейнесін сөзбен де, сезіммен де суреттеген ақынның ішкі ойында өткенді сағыну, келмеске кеткен күндерді аңсау, өзін өзі іздеу аңсары жатқанын байқаймыз. Ежелде өткен Сыпыра мен Қазтуған жырауларша толғай жырлаған ақынның стилі мен идеясында көне түркілік әдебиеттегі романтизм жоққа тән. Әдеби дәстүрге адалдығы мен көркем ойлау үрдісіндегі сара жолды тап басып танитындығы ақынның өзіндік түр іздеудегі синкретті ойлау ерекшелігін танытса керек. «Дәстүр жалғастығы – әдебиет, соның ішінде поэзия үшін де, дамудың тамырдай магистральды арқауларының бірі» [42,б. 14].

Адамзат баласына тиесілі құндылық атаулының бір парасы уақыт талабына ілесе алмай көштен қалып жатса, енді бір парасы жаңаша түлеп, өзінше түр тауып құлпыра дамып отыратын зандылық бар. Қоғам дамыған сайын, сол қоғамның өмірлік мәнін айқындайтын құндылықтар да дамиды. Қоғамды түзіп, заманды жасайтын адам болғандықтан, бұл үрдістер тікелей адам санағы мен дүниетанымының өзгеріп, өсіп отыруымен байланысты. Ал, бұл үдерістің әдебиетке тікелей қатысы бар. Ол қоғамның аяқ алысынан ешуақытта қалып көрген емес. Керінше, кейде озық ойлы, дегдар суреткерлер танымынан туған көркем ойдың өз уақыт өлшемінен озып кететінін де білеміз. Әдебиеттің қоғамдық ой-санадан озық кетіп, алда келер болашақтың қалыбын айқындалап, сәуегей, көріпкел міндеттін атқаратыны да бар. Бұл суреткердің, яғни ақынның сана кеңістігінің ауқымдылығын көрсететін ерекше феномен десек те болады. Бұл – өткен заман мен бүгінгі күннің рухани әлемін жалғастыруышы, бұрынғы мен келешектің арасын нәзік сәуле арқылы жалғастыруышы функциясын атқаратын ерекше талайлы ақындар тағдыры. Яғни, уақыт пен үрпақтар арасындағы сабактастықты сақтаушы, жаратушының ерекше үйлесімдегі сұлу әлемінің желісінен қол үзбей, уақыт өткен сайын жаңаруға, түлеуге ұмтылу.

Осы айтып отырған жалпы үдерісті әдебиеттану ғылымында дәстүр мен жаңашылдық деп атайды. Әдеби дәстүр мен жаңашылдық мәселесі ұлттық әдебиеттандуда айтарлықтай дәрежеде зерттеліп, бұл бағыттағы жетістіктер әдебиет тарихы мәселелері мен әдеби поэтиканың жаңа қағидаттарын пайымдауда мол мүмкіндіктер берді. Көркем әдебиеттің бірде тасы өрге домалай дамып, бірде тоқыраған көптеген ғасырлық тарихын зерттеуші

әдебиетші ғалымдар дәстүр мен жаңашылдықтың әдеби дамудағы басты фактор екендігін жан-жақты тұжырымдады. Кез келген тарихи дәуірдің, заманың өзіне тән тарихи ерекшелігі болатыны секілді, белгілі бір кезенде өмір сүрген ақындардың өз дәуіріне, қоғамына сай өзіндік үні мен лирикалық, поэтикалық сазы болады. Яғни, шығармашылық субъектісі рухының зияткерлік туындылары тақырыптық, дүниетанымдық және идеялық жағынан өз уақытына сай, заманға лайық, сол қоғамдық үрдістердің талаптарына жауап береді. Міне, осы ерекшеліктері арқылы поэзияның құдіретті де киелі дауысы адамзат санасына өзінің барлық әсем сазын сініріп жатады.

Озіне дейінгінің асылын саралап, өзінде бар өзгешелігімен көмкеріп, уақыт өте келе мұлде жаңа тұр туғызу дарындарға тән құбылыс. «Алдына міндет қойып, үлкен идеяны нысана еткен ақынның таптауырын дәстүрді місе тұттайтындығын, дәстүршілдіктің арнасында қалып қоймайтындығын айтуға болар еді. Себебі жаңа мазмұн өзімен жаңа тұр ала келетіндігі мәлім. Ойдың жаңалығы көркемдік түрдің жаңалығын, оның құрамдас бөліктері ырғактық, үйқастық, өлең құрылымы, өлшем-өрнектерінің өзгешелігін дүниеге әкеледі» [43,б. 108]. Дәстүр мен жаңашылдық екі түрлі категория саналғанмен, олардың арасындағы байланыс өте берік, әрі желісі үзілмейтін тұтастық бар. Дәстүр мен жаңашылдық туралы ғылыми тұжырымдар дау-дамайсыз бір арнаға құйылады. «Дәстүр жалғастығы деп – тұтас идеялық-эстетикалық дәрежесінің көтеріліп, жанрлық, тақырыптық алқабының кеңеюін, шеберлігінің шындалуын айтамыз» [44,б. 9]. Дәстүр әрдайым жаңашылдыққа келіп тіреледі, жаңашылдық өзгеше формаға еніп, дәстүрдің қойнауынан шығады да, қайталай дәстүрге айналады» [44,б. 52], «Әр кезеңдегі жаңашыл қадамдар дәстүр сүрлеуін ұзарта түспек» [44, б.279]. Міне, дәстүр мен жаңашылдық туралы ғылыми пікірлер жүйесі осындай. Жалпы кез келген шығармашылық иесінің өзіне дейінгі қалыптасқан дәстүрге сүйенері белгілі. Ал дәстүрге сүйену дегеніміздің өзі бұрыннан қалыптасқан пішіндік, әдіс-тәсілдік ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңа идеялық-көркемдік мазмұнға қол жеткізу болмақ. Бұл бұлжымас ақиқат. Шығармашылық иесінің дәстүрге адалдығы мен жаңашылдық қасиетін бағалағанда да біздер оның сол бұрыннан бар қалыпты дәстүрді қаншалықты дәрежеде жаңғыртып, дамыта алғандығына назар аударамыз. Суреткердің шеберлігі мен дарыны көбіне көп өз стилі мен бағытын тапқанға дейінгі әдеби дәстүрге үстей алған жаңа мазмұн сонылығымен танылады. Таптаурын болған ескі сүрлеуден шыға алмай, көне дәстүрге өз тараپынан қосар зәредей жаңашылдығы жоқ жазарман ағайынның қалам күші мен көркемдік қуаты дарынсыздықпен ғана өлшенбек. Ұлттық әдебиетімізде терең қалыптасып, өзінің көркемдік-эстетикалық қызметін мұлтіксіз атқарып келе жатқан «жыраулық дәстүр», «Абай дәстүрі», «Мағжан дәстүрі» сияқты мектептердің маңызы да сол әдебиет дамуына тигізген әсері мен ықпалында жатыр.

Қазақ әдебиетіндегі түркілік сарынның зерттелу тарихын саралағанда діни-сопылық ағымның ықпалы, дидактикалық сарын, діндегі адамгершілік сарын тұрғысында көптеген тұжырымдар бар екені көрінді. Сондай-ақ бұл үрдісті

дәстүр және жаңашылдық аясында қарастырудың да озық тәжірибесі қалыптасты.

Көнедегі сақтар мен ғұндардың, ер түріктің дабыралы, даңқты күндерін жырлап, бүгінгі күнге тәубе етудің алғышарты ретінде ұсынған жырлар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы есендірекен азғана уақыттың орнын толтырар рухани азық қызметін атқарған сияқты. Қазақ лирикасын самғау көкке көтерген Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев сынды саяси тақырыптан аулағырақ қоныстанған жыр санлактары да осы кезеңнің тарихи келбетін бір сөз етпей кетпепті. Қадыр ақын «Қайсыбірін айтайын, қайсыбірін?!» деген толғауында уақыт шындығы мен замана келбетінен көрген суретке бар жан тәнімен қарсылық танытып, бұрынғы өткен Асан қайғының зарлы күйін кешеді. «Батысқа талғаусыз еліктеуден туған тіршіліктері сорақылықтарға ұлттық мұдде түрғысынан жаны ауырып, ашынудан ақын жаны бүрқақ бол атқылайды. Ойлы жырдың сандалкері уақыттың тұтіні түзелуден үміттене бастаған шақта да заманың тақсіретін алға тартып, Шортанбай, Мұраттардай күніренеді. Суреттегі өмір көріністерін өтірікке шығару қын еді.

Ақын тарихи ретроспекция тәсілін пайдалана отырып, ата-бабамыз қолдың күші, наизаның ұшымен бүгінгіге мирас еткен, диқанның тери, батырдың қаны сіңген асыл топырақ – туған жерді ашқөзденген сыртқы алпауыттардан сақтау үшін шырқырайды» [45, б. 10]. Рас, тәңірдің сыйындай бол көктен түскендей болған тәуелсіздіктің қадірі мен қасиетін, мәні мен мазмұнын барша қазақ бір кісідегі түсіне қалды дей алмаймыз. Тәуелсіздіктің тәтті үнімен бірге нарықтық қоғамның запырандай аңы дауысы да қатар шықты. Ел сен сокқандай күй кешті. Қолдағы бардың қадірі кете бастады. Ата-бабасынан бері естіп, көрмеген түрлі құбылыстар мен әрекеттер келіп, жаңа заман осы екен деген тұрлаусыз ойдың жетегінде кеткен тобырдың тірлігінен шошынған күндер туды. Еркіндікті есерлікпен алмастырған үлкен-кішінің қалыбынан алғаш түңілген де осы жаны нәзік лириктер болды.

Жайдары өмір неліктен жүгін жиды?
Даладай кең даналық ренжиді.
Оқтем-өктем сөйлейді өтірігін,
Кеменгерлік міңгірлеп,
Күмілжиді [46] – деген ақын өз ойын іркілместен ашықайтады.

Өз сөзінің ел құлағына жетеріне зәредей күмәні жоқ ақжүрек лирик келер үрпаққа тәуелсіздіктің алғашқы бедеріндегі қалың елдің күйінен айқын белгі қалдырығысы келгендей:

Жаңа заман тірлігі жаңа қызды,
Жаңа салтқа үйретті даламызды.
Іргесімен сенімді зәулім үйлер,
Тұрмесімен «сенімді» қала біздің [46] –

деп толғайды.

Ал нәзік жырымен барша жұртын әлдилеген, өзін қоршаған орта мен адамдардан тек қана адалдық пен сұлулықты ғана танитын Тұманбай ақынның уақыт шындығын көргенде жаны алас ұрып, жүргегі қарс айырылғанын:

Арақ па екен терегінің жапырағын солдырган,
Әйбат бала еді ғой ол арман қуған, жол қуған.
Қалай, қайтіп қасиетін осы байғұс жоғалтқан,
Тағдыр неге шаңқай түсте арманына оқ атқан.
Жастық, мастық деп жүргенде масайрап бір өзінше,

Аштық деген, шынымен-ақ, шалды ма екен балақтан [47] –
деген әрі мұнды, әрі зарлы сөзімен жеткізеді. Бір қарағанда қоғамның
күнделікті тіршілігінде еш елеусіз өтіп жатқан көрініс сияқты болғанымен,
жаңа ғасыр басталар тұста өмірдегі орнын жоғалтып, немесе басындағы
бақытын тепкен осындай бір бейшара кейіпті жастардың көше-көшениң
бұлтарыс-қалтарысын көптеп жайлап кеткені көз алдымызда. Еңбек сауып, адал
ас ішудің орнына, сауыс-сауыс боп көшеде қайыр тілеп, одан түскен аз ғана
тиынға харам су алып ішкен азған адамның кейіпінен жиіркенішті не болмақ. Ел
тағдыры кімнің қолына түспек. Ертеңгі күннің қамын кім ойламақ?! Осы бір
мұң мен құйzelіс, реніш сезімі бар ақынның шығармашылығын жайлап алды
дей алмаймыз, әрине. Дегенмен, халық сөзін сөйлеуші қоғамның айнасы
қызметін әлі де болса азаматтық адалдықпен сезінетін аға ұрпақ суреткерлерді
аз ойландырмаған тақырып болды дей аламыз.

Ел тәуелсіздігінің баянды байсал тауып, ел іргесін жинап, етегін жабуға
кіріскең жаңа ғасырдың алғашқы онжылдықтарында әдебиеттегі негізгі
тақырыптардың да ауқымы кеңейіп, бір ұлт деңгейінен асып жалпыадамзаттық,
тіпті ғаламдық мәселелер де тілге тиек бола бастады. Алайда, қанша дәрежеде
ғаламдық мәселе дегенімізben, оның барлығы қазақ елінің мұдде, мұраты
аясындағы ойларға келіп тоқайласты. Солай болуы занды да еді. Өйткені:
«Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясын толғандырган ең келелі мәселелердің
бірі ұлт тарихы мен болашағы екені дау тудырмайды. Бұл тақырыпты арнағы
жырлау шарт емес еді. Бәрі түсінікті сияқты жағдайда нәшине келтіріп айтам
деп жадағай қалыптан шыға алмай қалу қаупі әрдайым жойылмайды. Біз кім не
туралы жазса да өлең болмысынан ұлттық рухтың қашанда сезіліп тұруына
мегзейміз.

Соңғы жиырма жылдағы қазақ әдебиеті тәуелсіздік ауасымен
тыныстағандықтан әрбір ақын, жазушы шығармашылығында ой бедерлеу, сезім
ұштау түрлерінде бұрынғы уақытпен салыстыра алмастай өзгеше еркіндік қанат
жайғаны анық. Бұл ұлттық сана мен рухтың ертеректегі жасырын ұясынан
шығып, бой жазып, нағыз харекеттік құш-қуатқа ие болуы» [45, б. 16] деген
әдебиеттанушы Б.Майтановтың пікірі сол уақыт кезеңіндегі поэзиядағы ұлттық
рухтың сананы оятудағы маңызын ашып көрсетеді.

Қазіргі кезеңдегі поэзияның тақырып шенберін, авторлық идея мен
көркемдік шешімдердің ерекшеліктерін саралау нәтижесі ұлттық поэзияның
бүгінгі үрдісін айқындауға мүмкіндік береді. Бұл үрдістің тұтас табиғатын
пайымдау жан-жақты, әрі терең талдау жасауды қажет етеді. Дегенмен де, біз өз
тарапымыздан қарастырган авторлар шығармашылығындағы ұлттық идеяның
көрінісін тарихи кезеңдер аясында зерделеуді жөн көрдік. Жоғарыда
айтқанымыздай тәуелсіздіктің баяндылығына көзі жетіп, өз сөздерінің ұлт

руханиятын дәріптеуде әлі де болса салмағы кемімегенін байыптаған сөз зергерлері түрлі көркемдік әдіс-тәсілдер қолдана отырып, уақыт пен әлеуметтік, тарихи кеңістіктегі тарихи шындық пен көркемдік шындықты шенdestіре жырлауға ат басын бұрды. Мысалы, өзіндік стилімен ерекшеленетін ақын С.Иманасов өзінің «Қазақ» деген өлеңінде:

Қазақ дейтін халық бар піл еңселі,
Кілең батыр шетінен, кілең сері, –
Қарсы келіп қалғанда қас жауынның
Қалтырайды қарадай тілерсегі.

Оны барып отыз қол түменді алған,
Болғандары баһадүр, кілең бағлан.
Үні жеткен жерлерге үкім айтып,
Жүріп өткен жерлерде...
Бір ел қалған! [48,б. 11] –

деп, жеке қаһарманды дәріптеу дәстүрін ұстанады. Бұл – түркі әдебиетінде ежелден қалыптасқан дәстүр. Басты поэтикалық нысаннның ерекше тұлғасы асыра дәріптеліп, кейде тіпті қысынның ауылынан аулақ кетсе де, табиғи бейнелілігін бір сәтке де жоғалтпайтын көне дәстүр. Әйтпесе, қазақ халқы тап бір өлеңдегідей ерекше фантастикалық қасиет дарыған ертегінің өкілі емес екені оқырманға бәсенеден белгілі. Шығармада нақты уақыт айтылмайды. Бірақ, тарихи тұспал, уақыт кеңістігі әр сөзден, әр тіркестен сезіліп тұр. Қазақтың ерекше қасиеті де солардың астарында үндесіп келеді. Автордың өз еркінен тыс уақыт керуенінің сонау бағзы замандарына, сақтар мен ғұндардың, көне түріктердің ұлы даланы дұбірлетіп атой салған дәуірлеріне қарай аяқ басасың. Ұлттың ұстынын танытатын асыл қасиеттердің қалыптасып, өзіндік тұр табуының уақтылы еншісін айғақтайсың. Бұның барлығынан ең артық ерекшелік, бұл өлеңде басынан талай зобалаңды өткеріп, еңсесін әлі тіктеј алмай тұрған жұртты қайрау, өзін өзі жану, кісілігі мен ірілігін жырлаудың көнеден келе жатқан эпикалық дәстүрі көрініс тапқан дей аламыз. Автордың мадақтау мен сынау тәсілін қатар қолдана отырып тұған халқының өзіне тән мінез ерекшелігі мен қадір-қасиетін саралауы – өткен замандағы келмеске кеткен күндерді сарғая сағыну сезімінен де хабар береді.

Шығармашылық жолының бір иінінде элегиялық сарынға шым батып, күйреп тұспесе де, күйзелгенін танытатын, енді бір иінінде жолайырықта сүрлеу таппай адасқаққа ұрынғандай жадау күй кешіп, езілетін, енді бірде атабабаның асыл тегіне иек артып, арқаланып, күші тасып, ерекше бір тылсым қуатқа ие болғандай жырлайтын ақын – Жанат Әскербекқызы. Ақын шығармаларымен жақын таныс оқырман оның көк түріктердің дүниетанымы мен ойлау ерекшелігін, тұрмыс-салты мен тіршілік-қарекетін әбден зерттеп, зерделеп алғандай сезімде болары сөзсіз. Өйткені, оның жырларындағы көк түріктердің бейнесі көз алдында меммұндалап, өздерінің тіршілік, ойлау әлеміне еріксіз тартып әкетеді. Ақын:

Көктүркінің ұланы неге болмадым,

Бөрілі туды көтеріп,
Бөрідей жауға тиетін
Шығышығы торғай көз сауыт киетін.

Көк бөрі болып ұраным,
Көк көлді көктей өтер ем
Асау көк болып пырағым,
Балқан-тауға да жетер ем,
Төсегінен түңілген
Адам жүрер жерлерге
Көк байрақ тігіп кетер ем...
Көктүркінің аруы болып тумадым,
Ұмай – анаға сыйынып,
Ерлерге сәлем қылар ем
Басымды жерге жеткізе иіліп,
қажет те болса
қолыма садақ алмас па ем,
жауатын бұлттай түйіліп [49,б. 45] –

деп, бабалар заманын аңсай отырып асыл арманын айтады. Көктүркінің арда ұланы болып жауға бөріше тиетін, тым болмаса сол көктүріктің аруы болып туып, асқақ ерлерді ардақтап, қажет болса садақ алып жауға да шабар едім дейтін өлеңнің екінші бөлігінде ой қисынын сабақтай келіп басқа арнаға түседі де:

Көк байрақ қылып көтерер едім арымды,
«Көк бөрі тегім қолда» деп,
камалмас едім
қайраттан ада сорға көп,
...Көк түсті дәуір сағым бол кеткен, қайтейін,
Күніреніп тұрмын
көк бөрінің қаңқасы қалған орға кеп.
Күніреніп атар Шығыстан,
көк бөрідейін таң ұлып,
киесі болып ұғысқан
адамнан көрді-ау қатыгездік пен тағылық...
Көңілім қалды...
көне ғасырға аттанам,
Көгілдір шәйі жамылып... [49,б. 46] –

деп, бүгінгі тірлікten баз кешіп, өткен күннің елесінен бақыт іздейді. Жанат Эскербекқызының осы өлеңнің табиғатын тануда лирикадағы хронотоп (Б.Майтанов «мекеншак» деп алады) мәселесі бой көтереді. Б.Майтановтың: «Лиризм – ақынның күнде айтыла бермейтін ішкі мұнцын ашық талқыға ұсынуында. Драматизм осы тілек, көңілдің расымен де жүзеге асу мүмкіндігінің ақиқаттығы немесе сол сезімдік концептінің яки жорамал, яки шын, яки жорта күрделенуімен тамырлас. Адресат бұған әдеби ойын ретінде

қарайды. Өйткені ақын өзінің материалдық мекеншағынан жылжымаған. Ал онейрикалық мекеншақ алыс қияндарға көшіп кетуге ынтызар субъектіні бедерлейді» [50,б. 288] деген ғылыми тұжырымына сүйенсек, автордың уақыт пен кеңістік аражігін нақты ажырата отырып, бүгінгінің ақиқат-шындығын өткеннің «болған-елесіне» айырбастағысы келетіні нақты айқындалады. Қазақ әдебиеттануында әлі де болса «мекеншақтық» ұғымнан «хронотоп» terminінде көбірек қолданылып жүрген бұл эстетикалық құбылысты алғаш психологияда А.А.Ухтомский енгізген де, әдебиеттанудағы өміршендігі М.М.Бахтиннің еңбектерінің арқасында іске асқан [51]. Уақыт пен мекен мәселесінің көркем шығармадағы маңызы автордың өзіндік «мені» мен лирикалық қаһарманның талап-тілегін айқындауда да көрінеді. Ал, онейрикалық хронотопқа келсек, ол: «...пространство сновидений, мечтаний, миражей, галлюцинированных картин, вызванных воображением или особым состоянием героя» [52,с. 376] – деген анықтамамен түсіндіріледі. Яғни, әдеби қаһарманның уақыт пен кеңістік аясындағы әрекетінің оның санасындағы белгілі бір өзгерістердің болуымен байланысы бар деген сөз. Онейрикалық хронотоптың бірнеше түрлері бар. Мысалы, тұс көру, сағымға ілесу, армандау, көзге көріну немесе елестеу сияқты. Жанат Әскербекқызының лирикалық кейіпкері психологиялық ерекшеліктерімен көрінбей-ақ, арман жетегімен басқа уақытқа кеткісі келеді. Мүмкін армандаған ісі сол жақта іске асар.

Сонымен бірге бұл шығармада «бөрі» символы толық көрініс тапқан. Ежелгі түркілер қоғамының танымынан терең орын алған «бөрі» тотемінің қазақ әдебиетінің барлық тарихи кезеңдерінде белгі беруінің өзі көп нәрсені ұқтырығандай. Біріншіден, «бөрі», «көк бөрі» өздерін түркі жұртына жатқызатын барлық халықтар мен этностардың «тұп атасы». Екіншіден, «бөрі» ерліктің, өрліктің символы болса, ұшіншіден, түркілік бірліктің айқын белгісі. Арқалы ақын Сүйінбайдың:

Бөрілі байрақ астында –
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен!

...Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым [53,б.35] –

деп жырлауының тарихи негізі осында жатыр. Қазақ ұғымындағы «көк бөрі» этонимінің пайда болуы туралы әдебиеттанушы ғалым Б.Қанарбаева: «...Оның тұпкі негізі жоғарыда айтқанымыздай көк тәңірінің көк бөрінің ішін жарып шығуынан ортақ атауға ие болған. Оның көк түріктермен байланыстыра

айтылатыны сол. Ал көне түріктердің өздерін неге «көк түрік» атағандары тәнірегінде В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, В.Банг, А.Н.Бернштам, неміс ғалымы А.Фон Габен сынды ғалымдар пікір айтып, оны көк сөзімен байланыстырады. Олардың бірі оны «көк» сөзінің түр-түстік мағынасына сәйкестендірсе, енді бірі аспанның өзіне, көк тәніріне қатысты «небесные тюрки», кейде этностар бірлігінің ерекшелігі мен тектілігіне, таза қандылығымен де байланыстырады. Енді біреулер «көк түрік этнонимі» еркін, ешкімге бағынбайтын түріктер десе, Ф.С.Фасеев көк сөзін «көк орай шалғын», «көк майса жайылым» деген ұғымнан шыққан дейді. Ал қайсы бірі «көк» сөзін бағыт-бағдар мағынасында қолданса, біреулері Түркі қағанатындағы тайпалардың жиынтығы деген пікірлер айтады» [54,б. 41] – дейді. Археологтардың қазба жұмыстары нәтижесінде тапқан деректері бойынша да көне ата-бабаларымыз жанды мақлұқат атаулыдан тек бөріні ғана жоғары санағаны дәлелденді. Түрік мемлекеттері тарих сахнасынан кеткеннен кейін бөрілі байрақ өз алдына дербес мемлекет құрып тұрган Түркия мемлекетінде ғана болған еken. Оның өзі кейінірек ислам дінінің ықпалымен бұл атрибуттан айырылып тынған. Осыдан келіп «бөрі» тотемінің мәні арта түсті. Өйткені, көк бөрілік ұғым күшін жойды. Ежелгі түркілердің бас біріктіру, ұжымдық психологиясы мен идеологиясын танытатын ежелгі ұғым тарих санағында ғана қала берді. Нелер қын-қыстау кездерде бас біріктірудің ең озық үлгісін көк бөрілерден алған көне түркілік идеяның да астары осында жатыр еді. Ж.Әскербекқызының көне түркі әлемі циклымен жазылған поэмасының:

Бастыны жүгіндірдік,
Тізеліні шөктірдік.
Тонғанды жылындырық,
Өштіні – жоқ қылдық.

О, түрік-сір жұрты!
Басымнан бақ тайды ма,
...Әртегеді өзек,
Жақынным жаттай мына,
Ажал тұр оғын желкеме кезеп.

Күніреніп, назаланды ма,
Төбемде Көк Тәнірі,
Құтқарап азадан мына

Құдіреттің жоқ па әмірі... [55,б. 193] – деп басталуында да символдық астар жатқандай. Туындының алғашқы жолдарынан-ақ ақынның көне түркілер сарынының сара соқпағынан айнымағаны танылады. Іргелі поэмалың «Бұрынғы әуен» деп аталатын бөлімі «Білге қағаның бақұлдасуы», «Күлтегіннің қаһары», «Тонықөктің толғауы», «Йоллығ-тегіннің аманаты» атты тараулардан тұрады. Білге қағаның ішкі жан толғанысын танытатын монолог тәсілімен жырланған «бақұлдасуда» автор көне түркілік заманның сөйлеу, ойлау стилінен хабар беретіндей өзгеше сарын желісін сақтаған. Шығармадағы

ырғақтық, құрылымдық ерекшеліктер де сақталған. Сөз қайталаулардың өзінен де ақынның қалыпты сарынды сақтап, ауытқымауға ұмтылғанын байқаймыз. Эпикалық дәстүр үлгісінде асқақтықты тамсана сауал қою арқылы дәріптеиді.

Көк түркілердің
Дәуірі қандай,
Даңқын, айбарын,
Тау ұғынардай.
Кетеуі кетіп,
Мұжілер ме екен,
Мен ішкен удан,
Сауығып алмай.

Көк түркілердің
Арыны қандай,
Үнінде құдірет
Сарыны бардай,
Есінен танып,
Егілер ме екен,
Сұрқия дүшпан
Ұсынған зәрдің
Сарқыншағынан
Арылып алмай [55,б. 194-195].

Ақынның көркемдік ізденистерінің бірі поэмалық құрылымындағы жыраулық поэзияның элементтерінің өте сәтті қолданылуы. Жыраулық әдебиеттің дәстүрі бойынша ағыл-тегіл екпінді сөз шумақтарын төгіп-төгіп, нақылдан кетеді. Ақын сарынды шумақтық қайырымдарға түсіре білген. Сол арқылы сарынға лирикалық саз қосуға деген ұмтылышын да көреміз.

Төбеңе тұтқан
Білгең едім ғой,
Қағанатыммен
Іргелі едім ғой,
Қолынды бастап,
Жолынды бастап
Жүрген едім ғой,
Жұртым!

Алтай асуын
Асқанмын талай,
Ертіс кешуін
Кешкенмін талай,
Ажалдан мынау
Жасқандым қалай,
Өмірден мынау
Сескендім қалай [55,б. 193].

Елім-жұрттың деген перзенттің, халық мұддесін қорғаған қағанның жан тебіренісі көрінетін шығарманың құндылығы қашанда жоғары. Қаһарлы қағанның дүниенің өткіншілігін сезініп, жалғаның опасыздығын мойындап жатқан шағы. Өз дәуренің өткеніне қиналмайды, артында қалар ел-жұрттың амандығын тілейді. «Жалпы көне түркілер жырларында – Құлтегіннің үлкен және кіші жазуларында, Тонықек жырында қағанның алатын орыны ерекше аталып көрсетіледі. Қаған Тәңірінің мейірі түсіп, күллі жұрт төбесіне көтерген адам. Оған халықтың құрметі де ерекше болуға тиіс. Ел, халық тағдыры білікті қағанның қолында. Құлтегін жырында айтылатын Білге қағанның мына сөздері арқылы оның ел үшін сіңірген еңбегін көруге болады:

Түркі халқы үшін,
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Інім Құлтегінмен бірге
Екі шадпен бірге
Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым» [56, б. 46-47].

Көне түркі жазба жырларында авторлық баяндау тәсілі қолданылған. Ал ақын шығармаларында кейіпкерлер сөйлейді. Білге, Тонықек, Құлтегін өз ауыздарымен толғанып, өз сөздерімен күйін шертеді. Ақын жырлардың көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, көркемдік қуаты зор шығарма тудыра білген. Поэманың сөз қолданысында көне жазбаларда берілген кейбір тіркестерді де ұтымды пайдаланған.

«Құлтегіннің қаһары» бөлімінде жырланатын батырдың ерлігіне назар салсақ, жырдағы аттардың, жерлердің атаулары да толық сақталған. Бұл бөлімнің жазылуында аздаған ерекшеліктер бар. Монолог түріндегі туынды қазақы қара өлең ұлғисінде шумактарға бөліне жазылған. Білге қағаның монологында берілетін жырлардың құрылымдық ерекшелігін біз Құлтегіннің ішкі сырынан байқай қоймаймыз. Алайда тастағы таңбалар сарынының толығымен сақталып қалғанын айтуға болады.

Алып шалшы атқа міндім,
Көк сұңғіні жарак қылдым.
Он жасымда толғаныспен,
Ұлы ерлікке талап қылдым [55, б. 196], –

деп басталатын поэма Құлтегіннің ерлігін дәріптеу сипатында жалғасын таба береді. Біз Құлтегін жырында да батырдың ерлігін дәріптеудің берілетінін байқаймыз. Мүмкін аталған шығарма кейіннен кейбір батырлар жырының туындауына себепші де болған шығар. Жырда Құлтегін бейнесі жоғары дәріптелген. Оның әрбір ерлігі егжей-тегжейлі суреттеліп, баяндалған.

Алып шалшы атқа мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Екі ерін наизамен шанышты.
Қарлықтарды қырдық, алдық.

Жанат Әскербекқызының ақындық дүниетанымы ұлттық таныммен соның ішінде ұлттық әдебиетіміздің қайнары ауыз әдебиетімен, көне жазбалармен

тығыз байланысты екенін көреміз. Қазақ халқының ел болып қалыптасу идеясын көтерген поэмандың бірінші тарауы көне жазбаларға арналса, келесі тарауында қазақ хандығы дәуіріндегі оқиға суреттелген. Ұлт-азаттық идеологияны көтерген туындының көркемдік құндылығы өте жоғары.

Тонықөктің толғауы ретінде берілетін келесі бөлімде жыраулық үлгідегі сөз саптау бар. Жалпы Төнықек «қазақтың жыраулық дәстүріндегі Бұқар жырауды, Қорқыт атаны, «Оғыз қаған жырындағы» Ұлық түрікті еске түсіреді» [57, б. 21]. «Ол – Білге қаған кезінде төбе би болған, Білге қағанға қызын берген қайын атасы. Алтайдағы қара Ертісті жайлаған қарлықтардың Сәбек тайпасынан шыққан. Жасында Тауғаш елінде тәрбиеленген» [57, б. 46]. Жанат ақынның туындысында Тонықөктің монологы былай берілген:

Керден де керден
басқан күн,
Кеудеміз жаудан
асқан күн,
Қағаным таққа
мінгенде
Қай дүшпанымнан
жасқандым?!
Қызыл да тілді
жебелеп,
Алқалы топтан
асқанмын.
Қылыштай сөзбен
қын тылып,
Тауды да бұзып,
тас жардым [55, б. 198].

Тонықек қағандарға ақыл беруші дана ретінде көрінеді. Қазақ тарихында ханға сөзін өткізген ақылман қаншама қария болған. Алма Қыраубайқызының пікірі бойынша Тонықек: «...сол кездегі түркі қағанатының саяси-әлеуметтік және әскери ісінің барлығын қолынан өткізген дана абыз» [57, б. 22]. Жанат ақын да оның осы ерекшелігін көрсету үшін жыраулық дәстүрде толғауын өрген. Толғауының соңында келтірілетін:

Жерімізге тыныштық,
Жерімізге ырыс-құт,
Тұрактап қала ма деген
Тәнірге қояр сұрағымыз еді... [55, б. 200], –

деген жолдарда ақынның оның абыз ретіндегі бейнесін толық танып-түсінуінен туындаста керек.

Бұрынғы әуеннің соңғы бөлімі Иоллығ-тегіннің аманаты ретінде берілген. Шығарманың құрылымдық желісі бойынша жоғарыда келтірілген монологтардың барлығының авторы ретінде Иоллығ-тегіннің көрінуі байқалады. Бұл туралы жырда «Бұл жазуды жаздырғанның аты Иоллығ тегін» деп көрсетілсе, Жанат Эскербекқызының шығармасында:

Мәңгіліктің
Қағанаты – жыр,
Шықпасын деумен
Жаманат бір,
Шежіре шерттім
Тас кеудесіне,
... Иоллығ-тегіннің
Аманаты бұл[55,б. 203], –

деп айтылған.

Шығарманың өн-бойында Иоллығ-тегіннің ішкі тебіренісі көрініс алған. Келер үрпаққа аманат ретінде бабалар сезін қалдырған тұлғаның жан-дүниесін автор шығармасында түсіндіруге тырысқан. Жалпы алғанда Ж. Әскербекқызы өз туындысында бабалар сөзінің асыл қасиеттерін сақтай білген. Сол арқылы көркемдік қуаты зор, жаңа сипатты шығарма жазып шығарған. Осындағы нышандардың лирикалық шығармалардағы сипатын жас ақын А. Теміrbайдың «Көк бөрінің қайғысы немесе қазақ рухы» атты өлеңінен де байқаймыз. Көк бөріні символ ретінде ала отырып, мәнісін ұғуға талпынады. Тіпті, өзінше байлам жасайтыны да бар:

Көк Тәңірге сыйынып,
Көктен күткен тілегін,
Көк бөрінің үрпағы,
Көк байрақты ұлы елім!...
Көк бөрінің мінезі қандарында бар ма әлі,
... Бұрын жерік анамыз жепті қасқыр жүрегін.
Жанарында жарқ еткен наизағайлы намысы,
Қазақи рух бейнесі- тұздің текті тағысы!
Түсімде, сол Көк бөрі ұлиды жер тырмалап,
Жанында оның... көмусіз қалған Алаш арысы![58,б. 178]

Уақыт пен кеңістіктің әлеуметтік сипаты айқын көрініс тапқан жыр жолдары. Көк аспанның астын мекендеп, көк бөріден жарапып, көк байрақты ту еткен, көктегі Тәңіріне тәу еткен текті туған арда қазақтың рух бейнесі мен көмусіз қалған арысын жоқтаған азалы жыр. Тағы байқайтынымыз жоғарыдағы Жанат ақыннан көрінген онейрикалық хронотоптың тұс көру-жорамал түрі меммұндалап тұр. Бұғінгі уақыт шындығын ұғынудың ауырлығы соншалық автор түсінде өткен өмірге қадам жасап, сол кезеңнің де тарихи шындығын ашып айтады.

Тәуелсіздік таңын салиқалы сабырмен қарсы алған аға буын ақын О. Асқардың «Ұлы кие» шығармасы да қазақтың бұғінгі үрпағының асыл текті генофонды түркінің қанында, асыл қасиеті көк түріктің рухында деген идеямен беріледі.

«Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді төктім»
Арасында жауған оқтың,
Ортасында қалың өрттің,

Қашаған қара тасқа
Дұғасындаій бұл жыры
Күлтегін, Тонықөктің [59,б. 62] –

деген отты жырдың әр жолында тарихи шындықтың бедері ашылады. Тасқа қашалған тарихи жырдан алынған өлең жолдары шығарманың негізгі мазмұны мен пішінін құрайтын лейтмотив қызметін атқарады да, реминисценция тәсілі сәтті қолданылады. Халыққа рух беріп, ұлттық идеяны айқындауда ең бір өрелі шара болған Күлтегін жырының көшірмесінің Елордаға әкеліну тарихына арналып жазылған бұл өлеңнің көркемдік-идеялық, қала берді қоғамдық-әлеуметтік құндылығы туралы: «...Интертекстегі ерлік рух, қаһармандық пафос – алыс дәуірлерді тұтастыратын этногенетикалық құш. Басым түрде 7-8 буынды жыр ұлгісін сақтауға ұмтылыстың өзінде түпнұсқа салмағын арттыру бар. Алайда, шығармада 6,5,4,3 буынды тармақтар орын алған. Бұл өлеңдегі басты идеялық концепт бостандық аурасына сай құрылым еркіндігін тандаумен тамырлас. Әрі көне мұрада мұндан ерекшеліктер мол. Мәтіннің шумақтарға бөлінбеуі сана тасқынын бедерлемек. Ұйқастар да әркелкі: қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы ұйқас; жол, екі жол, үш жол, төрт жол аралатып келетін дыбыс үйлесімі ортақ екпін, ырғақ қуатын жоғалтпайды. Мәтін ескерткіштегі жазу түрпатын елестететін симметриялық қатынас сақталған. Қаламгер көпшілік атынан бір дауыспен сөйлейді. Бәрібір полифония жыр құдіретін арттырады. Ежелгі қуатты түрік мемлекетінің тәуелсіздігі мен бүгінгі Қазақстанның егемендігін салыстыру, ұқсастық табу автор мекеншағында уақыт пен кеңістік аяларын тығыздастыру, кең көлемдегі жинақтау арқылы жүзеге асады» [45,б. 28] – деген ғалым тұжырымы дәл жасалған.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан ақындардың бірегейі – Темірхан Медетбеков. Ақынның «Көк түріктер сарыны» атты кітабы оқырман тарапынан жақсы бағасын алғып, әдеби ортада өзіндік үнімен еленген дүние болды. Әрине, бес саусақ бірдей емес. Тың шешім, оқыс эксперимент деп қабылдай алмағандар да болды. «Өнердің қай саласында болмасын, ықылым заманнан бері дәстүрлі ұлғіні бұзып, жаңашылдыққа ұмтылу, бетбұрыс жасау реформаторға өз кезінде абырай әкеле бермеген. Шын жаңалықтың оңай қабылданбайтыны» [60,б. 78] рас. Бұл кітаптың алғашқы бөлімі сонау ғасырлар қойнауында қалған көне түріктердің ер жүрек рухын тірілтумен бірге сол қуатты сарын арқылы бүгінгі күннің күрделі құбылыстарын жырлауды мақсат еткен. Ақынның өзі ашына жырлағандай:

Бастар жарылып, қарындар ақтарылып жатқан –
Дүниенің!
Өкпе-бауырын жеп құзғындар ұшып жатыр...
Қаңғыбас ит біткен сол дүниенің қанын жалап, ішіп
жатыр.

Тойынғаны соншама – лобылып – құсып жатыр...[61]

Намысынды жанитын өткір ойларға толы жырларды оқи отырып, ақын жанының қайратты да қайсар екеніне көз жеткізесін.

Жалпы, қай қаламгердің де дүниеге көзқарасы, саяси-әлеуметтік бағыты оның шығармашылығының кілті, оның бұл көзқарасы болашақ шығармашылығы туралы идеясының да өлшеуіші. Оның идеясы, сол идеядан туған мазмұн творчествосы жазушының немесе ақынның қоғамдық идеалын, азаматтық келбетін білдірмей қала алмайды. Қазақ халқының ежелгі түркілік бірлестіктер мен Қазақ хандығы замандарынан бері қалыптасқан тарихи көзқарастарын лирикалық өлеңдерінің арқауы еткен ақындардың идеялық мақсаттары орынды еді. Қазақ ұлтының өзін-өзі тануын, рухани оянысын, мәдениеттің барлық салаларында өзін-өзі жетілдіре дамуын, ұлттық айқындалу, тұлғалану мәселелерін, әсіресе, жиырмасынышы ғасырдың басында жырлаған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, С.Сейфуллин сияқты ақындардың бұл ойлары азаттық, бостандық туралы идеялармен ұштасып жатады. Олардың өлеңдеріндегі саяси-әлеуметтік сарын сол кезеңдегі қазақ жүртшылығына үлкен серпіліс әкелгені анық. Қоғамдық өмірдегі болып жатқан өзгерістерді, ең алдымен, саяси лирикадан іздеуіміз тегін емес. Өйткені идеялық, әлеуметтік тенденция лириканың басқа салаларына қарағанда саяси лирикада әлдеқайда ашық, айқын. Жалпы, аталған лириканың мақсаты – адамдардың қоғамдық дүниетанымына ықпал ету. Оның елдікті, ұлттық келбет-тұлғаны сақтауды жырлауы арқылы халықтың ұлттық намыс сезімдеріне қозғау салары ақырат. Сондықтан бүгін өзіміз сөз етіп отырған Темірхан Медетбековтың саяси-әлеуметтік сарындағы жырларының идеясы да – өзі туып-өскен атамекенін, атабабаның дәстүрлерін, ана тілін, дінін сақтауды әрбір азаматтың ой-санасында қалыптастыруға ықпал ету, қазактың ұлттық рухани тұрғыдан жетілуіне, ұлт ретіндегі намысының оянуына қозғау салу. Бұл «Көк түріктер сарыны» кітабының өн-бойынан айқын аңғарылып тұрады. Мұның бәрі – ақынның сөз саптауы, сөз қолдануы арқылы ашылып, айқындалып жататын әрекеттер.

Ақынның аласұрған жан дүниесіне қарап отырсақ, оның лирикалық қаһарманында тыныш өмірдің болуы мүмкін емес. Өйткені заманың объективті шындығы осындай. Соның арқасында ол тартымды, оның жүрегі бүкіл адамзат басынан өткен қындықтардың бәріне ауырады, ішкі жан дүниесі ашу-ызаға толы, екіншіден, өз халқының жетістігіне балаша қуанады, олардың алдындағы жауапкершілікті жақсы сезеді, соған жүгінеді.

Аталған кітаптың әр шумағы қатігез уақыттың қатал шындығын қаз-қалпында жеткізуге тырысқан. Ақын жырлары бірде Махамбеттің, бірде Шалқиң бен Доспамбеттің толғауларын, отты сөздерін елестетіп, ықтыра сөйлесе, енді бірде Орхон мен Енисей бойындағы қада тастардағы жазулардай намысынды қарып, қазымырланып сөйлейді. Ақын халық көңіліне шемен боп қатқан шер мен ашу-ызаны өз жан сезімі, ақыл-парасат, ой-арманымен тұтастыра жырлайды. Автордың өзі айтқандай: «Халықтың көз жасы сіңген сөздер еш уақытта да боркемік, ез болмайды. Өйткені, қандай да бір халық та боркемік, ез емес! Халықтың қасіретті көз жасына иленген сөзде қаны қайнаған ыза мен намыс жаныған кек қана болады» [62, б. 82]. Мұндай азаматтық пафосқа толы жырларды тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес.

Менің кеше аяғыма қара тас байлап қойды.

Алшаңдап жүре алмадым.
Төбеге шығып туымды тіге алмадым
Менің кеше аузымды буып қойды,
Айтарымды айтқызбай, таспамен тігіп қойды.
Менің кеше көзімді таңып қойды.
Көрсөң көзімді жоямын деп, қасыма табыт қойды.
Соның бәрін көрдім, соның бәріне көндім.

Бұл ретте лирикалық қаһарманның ой-мұддесі оның жан күйзелісінің, өзімен өзінің іштей құресуінің көркем көрінісі секілді әсер етеді. Жалпы көркем туынды ақынның көрген-білгенінің, естіген-жиганының, оқыған-тоқығанының композициялық жүйеге түскен жиынтығы емес, өмір туралы философиялық ойының концепциясы болуға тиіс. Сондықтан да: «Жинақтау мен даралау, немесе кеңірек айтқанда, өмір шындығынан өнер шындығын жасау – аса күрделі творчестволық процесс» [63]. Ақынның бұл ерекшелігі, яғни лирикалық қаһарман харakterін ішкі тартыс-тайталас барысында ашуы, ішкі драматизмнің байлығы өлең стилінде психологиялық иірімдердің басым болуына қолайлы жағдай жасап тұр.

Иә, мұндай бодан жылдардың олқылықтары мен озбырлықтары жайлы қан қайнатар толғаулар аталған кітапта жетіп артылады. Ә.Кекілбаевтың бұл кітап жайлы: «Қарсы алдымда – көкірегіңе тірілей қол сұғып, кірш еткізіп жұлып алып, аппақ қарға ауната лақтырып тастаған қан-қан жүректей күрең қошқыл кітап жатыр...Ақырғы бетті қайта-қайта қарағыштап, қинала жапқанмын. Күрең қошқыл кітап әлі де болса әлденелерді айрықша айтқысы келіп, әлде бір гәптерді баса ұқтырғысы кеп, өз-өзінен тыптырып жатқандай. Тіпті қолды-аяққа тұрмай, тулат баққандай. Неткен өжет өлендер мен долы жырлар еді»[63] деуі көп нәрсені ұқтырса керек. Осындай үлкен көкейкесті тақырып пен проблеманы көркемдік тұрғыдан бейнелеу барысында әрбір қаламгердің өзіндік дара сапа-сипаты және оның шеберлігі мен талантының қыры айқын танылатыны анық. Көк түріктер сарыны Темірхан Медетбековтың ақындық шеберлігінің сан түрлі қырларын, қарым-қабілетін толық ашқан туынды деп айта аламыз.

Жоғарыда аталған ақындардың шығармаларына үңіле отырып, көктүріктер сарынының ғасырлар арасынан қалайша жетіп жатқанына құлак түреміз. Көркемдік және рухани сабактастық негізінен қарасақ, көктүріктер сарыны мен жыраулар толғауларының арасындағы байланысты көреміз. Ең бірінші байқалатын ерекшелік олардың спецификасы, яғни көшпенің елдің дәстүрлі поэзиясы болатындығында жатыр. Әдебиетіміздің екі түрлі саласы болып есептелетін көне түркі жазбалары мен жыраулар әдебиетінің ортақ идеялық негізі олардың азаттық сүйген, тәуелсіздік тілеген һәм ұлт тағдырын ойлаған ділінде жатыр.

Қазақ әдебиетінің бастау арналары тарихи деректер мен әдеби жәдігерліктер негізінде айқындалып, қазақтың көркем ой тарихының негіздері мен тамыры тым теренде жатқаны ғылыми дәлелденді. Оның генезисі мен архетиптік негіздері адамзат тарихы мен өркениетіне орасан зор өзгерістер

әкелген орта ғасырларда (қайта өрлеу, ренессанс) ғана емес, көне түркілік дәуірде, тіпті біздің жыл санауымыздан да бұрынғы кезендерде жатқаны айқындалды.

Бұғынгі қазақтың төл әдеби нұсқаларына жататын көптеген туындылардың шыққан тегі, діні мен тілі бір түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтар екендігіне сүйене отырып, қазақ поэзиясының нәр алар бастау бұлақтары айқындалды. Біздің жыл санауымызға дейін өмір сүрген ежелгі сақтар мен ғұндардың аныз, әфсаналарының олардан кейін тарих сахнасына шыққан көк түріктердің көркем ойлау жүйесі мен рухани жадына тигізген әсері талданды. Түркі жұртына ортақ далалық, көшпені өмір психологиясының, өнерге, оның ішінде сөз өнерінің дамуына ықпалы қарастырылды.

Бір замандарда Түрік қағанаты, Алтын Орда сияқты алып империялардың құрамында болып, кейін өз алдына дербес мемлекеттер құрған көптеген туыстас түркі халықтарына ортақ әдеби мұралардың қазақтың ұлттық әдебиетінің қалыптасуындағы маңызы мен мәні деректер арқылы дәйектелді. Ноғайлы дәуірінің эпикалық жырларындағы көне түркілік сарынның қалыптасуының әдеби, тарихи алғышарттары айқындалды. Тасқа жазылған көне ескерткіштердің құрылымдық, мазмұндық сипаттарының ноғайлы жырларында көрініс табуындағы әдеби дәстүрдің рөлі мен маңызы сараланды. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі көркемдік және айшықтау тәсілдерінің батырлар жырында, жыраулар поэзиясында қайта жаңғыра көрінуінің эпикалық дәстүрмен байланыстырылды да қарастырылды.

Ноғайлы жырларындағы көне түркілік сарындар негізінен жеке батырды, ел билеушісін дәріптеу, оның өзгеден артық туысы мен асыл қасиеттерін, батырлығын суреттеуге құрылады. «Қырымның қырық батырындағы» хронологиялық жүйемен өрбитін оқиғалар тізбегінің, сондай-ақ отбасылық иерархиялық дәстүр сипатының тасқа жазылған көне түркі жырларындағы баяндалған оқиғалар желісі мен билік ауысу үлгісімен үндестігі ғасырлар тізбегімен жалғасып жеткен дәстүр. Түркі халықтарына ортақ өмірлік салт-дәстүрлер мен жол-жоралғылардың да көне ескерткіштер мен ноғайлы жырларында ұқсас келуі тарихи сабактастықтың дәлелі. Көнеден жеткен мұралардың барлығы дерлік ел қорғауға, халықтың басын біріктіруге, ерлікке үндейді. Сондықтан да түркі халықтарындағы жауынгерлік-қаһармандық жорықтарды жырлаудың дәстүрі көркемдік ойлау процесінің ең бір озық тәсілі ретінде бұғынгі қунге дейін еш өзгеріссіз жеткен деуге болады.

Келешек әдебиеттің көркемдік даму бағытын айқындалап, бедерлеп кеткен ақын-жыраулар кімді үлгі тұтты? Әдебиет зандылықтарын арнайы оқып-үйренбесе де, кімдердің мектебінесүйенді, қандай дәстүрлерді қолай көрді? Міне, осы мәселелер әдеби даму зандылықтары аясында қарастырыла отырып, XІY-XVІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясындағы көне түркілік ықпалдастық негіздері айқындалды. Ақын-жыраулар поэзиясындағы түркілік идеялардың көркемдік дәстүр жалғастығымен сабактастырын зерделеп, жыраулар толғауларындағы дәстүр жалғастығы поэзиялық нақты мысалдар арқылы саралап көрсетілді.

Сондықтан көне түркілік сарындардың қазақ әдебиетінің енді ғана туып, қалыптасу дәуірлеріндегі әдеби нұсқаларға тигізген ықпалы, батырлар жырлары мен жыраулар поэзиясындағы халықтық армандардың көне жазба жырлар мазмұнымен ұқсастығы талданып, сараланды.

ХХ-ХХІ ғасырлардағы ұлттық поэзияның дамып, өсіп-өну үдерісін саралай келе қазақ әдебиетінің осы дәуірлер поэзиясында бейнеленген түркілік дүниетаным мен образдардың әдеби-тарихи, танымдық мәндерін ашу көзделді. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындардың жаңаша сипат табуының әдеби-тарихи себептері айқындалып, бүгінгі қазақ поэзиясындағы көне түркілік әдеби дәстүрлерді жаңғыртқан жаңа ізденіс үлгілері сараланды.

Сонымен бірге бұл тарауда қазіргі қазақ поэзиясындағы түркілік сарын көріністерінің бейнелік, символдық сипаттары айқындалып, көркемдік дәстүр жалғастығы мен түркілік сарындардың әдеби-тағылымдық ерекшеліктері танылды.

2ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Қазақ поэзиясындағы қөне түркілік сарындарды оқытуудың философиялық негіздері

Қазіргі таңда жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытуудың басты мақсаты – заманына лайықты, бәсекеге қабілетті, білікті де білімді, оқытуудың жана технологияларымен жан-жақты қаруланған маман даярлау. Өйткені, ғасырлар тоғысында «білім беру» ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде түбекейлі өзгерді. Сол себепті қазіргі кезге дейін тек педагогикалық категория ретінде танылған бұл ұғым өзінің кең мағынасында әлеуметтік қоғамда басты құбылыс ретінде қарастырылуда. Әдіскер-ғалым Б.Смановтың сөзімен айтар болсақ, «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – қоғамдық-саяси ойдың, философия, әдебиеттану, тіл білімі, эстетика, педагогика, психология ғылымдарының дамуымен өзара сабактаса байланысқан қолданбалы ғылым. Ал, қазіргі қоғамда кез келген ғылым саласының дербес өмір сүруі үшін мынадай үш түрлі шартқа жауап беруі қажет:

1. Басқа ғылым салаларынан ерекшеленетін өзіндік жеке-дара зерттеу нысаны болуы;

2. Аталған ғылымның зерттелуіне қоғамдық сұраныс пен қажеттіліктің болуы;

3. Тек осы ғылымның өзіне ғана тән ғылыми-әдістемелік жүйесі болуы тиіс» [64, б. 10]. Міне, осы тұрғыдан келгенде, қазіргі кезеңде әдебиетті оқыту әдістемесі әдебиеттану, психология, педагогика, философия, тіл білімі, тарих, т.б. ғылымдарымен сабактаса, ұштаса отырып, олардың нәтижелері мен ой-тұжырымдарын арқау ету арқылы арнаулы ғылым саласы ретінде өз міндеттерін шешуде. Мұндай көзқарастар мен ұстанымдар қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің зерттеу нысанын, әдіс-тәсілдерін, қызметін, мән-маңызын, мақсат-міндеттерін айқындауға тұрткі болады. Яғни, әдебиетті оқыту әдістемесі тарихи-педагогикалық үрдіс ретінде өзінің қалыптасу, даму кезеңдерін бастан кешіреді. Сол себепті қазіргі таңда білім беру, тәрбиелеу мәселерімен тек педагогика ғылымы ғана айналыспайды, сонымен қатар философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану, тағы сол сияқты басқа да әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аталған мәселені әр қырынан алып зерттеуде. «Ғылым тарихы мен философиясы» оқу құралының авторларының айтқанында, «...білім – тарихи өзгермелі, ақиқат салыстырмалы құбылыс...», ал «білімді қорытып шығарудың әдіс-тәсілдері бір білімнің ақиқаттығынан екінші білімнің ақиқаттығын негіздеуді ғана қамтамасыз етпейді, сондай-ақ оларды бір-бірімен байланыстырып, бір жүйеге, системаға келтіреді» [65, б. 28]. Бұл әлемде байланыссыз дүние жоқ. Қоғамдағы бар ғылымдар бір-бірімен тығыз байланысты.

Білім мен тәрбиенің бүкіл даму тарихында оған белгілі бір философиялық ой-пікірлер мен тұжырымдар тікелей әсер етіп отырды. Философия пайда болғаннан бері дүниенің жаратылуы, ондағы адамның орны, оның әлемді

танып-білуі ең басты мәселе болды. Біздің ата-бабаларымыздан үрпақтан-үрпаққа шашаусыз жеткен асыл мұрамыз, яғни өмірлік тәжірибеде шындалып, мәдениет пен өркениетте сақталған терең білім мен тәрбиеміз соны дәлелдейді. Ал қазіргі білім берудің негізгі мақсаты – тек білім алушылардың бойында білім, білік дағдыларды ғана қалыптастыру емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік қоғамда өз орнын белгілеу үшін оның өзіне және ортаға қажетті дербес қабілеттерін дамыту, өзін қоршаған ортамен үйлесімді турде эмоционалды, ақыл-ой, адамгершілік, рухани-құндылық, еріктік, т.б. жағынан шындау.

Оқыту үдерісі барысында жеке тұлға ұлттық мәдени құндылықтарды, әдеби асыл мұраларды, терең теориялық білімдерді меңгереді. Соған сәйкес білім берудің әрбір даму кезеңіне тән заманауи ұлгі ретінде танылатын өзіндік теориялық, әдіснамалық ерекшеліктері болады. Қазіргі білімберу философиясы да соған негізделеді. Өйткені білім беру философиясы әлеуметтік қоғамды толғандыратын көптеген сауалдарға жауап іздейді. Мәселен, қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаның алатын орны қандай? Қазіргі қоғамдағы білім берудің әлеуметтік рөлінің мәні неде? Білім беру саласының болашақта бағыт-бағдары қандай болуы керек? т.б. Осындаи сауалдарға жауап беруде ғылым ретінде философияның мәні ерекше. Себебі, философиялық тұжырымдар мен пікірлер әр ғылым саласының бастапқы кезеңінде-ақ өз жемісін береді.

Философия – ерте замандардан бері дамып, қалыптасқан, бағыт-бағдары айқындалған көне ғылымдардың бірі. «Философия» – грек тілінен аударғанда, «филео» - «жаксы көру», «софия» - «ақылдылық» деген мағынаны білдіреді. Ол адамзат қоғамы мен ойлау табиғаты дамуының ең негізгі занылыштарын анықтайтын ғылым ретінде қарастырылады. Оның негізгі зандары мен занылыштары қоршаған ортадағы көптеген құбылыстарды зерттеуде, танып білуде, түсіндіруде қолданылады. Осыған байланысты қазіргі кезеңде білім беру саласындағы көптеген мәселелерді философиялық тұрғыдан түсіндіру, талдау және таразылау көзқарастары қалыптасқан. Педагогикада білім беру философиясын жан-жақты зерттеген ғалымдар В.В.Краевский, Б.Л.Вульфсон, В.В.Кумарин, Б.С. Гершунский т.б. өз зерттеулерінде оны негізінен үш қырынан алып қарастырады:

1. Қолданбалы философия ретінде, яғни білім беру саласының даму занылыштарын негіздеу үшін жалпы философиялық қағидаларды қолдану жеткілікті деп есептелінеді.

2. Білім беру философиясының мазмұны педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық мәселелерімен сәйкестендіріледі.

3. Дербес ғылыми білімдер саласы, оның негізін тек білім беруге қатысты жалпы философиялық ілімдер ғана емес, білім берудің барлық аспектілерінің қызметтерін қамтитын жеке шынайы даму занылыштары құрайды.

Б.С. Гершунский пікірінше, білім беру философиясын бірнеше тоғысқан ғылымдардың интеграциясында қарастыруды ұсынады. Ғалым былай дейді: «даже на уровне только одного (ценностного) блока, отражающего лишь один из существенных аспектов категории "образование", вполне очевидна

необходимость философско-образовательного синтеза знаний разных наук для наиболее полного понимания и обоснования роли и места образования, его прогрессивного развития в интересах государства, общества, человека» [66, б. 39]. Сондықтан ол өз еңбегінде аталған ұғымды 4 аспектіде қарастыруға болатынын атап көрсетеді:

- білім беру құндылық ретінде;
- білім беру жүйе ретінде;
- білім беру үдеріс ретінде;
- білім беру нәтиже ретінде.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындардарды ЖОО-да оқыту үрдісін ұйымдастыруды арнайы оқу бағдарламасына (оқу-әдістемелік кешен, силлабус) негізделген оқу үдерісін ұлттық құндылық ретінде басшылыққа алу көзделуі керек. Себебі, ұлттық құндылықтар мен руханияттың негіздерінен сусындаған болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандары білім беру жүйесіндегі жаңашыл идеялар мен тұжырымдарды ғылыми игеруде де басым нәтижелерге ие бола алады.

Ғалымның еңбегінің негізінде білім беру философиясын мемлекеттік құндылық, қоғамдық құндылық, жеке тұлғалық құндылық ретінде зерделеу оқыту мен тәрбиелеуде он нәтижесін береді деп толық айтуға болады.

Әлеуметтік қоғамның сұранысы мен талабына сай Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына жыл сайын өзгерістер мен түзетулер енгізіліп, жетілдіріліп отырады. Соған сай білім беру жүйесінің мақсат-міндеттері айқындалып, тұжырымдамалық идеясы анықталады. Мәселен, 2016 жылғы заңын 11-бабында білім беру жүйесінің басты міндеттері ретінде мынандай мәселелер аталады: ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту; белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы [67]. Сонымен қатар қазіргі білім беру үрдісінің жаңа парадигмасы да айқындалып, білімнің құндылығын арттыру да басты орынға қойылып отыр. Сол себепті қазіргі таңда әрбір оқу пәні білім алушыға тек қана теориялық білім беріп қоймай, сонымен бірге оның заман талабына сай әлеуеті жоғары тұлға болып қалыптасуына тұрткі болуы қажет. Әсіресе, ұлттық құндылықтар мен рухани-мәдени қажеттіліктерге негізделген гуманитарлық пәндерді оқытуда осындағы көзқарастарды ұстану қажет.

Жоғары мектепте «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқытылатын пәндердің ішінде міндетті компонент ретінде «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» мен «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндері жетекші рөл атқарады. Аталған пәндер студенттің жеке тұлғалық қабілеттерінің шындалуына зор ықпал етеді. Көркем әдебиетті оқу арқылы білім алушының

көкжиегі кеңейеді, халқының әр кезеңдегі тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан ақпарат алады.

Қазақ философиясында әдебиеттің адамзат өміріндегі мәні туралы әртүрлі тұжырымдар бар. Ежелгі қазақ философтары мен би-шешендерінің ұлағатты нақылдарында сөз құдіреті туралы пікірлер қаншама. Бұл тұжырымдарда әдеби-философиялық ойлар мен оқу-тәрбие мәселелері тығыз байланысты болуы да осы себептен. Шығыстың атақты философы, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің ұлан-ғайыр еңбектері, Махмұд Қашқари, Жусіп Баласағұн, Ибн Сина, Әбу-райхан әл-Бируни, Фирдауси, Низами, Қожа Ахмет Яссави сынды көрнекті ойшылдарымыздың тәлімдік тағылымдары мен даналық ой-пікірлерінде пәлсафалық, әдеби-мәдени, тәлім-тәрбиелік, әлеуметтік-қоғамдық, психологиялық-педагогикалық идеялардың барлығы өз үйлесімін тапқан. Сан ғасырлар бойы қалыптасып дамыған қазақ поэзиясының көркемдік негізі түркі өркениетінен бастау алады. Түркі халықтарының көне дәуірдегі жазба ескерткіштеріндегі атамекенді, тілді, салт-дәстүрлердің дақтау сияқты тарихи сананың көрінісі өз алдына мемлекет құрып, ұлт болып ұйысқан қазақтың да қоғамдық, әлеуметтік тұрмысында із қалдыра отырып, мәдени, рухани жадының өзіне ғана тән ерекшеліктерімен дамуына ықпал етті.

Тарихта белгілі болғанындағы ежелгі сақ пен ғұн сынды тайпалар VI-VII ғасырларда Түрік қағанатын құрып, бүгінгі түркі халықтарына ортақ діл, тіл, дін сияқты рухани құндылықтармен қоса этнографиялық, фольклорлық мұралар қазынасын қалыптастыруды. Бұл үрдіс уақыт өте келе бірегей түркілік дүниетанымың қалыптасуына негіз болды. Түркітанушы ғалым Л.Н.Гумилевтің: «Түрік мемлекеттігінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін орта теңіз мәдениеті мен қыыр шығыс мәдениеті бір бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Түріктердің қоғамдық тірлігі мен әлеуметтік институты тарихының күрделі түрлері қайран қалдырады: ...әскери тәртіп, елшілік үрдісі, сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарсы қоятын, мұқият әзірленген дүниетанымың болғандығы таң қалдырады» [68, б. 41],- деген нақты деректерге негізделген пікірі осы тарихи-мәденидаму құбылысын толық дәйектей түседі.

Соңғы жылдардағы әдебиеттану ғылымындағы әдеби дәстүр жалғастығы, көркемдік ойлау тұтастығы тұрғысынан типологиялық, поэтикалық зерттеулер арнасын түркілік мұраларға бұрып, контексті-реконструктивтік әдістер мен семиотикалық тәсілдерге жүргіне отырып тұтастай талдаулар жасау үрдісі өз жемісін беруде. Әр түрлі тарихи зобаландар мен аласапыран дәуірлерді басынан өткеріп, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, дүниетанымы тамырлас түбі бір түркі халықтары бір бірінен айтарлықтай алыстанап кеткенімен, олардың этностық қалыптасуының бір екендігіне айғақ, дәлел болатын ерекшеліктер бар. Оның біріншісі – ортақ тіл. Бұл әлі де жан-жақты зерттеуді талап ететін мәселе болғанымен, ғылыми дәлелденген тұжырым. Екіншісі, бүгінгі түркі халықтарының этникалық негізінің бірлігіне айғақ бола алатын әдеби,

фольклорлық мұралар. Сол себепті қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытуда қазақ әдебиетінің шығу тарихын теренірек қарастырып, ежелден қалыптасқан көркемдік ойдағы дәстүр жалғастығын жан-жақты талдаған жөн. Көненің асыл мұрасын талдап, тану арқылы біз тек бір халықтың ғана емес, ұлттық сөз өнері мен әлем өркениетіндегі мұралар арасындағы өзара сабактастық, үндестікті зерделейміз және де жалпы адамзатқа ортақ көркемдік ойлау жүйесі жайлы мағлұмат аламыз.

Адамзат өркениетінің өн бойында алмасып келіп отырған қоғамдық формациялардың әрқайсының өзіндік құндылықтары, өзіне ғана тән даму ерекшеліктері бар. Белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік кезеңдегі әдебиеттің дамып, қалыптасуына әдеби дәстүр жалғастығы тікелей әсер етеді. Себебі, нақ сол кезеңге жататын көркем сөз өнерінің ұлкенді, кішілі ұлгілерінің өзінде таразыға салынып, сүзгіден өткен, әрі тарихи қалыптасқан салт пен дәстүр бар. Дегенмен, әдеби шығармалар, көркем сөз ұлгілері заман талabyна сай, оқырман сұранысы мен талabyна орай, сондай-ақ, сөз зергерінің дүниетанымы мен шеберлік деңгейіне қарай сыртқы пішінін өзгертіп, құбылып отыруы мүмкін.

Бұл күнге дейінгі адамзаттың дүнияуи тіршілігінің тарихы сан қылы. Әлемдік геосаяси ахуалдар сан мәрте түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырған. Бір замандарда жарты әлемді билеген алып мемлекеттердің бүгінде жүрнағы да қалмаған. Тұтас тайпалар мен ұрықты ұлыстар бытырай шашырап, қайсыбірі жаңа ұл болып біріксе, кейбірі басқа халықтардың құрамына сіңісп, байырғы атынан айырылды. Өзгеше қалыпты, өзіндік ғұрыпты жаңа елдер мен мемлекеттер пайда болды. Алайда, жаратылыстың ерекше құдіреті саналатын бірегей жад, гендік тұрғыдан сақталу қабілет феномені осылардың өткен тарихын, бұрынғы тіршілігінің түп негізін ұмыттырмады. Қайта, керісінше бұрыннан бар рухани байлықтарын қайта жаңғыртып, өзгеше рең, ерекше түрде дамып, қалыптасуына ұмтылыс жасады. Бұл – ғасырлар бойы үзіліссіз жүріп отырған тарихи-әлеуметтік үдеріс еді. Ал, ғылым мен білім аталған мәселелердің барлығын жинақтайтын, түйіндейтін құбылыс. В.В.Ильин айтқандай, «Ғылым дегеніміз ең алдымен, білім, білімдер жиынтығы. Екіншіден, ол білімдерді тұжырымдауға, «өндіруге» бағытталған іс-әрекет, яғни дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып білу қызметі» [68, 10 б.].

Қазақ халқының рухани әлемі де бағзы замандардан бері үздіксіз дамып, толығып отырған құндылық. Белгілі бір халықтың туып, қалыптасу, өсіп-өркендеу тарихы, осы жолдағы жүріп өткен тар жол, тайғақ кешулері, басқа бір елдерді жаулап, ұstemдік жасауы мен тіршілігінің кетеуі кетіліп, құлдырап, өзгелерге бодан болуы сияқты тарихи өмірінен берілетін мәліметтерді тек қана тарихи жылнамалар мен деректерден іздеу аздық етеді. Өйткені, әр түрлі өнер түрлерінің, әсіресе сөз өнері сияқты халықтың жады мен зердесін, етек жинап, ес тоқтатқан естиярлығын таразылайтын рухани қазыналардың да берер мәліметі ұшан- теңіз.

Көне тарихи ескерткіштер мен ақын-жыраулар шығармашылығын қазақтың дәстүрлі этномәдениетімен тығыз байланыста этнографиялық, эстетикалық, этнологиялық, философиялық, фольклорлық жағынан қарастыру

урдісі кейінгі зерттеулердің нысанына айналуда. Өйткені, бұл жәдігерлер мен қазақ ақын-жырауларының шығармашылығы көптеген аспектілер бойынша вербалды-эстетикалық дәстүрлер аясынан асып, тарихи тұлға маңызына (жыраулардың көшілігі белгілі бір ру, тайпаның көсемі болып келетін) ие болып, метафизикалық сакралды практика өкіліне (жырау – келешекті болжайтын әулие) және адамдар мен әруақ, рухтардың арасын жалғайтын медиаторлық, магиялық, емшілік қасиеті бар ерекше жанға айналды. Ал дауылпаз сөз зергерлері қазақ халқының эстетикалық танымын, дүниеге көзқарасын айна қатесіз қайталап, өздерінің философиялық толғамдарын осы даналық асыл ойлармен астарлап отырған. Сондықтан да ұлттық әдебиеттің асыл мұрасы халық даналығынан, халықтың төл философиясы мен эстетикалық қазынасынан нәр алғаны сөзсіз.

Асан Қайғының:

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көзделеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызырып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!

Немесе:

...Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Үйлемым жүрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Женемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

Шалқиіз жыраудың:

...Атаниң ұлы жақсыға
Малыңды бер де басың қос,
Бір күні болар керегі.
...Бар күшінді сынамай
Балуандармен күреспе.
Таң боларсың әлемге,
Сөз боларсың күлемге.

Немесе:

Алып, алып, ал сақын,

Андып жүрген дұспандан жұз сақын,

Күле кіріп, күніреніп

Шыққан достан мың сақын! – деген сияқты

дидактикалықсарындағы нақылдар поэзиялық пішінге көшірілген халықтың өз сөзі емес пе?! Сондай-ақ, бұл жолдардан көне түркілік заман тіршілігін толғаған «Құтты біліктегі» адамгершілік философиясының сарынын байқаймыз. Мысалы,

Жамандықты қусаң – азап шегесің,

Жамандыққа – жақсылық қыл: женесің!

Ұлық, бектік келсе, ұстанып жақсы атты,

Кісі алдында кішілікті мақсат қыл.

Тән семіртер нәр ауыздан сіңеді.

Жан семіртер сөз құлақтан кіреді...

– деген жыр жолдарын ұлы поэманиң кез келген бетінен талғап, таңдамай-ақ келтіріп отырымсыз. Осы бәйіттердің түпқазық ойларының бәрі де халық санаасындағы түйінді тұжырымдардың, ел аузындағы қанатты сөз, ұшқыр ойлардың өзегінен тамыр тартқандығы айқын танылып тұр. «Келтірген мысалдардағы сабырлылық, қанағатшылдық, ішімдікке, зинақорлыққа қарсылық, тағы басқалардың қай-қайсысы да халықтың ұзақ жылдар бойы тұрмыс философиясынан түзіліп, ортағасырлардың өзінде-ақ қағидаға айналған қорытындылар» [69, б. 104]. Бұдан шығатын түйін, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындардың бастау-негізін оқытуда әлеуметтік қоғам дамуындағы сөз өнерінің құдіретін, оның философиялық, психологиялық және педагогикалық негіздерін басшылыққа алу өте маңызды. Бұл мәселенің шығу төркінін көне жәдігерліктерден, ақын-жыраулар поэзиясынан, кейінгі ғасырда жырымен сусыннатқан ақындар шығармашылығынан тапқан абзал.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды студенттерге талдатқанда, әр кезеңдегі тарихи жағдайлар мен философиялық ой-тұжырымдарды ескеру өте қажет. Қазіргі ғылымдар интеграциясының тиімділігін саралаған философ-ғалым С. Мырзалы өз зерттеуінде былай деп жазады: «ХХ ғасырдағы ғылым мен техниканың дамуына байланысты философияның әдістемелік қызметінің мәні де өсуде. Бір жағынан, жаңа ғылым салалары пайда болып жатса, екінші жағынан, әртүрлі ғылым салаларын жақыннататын «шекаралық пәндер» дүниеге келіп жатыр. Қазір адамзаттың алдында неше түрлі экологиялық, демографиялық, урбанизациялық, ғарыштық, т.с.с. мәселелер тұр. Оларды шешу үшін әртүрлі жеке ғылымдардың басын біріктіріп, үлкен ғылыми бағдарламаларды жасау керек. Ал мұның өзі белгілі философиялық көзқарастың, әдістемелік принциптердің негізінде жүзеге аспақ» [70, б.38].

Негізінен философия ғылымдардың атасы ретінде барлық салалармен тығыз байланысты. Ол адам мен табиғат арасындағы қатынасты, адамның дүниетанымын қарастырса, педагогика ғылымы адамның тәрбие арқылы

қоршаған ортаға бейімделуін зерттейді, ал әдебиет сөз өнерінің құдіретін зерделейді. Сондықтан аталған пәндердің интеграциясы білім беру үдерісіндегі ілімдер, идеялар арқылы аталған мәселені зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде нақтыланады. Қазақ әдебиетінің бұл ғылымдармен байланысы ең ұзақ мерзімді және ең нәтижелі байланыс деуге болады, себебі көптеген жағдайларда көркем әдебиетте айтылған ойлар тікелей философиялық идеялардың тууына, педагогикалық теориялар мен тұжырымдардың пайда болуына әсер етті, сол секілді педагогикалық ізденістердің даму бағыттарын айқындалады.

Сабак барысында студенттің ой-өрісін, ақыл-парасатын дамыту, сол секілді шығармашылық қабілетін шындау мақсатында оқытушы тарапынан көптеген оқу материалдары, тапсырмалар ұсынылады. Студент мәтін бойынша өзінің түйген ой-пікірін, дәрістен алған теориялық мағлұматтары мен мәліметтерін, түсінік-тұжырымдарын тапсырма орындау барысында белгілі бір жүйеге келтіріп, оны рет-ретімен орындаиды. Тапсырманы орындау арқылы оны өмірлік тәжірибесінде пайдалана алатында дағды қалыптасады, бойындағы қабілетін жан-жақты дамытады. Мәселен, А. Теміrbайдың «Көк бөрінің қайғысы немесе қазақ рухы» атты өлеңдегі ақынның философиялық ой-түйіндерін талдату үшін студенттке алдымен, әдебиеттегі символ туралы түсінігін сұрау арқылы аталған ұғымға ассоциаграмма құрғызып, кейін «көк бөрінің» символ ретінде алудың мәнісі туралы символдық үлгі құратуға болады.

Ақын уақыт пен кеңістіктің әлеуметтік сипаты айқын көрініс тапқан жыр жолдарында былай байлам жасайтыны да бар:

Көк Тәнірге сыйынып,
Көктен күткен тілегін,
Көк бөрінің ұрпағы,
Көк байрақты ұлы елім!...

Көк бөрінің мінезі қандарында бар ма әлі,
... Ұрын жерік анамыз жепті қасқыр жүрегін.
Жанарында жарқ еткен найзағайлы намысы,
Қазақи рух бейнесі- түздің текті тағысы!
Түсімде, сол Көк бөрі ұлиды жер тырмалап,
Жанында оның... көмусіз қалған Алаш арысы!...[58, б.178].

Студент ақын жырынан кейін көк аспанның астын мекендеп, көк бөріден жаралып, көк байрақты ту еткен, көктегі Тәніріне тәу еткен текті туған арда қазақтың рух бейнесін өзінің түсінігі бойынша топтастырады. Мұны оқытуудың жаңа технологиясында «Топтастыру әдісі» яғни ойды жинақтау стратегиясы деп атайды.



Сурет 1 - Ақын шығармасы бойынша символдық ұлғі

Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстардың тарихи жолындағыдан қазақ халқының тарихи даму жолында әлемді танып-білудің, зерттеудің өзіндік ерекшеліктері, түркілік пәлсафа негіздерін танытатын ой-тұжырымдар жеткілікті. Мәселе, сол рухани-мәдени құндылықтарды танып-біліп, тәжірибеде жүзеге асыру болып табылады. Бұл қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін дұрыс бағдарлауға әкеледі.

Түйіндей келгенде, білім берудің мәнін әдіскер-ғалымдар өз енбектерінде үш қырынан қарастырады. Соның бірі әлеуметтік, яғни философиялық жағынан қарастыру дегеніміз – білім алушының табиғат, қоғам, ойлау, іс-әрекет туралы білім мазмұнын игеру; екіншісі, педагогикалық қырынан қарастырылуы дегеніміз – білім алушының интеллектуалдық және тәжірибелік білік пен дағдыларды менгеруі; ал үшіншісі, психологиялық – білім алушының өзін қоршаған әлемге деген, басқа адамдарға деген, адамзаттың шығармашылық қызметі нәтижесінде пайда болған тәжірибелерге деген эмоционалдық – еріктік қарым-қатынасты менгеруі. Сондықтан жоғары мектепте студентті интеллектуалдық, икемділік, қатысымдық жағынан айналадағы дүниемен (табиғатпен, әлеуметтік қоғаммен, басқа адамдармен, өзімен-өзі, т.б.) белсенді қарым-қатынасқа түсуге дайындау, оқу арқылы оның әрі қарай дамуына жол ашу, ақыл-ойының дамуына қол жеткізу – оқытудың философиялық негіздерінің қағидасы. Осы айтылғандардың барлығы да білімнің студенттің рухани дүниесін дамытуға, түпкі нәтижесінде адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы қажеттігін көрсетеді. Сол себепті ғылым салаларын үнемі тоғыстыра қарастыру көзделеді. Әдіскер-ғалым А.Сатбекова айтқандай, «метатеория ғылымның барлық саласында жетіліп келеді. Оның одан әрі жол сала алуы өзінің философиялық негіздемесінің нық, жүйелі болуына көптен-көп байланысты» болып отыр [71,25 б.]. Яғни, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың философиялық негіздері арқылы студенттердің өзіндік ой қорытындылауына, шешен сөйлеу

дағдысының қалыптасуына, дуниетаным әдістерін тиімді пайдалана алына тірек болады. Қазақ поэзиясындағы түркілік сарын элементтері мен ерекшеліктері және де қазақша болмыс-бітім туралы түсінік білім мазмұнының генезисімен байланысты екендігі анықталды, сол себепті философиялық ой-тұжырымдар студенттердің танымдық актілерінің шығармашылық конструктивтік күйде өтуіне, жаңа ой мазмұнының қалыптасуына бағыт беруге ықпалын тигізді.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың философиялық негіздерін қарастыру нәтижесінде:

- түркілік сарынды оқытуға байланысты туындаған философиялық қағидалар қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерін оқыту саласының ең қажетті, ең тиімді құрамдас бөлігіне айналды;
- әр кезеңнің шынайы болмыс-бітімін, халықтың таным-түсінігін сипаттайтын түркілік сарын элементтері негізгі теориялық өзекті құрайтындығы анықталды;
- білім адамзат жинақтаған рухани-әдеби құндылықтар жүйесі болғандықтан, философиялық ой-пікірлерді талдауға мүмкіндік туды. Нәтижесінде қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды талдауда жеке әр студенттің көзқарасы, аталған мәселеге деген қатынасы айқындалды, өз бетімен білім жинай білу дағдылары қалыптасты, білім игерудің жаңаша жолдары арқылы оқыту жүйеленді.

2.2 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың психологиялық негіздері

Адамзат баласының жай-күйін, сыр-сипатын зерттейтін ғылым саласы ретінде психологияның орны ерекше. Ғылым ретінде ол адамның жеке тұлғалық қасиеттерін, оның кіслік сипатын қарастырады. Сол себепті оқыту мен дамудың өзара қарым-қатынасы барлық кезеңде де ғылымдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып келді. Оқытудың ғылыми негіздерін іздестіру Я.А.Коменскийдің еңбектерінен бастау алады. Соның негізінде әрбір білім алушының жеке мүмкіндіктері мен олардың жас ерекшеліктері мен даму үдерісіндегі өзгерістерді ескере отырып дамыта оқытудың ғылыми негізін іздестіру жолға қойылған. Бұл мәселеге орыс педагогикасының негізін салушы К.Д.Ушинский де назар аударған. Ол өзінің «Адам тәрбие пәні» атты еңбегінде, баланың түрлі жас ерекшелігі кезеңдегі негізгі психологиялық даму ерекшеліктерін айта отырып, «баланы оқытудың ең күшті факторы оқыту мен тәрбиелеу», - деп жазды[72, б. 55]. Оқыту мен тәрбиелеудің арақатынасы жөніндегі мәселе одан бергі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Оны психология ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі Л.С.Выготский да зерттей отырып, оқыту мен дамудың арақатынасы мәселесін шешудің өзіндік тәсілдерін ұсынды («оқыту мен даму бір-біріне тәуелсіз екі түрлі процесс; оқыту мен даму екі түрлі салыстырмалы процесс; оқыту дамудан кейін жүріп отыруы мүмкін, сонымен қатар дамуды алға жылжыта отырып, оның алдында болуы да мүмкін») [73]. Педагог-ғалым С.Фаббасов оқыту мен тәрбиенің негізін құрайтын педагогика мен психология ғылымдарын бірлікте қарауды ұсынады.

Өз зерттеуінде ғалым мынандай түйінді ой айтады: «Адам тәрбиесінде осы уақытқа дейін жалғасып келе жатқан сәйкессіздіктің ең тұрпайысы, бүгінге дейін педагогика мен психологияны біртұтас бірлікте қарамай, керісінше екі бөлек байланыссыз ғылымдар тәрізді болып қолданылуы болып табылады. Екеуінің де шыққан тегі – адам баласынан пайда болғандықтан, ендігі жерде педагогика мен психологияның методологиясы, жүйелері, негіздері біреу-ақ екенін мойындағы болмайды [74, б.104]. Бұдан шығатын қорытынды адамның өмірінде жан мен тән қандай ажырағысыз болса, педагогика мен психология сондай тығыз байланыста.

Оқыту мен тәрбие беру мазмұны бойынша терең ұлттық, көпқырлы дәстүрі, ұлттық психологияны сипаттайты. Тәрбиеленетін, оқытылатын адам абстрактілі емес. Ол барлық уақытта әдетте ұлттық сана мен өзіндік санасының, ұлттық танымының, сезімінің және еркінің ерекшелігін адамдардың басқа бір адамдармен өзара қатынастары мен қарым-қатынастарындағы ұлттық келбетінің идеялық ерекшеліктері тән болатын қандай да бір ұлттың өкілі. Ұлттық психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнын тікелей байланыстырады, сондықтан олар белгілі бір ұстанымдарға негізделе отырып іске асырылады.

Адамның жас ерекшелігіне қарай даму сатылары бірнеше кезеңге бөлінетіні белгілі. Олардың әрқайсысының өзіне тән басты ерекшеліктері болады. Тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінің нәтижелілігі осы жас кезеңдеріндегі адамның физиологиялық жай-күйі мен психологиялық негіздерін терең білумен байланысты шешіледі.

Жас кезеңдерінің ішінде балиғаттық шақтың (18-21 жас) маңызы ерекше. Бұл кезеңде субъект өз ойын еркін айтып, өзінің жеке тұлға болып қалыптасқандығын көрсетеді. Яғни, дәл осы шақта адам баласының даралық сезімдерінің көріне бастауы, өзін-өзі тани бастауы, үлкендердің қойған талаптары мен өз бағаларының арасындағы қайшылық жатады. Олардың намысқой, тез өкпелегіш болуы ерік-күштерінің жеткілікті дәрежеде қалыптасуынан болады. Сондықтан бұл жастағы білім алушыға оның намысына тиетін сөздер, ескертулер айтудан сақтану керек, керісінше, оның жеке «Менің» қолдап, сабак үдерісінде жеке қабілетінің дамуына ықпал ету қажет. Әр студентке өз әрекеттерінің субъектісі деген түрғыда қатынас жасау арқылы дәрісханадағы студенттердің білім сапасындағы да, қарым-қатынас жүйесіндегі де өзгешеліктері жеке басы қасиеттеріне қарай сипатталатынын тануға, олармен даралық ерекшеліктеріне сай жұмыстарды ұйымдастырудың жолдарын табуға көмектеседі. Соңғы жылдары психология ғылымында кең қанат жая бастаған саралап, даралап, деңгейлеп оқытуудың негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын тану мәселесі жатыр. Оның басты мақсаты мынандай қағидаларға негізделеді:

- әр студентке бірдей көніл аудару;
- әр студенттің жеке қабілетін, ерекшелігін қадірлеу;
- ұжымдық оқытуудың тәрбиелік мүмкіндігін пайдалану;
- әр кезеңнің өзіндік ерекшелігіне жете көніл бөлу;

- студенттердің жеке тұлғалық қасиеттерінің шындалуына мотивация тудыру. Себебі, жеке тұлғаның дербестігін ескеру мәселесі оның ақыл-ой, таным деңгейін өзіндік ой-пікірлерімен, білуге ұмытылысымен, қызығушылығымен бірліктे қараудан басталады. Мұнда оқу әрекетінің нәтижесі емес, білім алушының әрекетіне қозғаушы болып отырган себептер мен түрткілердің ажырата білудің маңызы зор. Бұл туралы әдіскер-ғалым Ж.Дәuletбекова былай деп сөз көзгайды: «Ал, әрекеттің субъективтік мәнін түсіну оның психологиялық аспектілерін, атап айтқанда, әрекет етуге талпындыратын оқу мотивтерін, танымдық қабілеттерін терең зерттеуді қажет етеді. Себебі, оқытудың психологиялық негіздерін білу әр окушының таным, білік деңгейлерін дұрыс саралауға да көмектеседі. Ал, окушыны дұрыс “тану” – оның даму бағытын айқындаудың негізгі шарты. Сондықтан да қазіргі педагогикалық психологияның окушының саналы әрекетіне ерекше мән бере бастауының бір себебі осында [75,б.41].

Қазақ психологы Қ.Жарықбаев айтқандай, «адам – белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның азды көпті тәжірибесі, білімі, өзіне тән өзгешеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүниетанымынан, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілет, қызығуынан жақсы байқалады» [76,б.46]. Сол секілді студент те – әлеуметтік қоғамның бір мүшесі ретінде өзіндік пікірі қалыптасқан, дара қабылдауы дамыған жеке тұлға.

Соңғы жылдары ғалымдар тарапынан студенттердің оқу-білім үдерісіне араласуы, қоғамдық-саяси тәжірибе барысында, тұрмыстық жағдайларда өзіндік ой қорытындылауларына байланысты әлеуметтік зерттеулер жүргізіліп, арнайы еңбектер жарық көрді. Б.Г. Ананьев т.б. психологтардың зерттеулеріне қарағанда, студенттік шақта адамның негізгі функциялары (сенсорлық-перцептивтік), мимикалық (есте қалдыру), психомоторлық (қимыл-әрекеттері), әсіресе, сөйлеу-ойлау үдерістері айтарлықтай белсенді түрде дамиды. Мысалы, оперативтік ес, зейіннің аударылуы, есептер шығару т.б. психикалық үдерістердің қалыптасып дамуының шапшаңдығы артады [77,б.161]. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі кезеңде студенттің білім алуына көптеген факторлар әсер етеді:

- жас ерекшелігі;
- жоғары оқу орнына дейін алған білімінің деңгейі;
- өзіне лайықты мамандықты таңдауы;
- деңсаулығы;
- өзіндік психологиялық ерекшелігі;
- даралық қабілеті; т.б.

Сол себепті оқу үдерісі барысында кейбір студенттер жан-тәнімен сабакқа көніл бөлсе, ал бірсынырасы сабакқа келгенде, енжарлық танытады. Психологтар мен педагогтар мұны студенттің жеке-психологиялық ерекшеліктерімен байланысты деп түйіндейді.

Қазіргі ақпараттандыру қоғамында оқу үдерісі де студент тұлғасының әлеуеттік мүмкіндіктері мен қабілеттеріне жоғары талап қойып отыр.

Әлеуметтік қоғамдағы ақпараттың көптігі жағдайында студентке болашақ кәсіби қызметін қалыптастыруды қажетті барлық ғылыми-теориялық мағлұматтарды қабылдау, қорыту және өзіндік ой-тұжырым жасау аса қындық туғызады. Бұл бәсеке қоғамында өмір сүріп жатқан студенттен жоғары ойлау деңгейін, өзіндік интеллектіні талап етеді.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды менгертуде, әсіресе, көркем мәтінмен жұмыс істеу, оны талдау, өзіндік ой қорытындыларын жасауға аса мән беріледі. Әдіскер-ғалым Б.Сманов айтқандай, «Бүгінгі күн талабы, елімізде кең қанат жайған әлеуметтік-саяси жаңаулар әдебиетші-ұстаздан сабак сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал, әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы келеді [78, 6.348].

Көркем мәтінді талдау мен біріктіру, салыстыру тәрізді ой тәсілдері қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды менгертуде де өте жиі қолданылды. Берілген мәтіндерден негізгі ойды табу, сол ойлардың шығуына түрткі болған тірек сөздерді анықтау, автордың негізгі идеясын айқындау, басқа авторлармен салыстыру, ой тұтастығын қарастыру, т.б. немесе айтылған ойларды өзара салыстыру, айырмашылықтарын таныту, т.б. жұмыс түрлері күнделікті сабак үстінде орындалатын тапсырмалар.

Мәселен, қазақ әдебиетінің әр даму кезеңінде адамзат бойындағы жақсы-жаман қасиеттер туралы әртүрлі толғамдар бар. Адам бойындағы осы қасиеттерді талдауга байланысты студенттерге салыстырмалы кесте беруге болады.

Кесте 1 - Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарда кездесетін адамның қасиетіне байланысты өлең үзінділерін талдау үлгісі

Шығарманың атауы	Шығармадан үзінді	Шығармадағы әлеуметтік-психологиялық мәселелер	Студенттің өзіндік ой қорытындысы
Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастаны	<p>Кім даңқты, асыл текті, жаны – нар:</p> <p>Күллі жұрты жау бол талар, жабылар.</p> <p>Жақсы адамның қарап тұрсан, жауы көп,</p> <p>Жаман – өлік, өліктердің жауы жоқ.</p>	<p>Әлеуметтік қоғамда қашан да жақсы адамның жауы көптігін, керісінше жаман адамның мұлдем жауы жоқтығын сипаттайды.</p>	<p>Өзіндік бағыт-бағдары айқындалған, ой-пікірі қалыптасқан жақсы адамға әрқашан бәсекелес адам табылады.</p>
Шалқиіз жыраудың «Би Темірге айтқан» толғауы	<p>Көп ішінде бір жалғыз</p> <p>Көп мұнайып жылайды –</p> <p>Күйбендескен көп жаман</p> <p>Сөзі тигенге ұқсайды!</p>	<p>Жаман адамның кемшілігіне қарамастан, шашар уының көптігін айтады.</p>	<p>Жақсының жол табуы қын екендігін көрсетеді.</p>
Ақтамберді	Мінезді болса алғаның,	Жаман журген жер	Білімі мен білігі

жырау	Одан артық жар бар ма, Екі жаман қосылса, Күнде жанжал, күнде шу, Ұяларлық ар бар ма. Білімді тұған жақсыға Залал қылмас мың қарға, Жаман тұған жігітке Рахатты күн бар ма. Өз мінін білген жігіттің Тәлімінде мін бар ма?	әрқашан арамдық араздыққа екендігін	шу, пен толы білдіреді.	болса, жақсылықтың түбінде жеңе- тіндігін дә- лелдейді. Адам мінезіндегі жамандыққа карсы білімді қояды.
-------	---	--	----------------------------------	--

Жеке тұлғаның логикалық ой әрекеті әр түрлі мәселелерді бір-бірімен салыстыра қарастыруда анық байқалады. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда бұл студенттің ақын-жыраулар шығармаларын салыстыру мен өзіндік ой-пікірлерді анықтауда байқалады. Адамзат баласының ойлауы өте жүйрік. Кей кездерде студентте пән бойынша теориялық білімі жеткіліксіз болса да, оның логикалық ойлау қабілеті жоғары деңгейде болуы мүмкін. Ол студенттің жеке ойлау қабілетінің дамуымен анықталады. Ал, ойлау үдерісі қабылдаумен тығыз байланысты. Түйсік пен қабылдау психологияда танымның бірінші баспалдағы болып саналатындықтан, олардан сырт ойлау болмайды деп есептеледі. Белгілі педагог-ғалым С.Ғаббасов студенттік кезендердегі ойлау қабілетін белгілі атап өтеді: «Табиғат шебер осылайша, балалық шақтың бейнелі түсініктерінен есейтіп, абстрактылы ойлау қабілеттеріне жетелейді. Осы шақта бозбала атанған жігіттер де, бойжетken делінетін қыздар да, айналасындағы барлық құбылыстарды, ішкі жан дүниелерінің тебіреністерімен салыстыра бағалайтын болады. Тіпті олардың көрген кинолары да, оқыған кітаптары да ішкі болмыстарына соқпай кете алмайды... [74, 375 б.]. Сол себепті студенттің ойының дамуы оның атқаратын іс-әрекеттері, ішкі жандүниесімен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ поэзиясындағы түркілік сарындарды талдауда логикалық тапсырмаларды көптеп қолдануға болады.

Тапсырманың мақсаты:

- студенттерді поэзиялық шығарманы мәнерлеп оқуға төсөлдіру;
- студенттердің есте сақтау қабілетін шындау;
- студенттердің логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру;
- өзіндік ой қортындыларын жасауға төсөлдіру.

Мәселен, студенттерге ақын-жазушылардың шығармалары беріліп, олардың ішінен кейбір сөздер мен сөз тіркестері алынып тасталып, шығарманы толықтыру тапсырылды:

..., айбатыма кім шыдар?
 ..., маған қарсы кім тұrap?
 Көкте – бұлт, жерде – ... гулеген,
 ... – желдің жөнін кім сұrap?
 Көкте – ..., көпке нұрым шашамын,
 Көнілге алсам, қазір ғарышқа асамын,
 Шеті, тұбі жоқ ... қаракөк,
 Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

...мен, келме жақын – жанарсың,
...мен, шаңыма ермей қаларсың.

Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
(М.Жұмабаев. «Мен кім?» өлеңі) [79, б.45].

Қажетті сөздер: арыстанмын, жер еркесі, теңізбін, желмін, жалынмын, жолбарыспын, жер еркесі, тұлпармын.

Логикалық тапсырманы орындау арқылы студент:

- көркем мәтінді талдауға бейімделеді;
- пікір алмасу дағдысы қалыптасады.

Нәтижесінде берілген логикалық тапсырма топтық немесе ұжымдық жұмыстар арқылы орындалып, студенттерді өзара пікір алмасуға жетелейді. Тақырыпқа деген қызығушылығын туғызады, логикалық ойлаудың дамытады, өзіндік ой қалыптастырады. Студенттер өз нұсқаларын қойғаннан кейін, үйге өздік жұмыс ретінде ақын өлеңдеріндегі ұлттың генетикалық негіздерін көрсету ерекшеліктерін сарапау тапсырылады. Студенттер М.Жұмабаевтың өлеңдері мен поэмаларын талдау арқылы түркілік сарынның қалыптасуына не тұрткі болғандығын анықтайды.

Психологияда адамның жаңы қиналып, санасты ойға толып, қиналған сәтінде немесе туындаған мәселеге жауап іздеуде оның көңіл-күйі толығымен өзгеретіні айтылады. Біреуде ол ашу-кең, біреуде ол ішкі күйзеліске әкелсе, енді біреуде рухты сөзге негізделеді. Бұл психологиялық көріністер адамның ақыл-парасаты, әлеуеті, тұа біткен мінез ерекшелігімен сипатталады. М.Жұмабаев поэзиясында түркілік сарын элементтері осындай сипатта көрініс тапқан. Жалпы ақынның өлеңдері психологиялық толғаныстарға толы. Мысалы ол күн дидарлы асыл тегіне сүйеніп, пайғамбар болып келіп, бар әлемге жарық күн сыйламақ ниетін танытады:

Қап-қара тұн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Тұн баласы көр көзінен жас тәгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күніренеді: мен де көктей күніренем.
Жердің жүзін қаранғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! [79, б.23].

Осы өлеңде ақынның дәстүрлі ислам дініндегі «пайғамбар» ұғымына мұлде басқа қырынан, яғни түркілік таным тұрғысынан келуін байқаймыз. Бұл – жаратылыстағы барлық асыл, қасиетті нәрсeler мен құбылыстардың барлығы Күннен жаралған деген көне түркілік мифтік ойлау сарынының Мағжан поэзиясында соншалықты ұтымды, әрі көркем қолданыс тапқанының дәлелі.

Ешкімге ұқсамайтын өршіл поэзиясында лирикалық толғаныстарының өзін ұлттағырымен, туған елінің келешегімен байланыстыра жырлаған Мағжан шын мәнінде «түрікшіл» болды. Оның қоғамдық-саяси қызметтегі ұлтшылдық ұстанымдары шығармашылық ғұмырнамасында да айна қатесіз қайталаған. Мызығымас азаматтық позициясынан еш айнымаған Алаш арьсы саяси өмірде қол жеткізе алмаған арманын поэзиядан іздеді. Сұлу сөзді шумақтардан елінің бақытын іздей отырып, кей сәттерде шарасыздың күйін кешеді. Ақын поэзиясындағы көне түркілік сарынды талдатуда студенттерге концептуалдық талдау жасатуға болады. Ол үшін студенттерге ақын поэзиясындағы негізгі тірек сөздерді тапқызып, осы тірек сөздердің ассоциативтік өрісін таратуға тапсырма беру қажет. Мәселен, шығарманы талдау үшін студенттерге ақынның «Орал» өлеңі ұсынылады. Өлеңді талдамастан бұрын студенттерге славян тектес теріскейдегі көршілермен арадағы бірнеше ғасырлық алыс-жұлыс пен ақыр соңындағы толықтай бодан болу үрдісінің нәтижесін ерекше психологиялық күй арқылы бергендейдігі айттылады. Зерттеушілердің осы өлеңге қатысты көзқарастары келтіріледі. Әдебиетші-ғалым Б.Қанарабаевың осы өлеңге қатысты пікірі баяндалады: «Осы өлеңдегі солтүстікті – тұн, шығысты – күн деп образды бейнелеуіне зороастризм ілімі тұғысынан қарағанымыз да жөн. Осы ілім бойынша әлемдегі нәрсенің бәрі бір-біріне қарама-қарсы тұрган екі топқа бөлінеді [80, б. 217]. Яғни, адамның психологиялық қасиеті ретінде қайрымдылық пен зұлымдық, қайғы мен қуаныш, ашу мен ыза талданады.

Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,
Өлім – түн, өмір – гүлді Гун даласы.
Өмір менен өлімнің шекарасын
Ұйықтап озбак ежелден жер баласы.

Екі дүние: күн мен түн, өмір – өлім,
Бірі – бесік, біреуі – даяр көрің.
Бала болып жата бер бесігінде,
Сар даланың еркесі – қазақ елім

Кесте 2 – Ақын поэзиясындағы тірек сөздердің талдау үлгісі

Ақын поэзиясындағы тірек сөздер	Тірек сөздердің мағынасы	Талдау	Теория элементі	Жазба жұмыс түрі
Күн мен түн	Күн – қуаныш пен үміттің, сәуле мен жарыктың белгісі. Түн	Ақынның аталған тірек	Үзіндіде кездесетін өлең, көркем	Үзіндінің негізінде астарлы ой

	- қайғы мен мұнның, түнек пен тамұқтың белгісі.	сөздерді негіз етіп алудағы идеясы.	қара сөз, ұлттық қа-сиет, міnez, машиқ ұғымдарына талдау жасау.	арқылы күн мен түнге қатысты өз көзқарасын білдіруі.
Өмір мен өлім	Өлім қара түнек түн секілді, өмір гүлге оранған, сәулемен нұрланған сар даласы секілді.	Ақынның аталған тірек сөздерді негіз етіп алудағы идеясы.	Ұзіндіде кездесетін өлең, көркем қара сөз, ұлттық қа-сиет, міnez, машиқ ұғымдарына талдау жасау.	Ұзіндінің негізінде өлім мен өмірдің мәні туралы эссе жазу.

Тақырып бойынша мұндай өзіндік ой қорытындысын жасау, өз пікірімен бөлісу студенттің логикалық ойлау қабілетін дамытады. Бұл туралы да әдіскер-ғалымдар мен психологиярдың ойлары әртүрлі.

Галымдар білім алушының оқыту мен дамытудың арақатынасы мәселесінің шешімін түрлі жолдар арқылы қарастырады:

- Н.А.Менчинская, Д.И.Богрявлена, Е.А.Кабанова-Миллер білімді, іскерлікті және дағдыны менгеру тиімділігін ақыл-ой іс-әрекеттерінің тәсілдерін жетілдірудің көмегімен арттыруға болады деп дәлелдеді;

- Б.Г.Ананьев, А.А.Люблинская оқытудың түрлі әдістерінің арту жағдайын зерттеуге мән береді;

- П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина баланың ой-өрісінің дамуына ақыл-ой әрекеттерінің кезеңді қалыптастырудың әсерін зерттеді;

- Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин оқытудың дамытушылық әсері педагогикалық әрекеттер мазмұнында проблемалы оқытудың рөлін арттырғанда ғана артатынын дәлелдейді[81].

Психологиялық және педагогикалық теорияларды қортындылау негізінде, осы ұғымдардың әрқайсысы жөніндегі түсінік нақтылана түсті. Жалпы қолданысқа төмендегі ұғымдар енгізілді:

- даму – бұл организмнің жүйке жүйесінің, психикасының, тұлғаның сандық және сапалық өзгерісінің көрінісі;

- оқыту – қоғамдық-тарихи тәжірибелі мақсатты жеткізу, білімді, іскерлікті және дағдыны менгеруді үйымдастыру үдерісі.

Сондықтан қазіргі оқыту үдерісі психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді.

Шығарманы талдау барысында студент өзін-өзі саналы түрде ізденуге жетелейді. Ішкі танымдық қажеттілік туындаиды. Студент талдауға құрылған тапсырмаларды орындау арқылы ойлауға, пайымдай білуге, ой қорытындысын шығаруға төсөледі. Психолог-ғалым М.Мұқанов айтқандай, «Ойлау – табиғат пен қоғамдағы обьективті күштердің мәнін ашатын психологиялық үдеріс, адамның шығармашылық қабілетінің ең жоғарғы түрі [82, б.32]. Оқытушы әрдайым студенттің ойлау қабілетін дамыту үшін оны өзінің пәніне деген қызығушылығын оятуы қажет. Қызығушылықтың өзі білім алушының

игерілетін тақырып пен пәніне деген психологиялық жай-күйінен, оқытушыға деген эмоционалдық көніл-күйінен туындаиды. Ол студенттің берілген тапсырмаларды орындаудынан, тақырыпқа қатысты келелі мәселелерге мән беруінен, өзіндік тұжырым шығаруға белсенділігінен деген байқалады. Дәрісханадағы студенттердің пәнге деген қызығушылығы әр түрлі болуы мүмкін.

Студенттердің пәнге деген қызығушылығы түрлі деңгейде болуы ықтимал. Кейбір білім алушылар тақырыпқа қатысты қарапайым фактілер мен мәліметтерге назар аударса, екіншілері тақырып бойынша толық дәлелденбеген, ізденудіқажет мағлұматтарға көніл аударуы мүмкін. Осыған орай, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда студенттердің қызығушылығын арттыру үшін төмендегідей жұмыстарды жасатуға болады:

- студенттердің тақырыпқа қатысты мағлұматын қалыптастыру мақсатында бейнебаяндарды пайдалану;
- жеке психологиялық қабілеттерін дамыту мақсатында логикалық, танымдық тапсырмаларды ұсыну;
- әрдайым білім алушағы енбеккорлығын, белсенділігін, ізденушілігін, т.б. атап өту.

Студент өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, бағыт-бағдары айқын жеке тұлға болғандықтан, оның қызығушылығын тудыру оңай шаруа емес. Сондықтан тапсырма бергенде оның деңгейіне сай жұмыстарды орындау қажет. Студентті қызықтыратын мәселе төңірегінде ой қозғап, оны зерттеу жұмыстарына баулыған жөн. Яғни, оқытушы тек нұсқаушы, бағыт-бағдарқөрсетуші рөлінде болу керек, ал студент берілген тапсырманы орындаушы, пікір қалыптастырушы ретінде көрінуі қажет.

Студенттің тақырыпқа деген танымдық қызығушылығын дамыттып, ойлау қабілетін жетілдіру үшін оқытушы өзінің әр сабағын түрлендіріп өтүге бейімделуі тиіс. Үнемі бір формада, бір қалыпта өтілетін сабактар кез келген студентті тез жалықтырып жібереді. Сондықтан студенттің пәнге деген қызығушылығын арттыру оқытушыдан үлкен ізденісті, қажырлы енбекті талап етеді. Студенттің қызығушылығын ояту оның зейінін аударумен тікелей байланысты. Мәселен, білім алушының тақырыпқа деген назарын аудару үшін қазақ поэзиясындағы түркілік сарынды оқытуда оқытушы технологиялық карта формасын қолдануына болады. Педагогикада технологиялық карта білімді қолдану, тақырыпты менгерту, қызығушылықты ояту үшін қолданылады.

Кесте 3- Тақырып бойынша технологиялық карта үлгісі (А.Әлімовтің үлгісі негізінде)

Технологиялық кезеңдер	Ұстаздың әрекеттері	Студенттің әрекеттері
1	2	3

<p>Индукция – әр студенттің талқыланатын мәселеге деген көзқарасын анықтау</p>	<p>- Берілген үзінділер бойынша қазақ халқының қазіргі бейнесін сипаттаңыз.</p> <p>A) С.Иманасов «Қазақ» өлеңі:</p> <p>Қазақ дейтін халық бар піл еңсели,</p> <p>Кілең батыр шетінен, кілең сері, –</p> <p>Қарсы келіп қалғанда қас жауындың</p> <p>Қалтырайды қарадай тілерсегі.</p> <p>Б)Жанат Эскербекқызы:</p> <p>Көктүркінің ұланы неге болмадым,</p> <p>Бөрілі туды көтеріп,</p>	<p>Қазіргі қазақ халқының бейнесін сипаттайтының ойларын, ассоциацияларын жазады, сұрақтар құрастырады.</p>
--	--	---

3 – кестенің жалғасы

1	2	3
	Бөрідей жауға тиетін	
	Шығышығы торғай көз сауыт киетін. - Узінділер бойынша туындаған сұрақтарының, ассоциацияларынызды, т.б. жазыңыздар.	
Өзін-өзі конструкциялау	-Қазіргі қазақ поэзиясындағы қазақ халқының қазіргі кескін-келбеті жайлы бар білгендерінізді жазыңыздар.	Студенттер тақырып бойынша алған барлық ақпараттарын, өз білгендерін жазады.
Әлеуметтік конструкция	Жұптық жұмысты ұйымдастырады: -жазғандарынызben алмасыңыздар. -қандай нәтиже шыққанына назар аударыңыздар. -өз білетіндерінізben жұбынызben бөлісініздер.	Тапсырманың шарты бойынша жұптасып жұмыс жасайды.
Әлеуметтендіру	-Төрт адамдық топқа бөлініп, алынған нәтижелермен бөлісініздер. -Қосымша пікір білдірініздер.	Топ құрамында жұмыс істейді. Пікірлерді талдайды.
Жариялау	Топтық жұмыс нәтижелерін жариялауды ұйымдастырады. Қажетті түсініктерді береді.	Топтық жұмыс нәтижелерін жариялады. Бір-біріне сұрақтар қояды.

Әр тақырыпты өткенде студенттің ойлауына түрткі болатын проблемалық сұрақтарды қою да орынды. Проблемалық сұрақтар білім алушының психологиялық даралық ерекшеліктері таным-түсінігінің деңгейін көрсетеді. Ойлауды талап ететін проблемалық жағдаят студенттің эмоциялық көңіл-күйіне де әсер етеді. Әдіскер-ғалым М.Махмудов атап көрсеткендегі, «Әрі таныс, әрі бейтаныс мәселелерді қатар қамтитын проблемалық мәселе оқушы зейінін тез аударумен бірге баланың ынтасын, ерік-жігерін бір бағытқа жұмылдырады. Бұл баланың қыындықты түсініп, одан шығудың жолдарын іздестіруге, табуға итермелейді. Ол тапсырманы өз жолдастарынан бұрын шешуге мүдделі болады [83, б.112]. Дұрыс ұйымдастырылған проблемалық оқу нәтижесінде студенттің талдау, салыстыру, жинақтау, қорыту секілді қабілеттері қалыптасады. Дидактикалық түрғыда танымдық белсенділік сұрақ, тапсырма, көрнекілік, ой қорытындысын жасату, т.б. арқылы туындаиды. Мәселен, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытуда әр кезеңдегі проблемалық мәселелерді салыстыру арқылы студенттің өзіндік пікірін қалыптастыруға болады. Бұл студенттің пәнге деген қызығушылығын оятумен қатар, өзінің ойын ашық

айтуға төсөлдірді және де кез келген проблеманы шешуге бейімделеді. Осында ықпал етудің негізінде студент білімді даяр үлгілер бойынша қабылдамайды, керісінше өзіндік қорытынды жасауға дағыланады, дербес танымдық әрекеті қалыптасады, өздігінен жұмыс жүргізуге үйренеді, талдау, салыстыру, жалпылау, нақтылау арқылы тың ақпарат ала алады. Студенттің қабылдау мен зейіні дамиды, шығармашылық ойлау қабілеті шындалады.

Педагог зерттеуші З.И.Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша, тиімді өнімді және шығармашылықты ойды қалыптастыратын оқыту дамытуы болып есептеледі. Тиімді ойды оқып білім алудың негізі деп қарастыра отырып З.И.Калмыкова тиімді ойлаудың ерекшеліктерінің сырттайғы көрінісі – жаңа білімді өз бетінше игеру және оны іс-әркетте қолдана білу деп біледі. Мұндай ойдың негізгі көрсеткіштері:

- ойдың жеке даралығы, әдеттегіден тыс жауапты таба білуі;
- ассоциациялық байланыстардың пайда болуының жылдамдығы және дамуы;
- мәселенің ұғымдылығы, оның әдеттегіден тыс шешімі;
- ойдың жүйріктігі – кейбір талаптарға сәйкес уақыт бірлігінде пайда болатын ассоциациялық идеялардың саны [84,б.43].

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың психологиялық негіздерін анықтауда психолог-ғалымдардың ақыл-ой дамуы туралы көзқарастары мен пікірлері басшылықта алынды. Ақыл-ой дамуының кезеңдік теориясын басшылықта ала отырып, жаңа әрі тиімді оқыту жүйесін жасаудың нәтижесін сипаттауда студент бойында қалыптастырылған дағылар мен жағымды әсерлерден анық байқауға болатындығы анықталды. Жоғары мектепте студенттерге пән бойынша дайын фактілер мен ақпараттарды жаттанды түрде оқытып, қажетті іскерлік-дағыларды үстірт қалыптастырумен шектелмей, сол білімді студенттердің өз беттерімен саналы түрде игеруіне жол көрсетіп, шығармашылықпен ізденуіне бағыт берудің маңызы зор. Ол Қазақстанның болашағы, жастардың бойында белсенді өмірлік позицияларды қалыптастырады, өз ісіне, алға қойған мақсат-міндетіне деген биік жауапкершілікті, білімге деген сапалы көрсеткішті қалыптастырудың жолдарын айқындалап, сарапал береді. Бұл пәннің әлеуметтік дамудағы рөлін, студенттің жан-жақты дамыған жеке тұлға етіп қалыптастырудың орнын белгілей отырып, оқытудың негізгі міндеттері мен басты бағыттары, оларды жүзеге асыру тенденциялары ғылыми түрғыда нақтылай түсуді қажет етеді. Сол себепті тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде халықтық педагогикаға қарай бағытталуда және де атабабаларымыз қалдырған ұлттық құндылықтар мен әдеби-мәдени мұраларды қадірлеуге негізделуде.

Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі жаңа технологиялар мен парадигмаларды талдау арқылы оқытылады. Студент – өзіндік даралық қабілеті қалыптасқан, жеке пікір білдіруші ақыл-ой иесі. Ол – дамудың жоғарғы сатысына көтерілген дербес субъект. Сондықтан оның жеке психологиялық

ерекшеліктері міндетті түрде ескерілуі тиіс. Әлеуеті жоғары, ой-өрісі кең, танымдық қабілеттері жете дамыған студент тақырыпты тез игере алады.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың психологиялық негіздерін зерделеуде, ондағы психологиялық қасиеттердің әлеуметтік қоғамды сипаттаудағы іс-әрекеттерін былайша топтастыруға болады:

-біріншіден, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын элементтері адамзаттық рухани құндылықтарға негізделеді, адам бойындағы жақсы/жаман қасиеттерін бейнелеу арқылы дұрыс тәрбиелеуге бағыттау;

-екіншіден, тәлім-тәрбиені дұрыс, жүйелі қалыптастыра отырып, атабабаларымыз аңсаған әділетті, тәуелсіз ел болуға үндеу;

-үшіншіден, қазақ елінің болашағы жастардың бойында адамгершілік, имандылық қасиеттердің қалыптасуы;

- төртіншіден, рухани құндылықтарға негізделген «Мәңгілік ел» тұжырымдамасының жүзеге асуы.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда рухани құндылықтардың жүзеге асуы барынша кеменгер ой мен парасаттылыққа құрылған. Олардың мән-маңызын ашып, зерттеп-зерделеу арқылы халқымыздың терең психологиялық таным-түсінігінен хабар аламыз.

2.3 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың педагогикалық-дидактикалық негіздері

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу және даму тарихын анықтау мәселесі педагогика ғылыминың маңызды бір міндеті болып есептеледі.

«Әдебиет әдістемесі, - дейді көрнекті әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Көшімбаев, - педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабактары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол педагогика ғылыминың, оның теориясының жалпы қағида, ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет әдістемесі педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып-үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін өз шенберінде ғана алып баяндайды» [85, б. 5]. Мұнда ғалым әдебиет әдістемесі ғылымның жалпы педагогика ғылымымен өзара байланысты болатынын айтып отыр. Әдістеменің қолданбалы ғылым екендігін және ол жалпы дидактиканы негізге ала отырып, сан алуан дәрежеде түрлене алатынын көрнекті педагог Ж.Аймауытұлы да айтып кеткен. Ол жалпы дидактика – барлық пәндерге тиісті оқытудың жалпы зандары, жолдары, оқыту жайындағы мәселелер жөнінде, ал жеке әдістеме дидактиканың жалпы ережелерін тек пәндерді оқытқанда қалай орайластыру, қалай пайдалану, қандай әдіс қолдану керектігі туралы баяндайтынын ескерtedі [86].

Ана тілі мен әдебиетімізді оқытудың әдістемесі жөніндегі ғылым тарихында Ахмет Байтұрсынұлының көшбасы болғаны баршага аян.

А.Байтұрсынұлының оқудың негізі білімді өз бетінше меңгеру екенін айтқан құнды пікірлері әлі күнге дейін педагогиканың өзекті мәселесі болып отыр. Бұл оқушының оку әрекетіндегі субъектілік қызметін арттыру міндетімен үйлесімде болатынын көрсетеді. Оның «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегіндегі тұжырымды ойлары бүгінгі қазақ әдебиеті әдістемесінің де негізгі аяқ тірер бағалы пікірлеріне жатады. Өйткені, баланың білімді өздігінен алу жолдарын анықтау – әдістеме ғылымының басты қызметі мен міндеті. Бұл мәселелер А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әлифба астары» сияқты әдістемелік еңбектерінде де молынан айтылған. А.Байтұрсынұлының әдіскерлік пікірлері Мағжан Жұмабаев еңбектерінде жалғасын тапты. Ол баланы көркем әдебиетпен таныстыруға ерекше назар аударды. Ұлы ақын әрі ағартушы әдеби шығармамен жүргізілетін жұмыстардың жүзеге асырылуын мектептен бастап мұқият дайындау керектігін айтЫП, өзінің «Бастауыш мектептегі ана тілі» атты әдістемелік еңбегін жазды. Онда ол төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін ұсынды. М.Жұмабаев сол кездегі жасаған жүйесі қазіргі әдебиеттік оқу курсына да негіз бола алатынын анық байқауға болады.

Әдіскер-ғалым Б.Сманов өз зерттеуінде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының іргетасын қалап, негізін салуда өзіндік ой-пікір, ғылыми тұжырымдарымен әдістеме тарихынан орын алған А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, Б.Майлин, Т.Шонанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Ф.Мұсірепов, С.Сейфуллин, С.Сейітов, т.б. және 1940-2010 жылдар аралығындағы әдебиетті оқыту әдістемесінің кемелденген шағында оқулықтар мен бағдарламалар жасауда А.Көшімбаев, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Кәрібаев, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Ш.Аманов, Т.Әбдірахманов, Е.Ісмайылов, М.Базарбаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Х.Әдібаев, Н.Ғабдуллин, Т.Ақшолақов, М.Мырзахметов, Ә.Дайырова, Р.Нұргалиева, А.Қыраубаева, К.Назарғалиева, А.Нұрқатов, Б.Сахариев, Ә.Шәріпов, Қ.Тасболатов, С.Қалиев, Ә.Дербісалин, М.Қараев, Т.Жұмажанова, С.Мақпырұлы, Қ.Мырзағалиев, Е.Жұматеева, Г.Құрманбаева, Б.Әрінова, Қ.Жаманбаева, А.Тамаев, Б.Жұмақаева, Д.Ансабаев, Н.Дөкенова сынды т.б. ғалымдардың еңбектері қазақ әдебиетін оқытуудың пән ретінде зерттелу тарихында өз орындарын алғандығын атап көрсетеді. Олар ұстанған әдістемелік ой-пікірлердің әдебиетті оқыту әдістемесіндегі маңызы мен мәнділігін ғылыми тұрғыда дәйектеу, зерттеу олардың жұмысының өзектілігін танытты. Қазақ әдебиеті пәннің орта мектепте оқытылу тарихын зерттеу оның әр түрлі кезеңдер арасындағы занды байланыстарын ашып, әдістемелік ойдың бірте-бірте кемелдене түскенін байқатады.

Қазіргі кезде республикамыздың егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда жеке тұлғаның бойында ұлттық құндылықтар мен қасиеттерді дамыту арқылы Қазақстандық отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығы Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беру ісін дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік «Білім»

бағдарламасында, Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы халықта жолдауларында, білім стандарттары мен тұжырымдамаларында т.б. нормативтік құжаттардан айқын аңғарылады. Қазақ халқының әдеби-рухани тәрбиесінің тамыры тереңде жатыр. Халқымыздың тарихында дәстүр жалғастығы арқылы қалыптасқан отансуйгіштік пен патриотизмнің үлгілері мол. Ол қазақ поэзиясындағы түркілік сарын элементтері арқылы да көрініс тапқан. Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиялық даму бағдарламасында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» – деп көрсетті [87]. Яғни, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің алдында тұрған басты міндеп – білім алушылардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан рухани дүниені, әдеби мұраны сініру. Отанына, жеріне, қазақ еліне, халқымыздың дүниетанымына, өзіндік ой-пікірлеріне деген патриоттық көзқарасты қалыптастыру, білімді де білікті маман даярлау. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық үйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» – деген еді [88, б. 4]. Сол себепті жоғары мектепте қазақ поэзиясындағы тәуелсіздік рухын оятатын түркілік сарынды оқытудың мәні ерекше. Себебі, «Әдебиеттегі шығармалар ойды да, сезімді де тәрбиелейді, міnez-құлықты қалыптастырады. Оқырман жағымды кейіпкерлерге еліктейді, одан үлгі алады. [89, б. 6].

Тәуелсіз еліміздің ғылыми-әдеби, рухани-мәдени дамуының негізгі қозғаушы күші – болашақ тіл мен әдебиеттің кәсіби мамандары. Қазіргі білім алушылар, ертеңгі кәсіби мамандардың мемлекет білімі мен ғылымының дамуына белсенді араласуы олардың сапалы да нәтижелі білім алуына тікелей байланысты. Сапалы және нәтижелі, әлеуметтік қоғам сұранысына сай жоғары білім беру белгілі бір қалыптасқан жүйе, заңдылықтар және ұстанымдардың көмегі арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы бірынғай еуропалық білім кеңістігіне ену мақсатында Болон Декларациясына қосылғалы бері мемлекетіміздің жоғары білім беру жүйесін сол үдеріске қатысушы елдердің білім беру жүйесіне сәйкестендіру бағытында іс-шаралар атқарылып жатыр.

Жоғары білімді жетілдіру әрбір жеке тұлғаның сапалы білім алуына алғышарттар жасауға негізделеді. Яғни, білім алушының жеке даралық қасиеттері мен құндылықтарын ескере отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар мен заңдылықтарды игеруге бағытталған мазмұндағы білім беруге әкеледі.

Жоғары кәсіби білімді жаңа технологиялар арқылы менгерту студент игерген, қалыптастырған білік-дағдыларын адамзат игілігіне қолдану үшін сол ақпаратқа қол жеткізуге кең мүмкіншіліктер ашуды мақсат етеді. Білім беруді жаңа технологияларға негіздел жүргізу дегеніміз – жеке тұлғаның танымдық және шығармашылық қабілеті мен мүмкіншіліктерін дамытуға бағытталған оқыту жүйелерін жасау. Ондай білім беру жүйелері психо-педагогикалық және

дидактикалық тұрғыдан терең талданып, тексерілген жаңа технологиялар жүйесімен оқыту арқылы іске асады. Жаңа заман талаптары мен қажеттіліктеріне, әлеуметтік қоғам сұранысына сай, дидактикалық ұстанымдарға негізделген оқыту жүйесінің жасалуы білім алушының алған білімін тиімді пайдалануда, сол секілді әдебиет сабағын оқып-үйренуде өзіндік бағыт-бағдар беріп, қалыптастырған білім, білік, дағдыларын тиімді пайдалануда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі танда әлеуметтік қоғамда болып жатқан жаңа технологиялар мен түрлі технократиялық құбылыстар жеке тұлғаның дамып, қалыптасуына тікелей әсер етуде. Әлемдік халықаралық үдерістермен қатар жаңа ақпараттық іс-әрекеттерге негізделген білім мен ғылым жүйесі де барлық салаларды жаңаша ұйымдастыруға, оны басқа қырынан танып-білуге, зерттеп-зарделеуге бағытталған. Сол себепті тұлға әрекетінің маңызды бөлігі болып табылатын білім жүйесі де заман талабына қарай өзгерістерге ұшырауда.

Қазіргі ақпараттандыру қоғамына сай әлеуеті жоғары, мәдени-рухани, әлеуметтік және ғылыми-техникалық негізі қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу, оны оқытуда жоғары білім сапасына қол жеткізу – жоғары мектептің басты мұддесі. Себебі, жоғары білім – әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіруді қамтамасыз ете отырып, еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағынан дамуының шешуші факторы болып саналады. Сондықтан білім беру жүйесіндегі оқыту ұстанымдары білім алушының рухани-танымдық қажеттілігін өтей отырып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, белгілі бір салада кәсіби әрекет етуге дайындейді, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі.

Негізінен оқыту ұстанымдары – оқытушы мен білім алушының сабак үдерісіндегі бүкіл іс-әрекетін реттеп, оны дұрыс жолға бағыттайтын, сабактың сапалылығына кепіл болатын ережелер мен заңдылықтардың жиынтығы. Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқыту мен тәрбиелеуге қатысты қойылатын басты талаптар тұжырымдалады. Оларды сапалы орындаған, тиімді жүзеге асырған кез келген оқытушы жемісті табыстарға қол жеткізеді.

Дидактикада оқыту ұстанымдарын алғаш ұсынған, ғылыми негізденген және бір жүйеге түсірген атақты педагог – Ян Амос Каменский. Ол адамзат баласы табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан, оқыту да табиғат пен адам тәуелді болатын заңдарға байланысты екенін дәлелдеп берген. Сол себепті ол оқытудың ең басты ұстанымы бұл – табиғатқа сай болу принципі деп көрсеткен. Ал И.Г.Песталоцци оқытудың ұстанымдарының ішінде көрнекілік принципін ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды қурал деп санаған. К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оған психологиялық тұрғыдан қараған. Оқыту ұстанымдары туралы М.А.Данилов, М.Н.Скаткин, А.П.Пинкевич, И.П.Подласый, Н.Медынский, Т.Сабыров, т.б. секілді педагог-ғалымдар өз еңбектері мен ғылыми зерттеулерінде негізгі көзқарастарды қалыптастырып, пікірлерін білдірген.

Қазіргі кезде оқыту үдерісінде *саналылық*, *белсенелік*, *көрнекілік*, *жүйелілік*, *бірізділік*, *беріктік*, *түсініктілік*, *ғылымилық*, *теория мен тәжірибе*

бірлігі секілді бұрыннан қалыптасқан ұстанымдар кеңінен қолданылады. Бұл ұстанымдардың талаптары оқытушылардың түрлі ережелерді қолдануы арқылы жүзеге асады. Себебі, оқыту ұстанымдары – педагогикалық үдерісті тікелей реттеп отыратын құбылыс.

Ұстанымдарды тиімді қолдану оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастыруға, оның мақсат-міндетін айқындауға, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен амалдарын дұрыс қолдануға әкеледі. Профессор Т.Сабыров өз еңбегінде: «Оқыту принциптері оқу процесінің барлық бөліктеріне (мазмұны, оқыту әдістері мен ұйымдастыру формаларына, т.б.) қатысы бар, солардың берінен жалпы бағыт-бағдар белгілейтін негізгі талаптар екенін білу керек... Оқытудың кең түрде қолданатын негізгі принциптері мыналар: *оқытудың гылымилығы, жүйелілігі мен бірізділігі, оқытудағы оқушылардың саналылығы мен белсенделілігі, оқытудағы көрnekілік, білімнің берік болу принциптері*. Бұлардан басқа мына жаңа принциптерді қосқан жөн деп ойлаймыз: *мотивация принципі, проблемалық принцип, интеграциялау принципі*. Осы принциптерді ұсыну қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, рухани өзгерістерге сондай-ақ халыққа білім беру саласы мен мектепті оқу-тәрбие жұмыстарындағы қайта құру процестеріне байланысты» [90, б. 23] – дейді. Ғалым соңғы жылдары әдіскерлер қазақ әдебиетін оқытуда мынадай жалпы ұстанымдарды басшылыққа алатындығын атап көрсетеді: «*гылымилық ұстаным; жүйелілік және жоспарлылық ұстанымы; оқушылардың саналылық пен белсенделік ұстанымы; қолжетімділік ұстаным; пәнаралық байланысы ұстанымы; көрnekілік ұстанымы; инновациялық ұстанымы; оқытудың тәрбиелік ұстанымы*. Бұл жалпыидидактикалық ұстанымдар – тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін мектепте, жоғары оқу орындарында, т.б. оқу орындарында оқыту үдерісінің басты қағидалары ретінде танылады» [91, б. 9]. Біз өз зерттеуімізде қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда мынадай негізгі ұстанымдарды басшылыққа алдық: *теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы; студенттердің жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы; гылымилық ұстанымы; көрnekілік ұстанымы; жүйелілік және бірізділік ұстанымы; саналылық пен белсенделік ұстанымы; ақпараттық ұстаным*. Бұл дидактикалық ұстанымдарды таңдал алуға зерттеу нысанының өзіндік ерекшеліктері әсер етті.

Оқытушы сабак барысында үнемі теория мен практиканы байланыстырып отыруы қажет. Себебі, *теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы* классикалық философияның өмір, тәжірибе таным көзімен үйлестіруіне негізделген. Жалпы теорияны практикамен ұштастыру студенттерге дұрыс бағыт-бағдар береді, оларды белсенді іс-әрекетке әзірлейді. Ол арқылы жеке тұлға қалыптасады. Оқытудың өмірмен, теорияның тәжірибемен байланысының жақсы болуы білім мазмұнына, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға әсер етеді. Әр тақырыпқа студенттің назарын аударту оларға берілетін білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар, танымдық қабілеттерін де дамытады. Ол үшін студенттерге өздік жұмысы ретінде мынадай тапсырмалар беруге болады: қазақ поэзиясындағы әр кезеңдегі көне түркілік

сарынды сипаттайтын элементтерге қатысты диаграмма құрастырыңыз, болмаса салыстырмалы кесте дайындаңыз. Мұндай тапсырмалар студенттердің алған теориялық білімдерін іс жүзінде ұштастыруға көмегін тигізді. Яғни, студенттердің тың ақпараттармен жұмыс жасай білу қабілеті артады, кез келген қажетті ақпаратты талдай алады, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Себебі, әдебиетті жете түсінудің негізі білім алушының көркем шығарманың эстетикалық әсерін сезіне білуінде. Яғни, Қ.Мырзағалиевтің еңбегінде сипатталғандай, «мұғалімнің оқыту тәжірибесіндегі ой жібере оку, эвристикалық әңгіме жүргізу, зерттеу және репродуктивті әдістер мен оның әртүрлі амалдарын қолданудың бәрі де көркем шығарманы, әдеби-теориялық ұфымдарды жете менгертуді көздейді» [92, б.4].

Көркем шығарманы талдау барысында студенттер тек оның мазмұнымен ғана танысып қоймайды, сонымен бірге теориялық алған білімін тәжірибе жүзінде талдай алады. Ол туралы жыраулар поэзиясының табиғатын талдап, зерттеген әдіскер-ғалым Б.Д.Жұмақаева былай дейді: «Жоғары оку орындарында да, мектепте де әдебиеттен көркем шығарманы талдау – аса маңызды процесс болып саналады. Көркем шығарманың көркем әлемін тану оны оқудан басталады. Көркем дүниенің көркем бейнесін көзben көріп, ой түйсігінен өткізу, адам миының терең «айнасында» оның бейнесін жасау маңызды процесс екендігінде дау жоқ» [93, б. 3]. Сол себепті студенттер көркем шығарманы тек оқып қана қоймай, сонымен бірге алған теориялық білімдері мен біліктілерін практикада жетілдіріп, көркем шығарманы жан-жақты талдай білуі қажет. Мұндай талдаулар барысында сабакта салыстырмалы кестелерді пайдалану өте тиімді.

Кесте 4- Салыстырмалы кесте үлгісі

Ә.Тәжібаев (60-80 жылдар)	Темірхан Медетбек (Тәуелсіздік кезең поэзиясы)
Құл Қожахмет, өлерінді біле көргіл, Ақыреттің әрекетін қыла көргіл...	Ұлдарымыз Алшаң-алшаң жүретін, Балпаң-балпаң басатын Ханшалардың шымылдығын, Найзасының ұшымен ашатын...

Оқытудың ғылымилық ұстанымы бойынша қазақ поэзиясындағы әр кезеңдегі көне түркілік сарынды сипаттауда негізгі теориялық мәселелер мен ұфымдар негізге алынуы тиіс. Яғни, студенттерге тақырып мазмұны бойынша берілетін нақты білім әдебиеттегі өзекті мәселелерге, ғылыми ақпараттарға байланысты оқытылуы қажет. Тек белгілі ғылыми ұстанымдарға сүйенген ұстаз болашақ маманның білімі мен білігін жетілдіріп, теориялық білімін қалыптастыра алады. Мәселен, қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын туралы алғаш мағлұмат берілгенде, оның дамуы мен қалыптасуы жайлы, қазіргі қазақ поэзиясындағы толғау, мінажат жанрлары туралы толық ақпарат беру керек. Студенттерге қазақ әдебиетіндегі көне түркілік сарынның ақын

жыраулар поэзиясынан бастау алатындығын, кейін бұл әдеби үрдістің дәстүр жалғастығы XIX ғасырдағы жазба әдебиетте көрініс тапқандығын, XX ғасырдағы жаңа сипаттағы қазақ поэзиясында бейнеленгендердің жайлы толық ақпарат беруі қажет. Сол кезде ғана студенттің білімі тек тақырып деңгейінде қалып қоймайды. Яғни, аталған тақырып бойынша студенттерге терең мағлұмат беру арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осы ретте оқытуудың ғылыми ұстанымының маңызы өте зор. Сонымен қатар ғылыми ұстаным негізінде тақырыпты менгертуде пәнаралық байланыстарды да қолдану жөн. Әр кезеңдегі дәстүр жалғастығын сипаттау барысында тарихи оқиғалардан мысал келтіріп, студенттерді қызықтыра білу керек, пәнаралық байланыс ретінде «Қазақстан тарихынан» алған білімдерін негізге алу ұтымды болар еді.

Оқытуудың жүйелілік және бірізділік ұстанымының басты ережесі: студенттің білімі берік болу үшін оның санасында қоршаған дүние жақсы бейнеленуі қажет. Ол үшін ғылыми білімдер жүйелі, бірізді және студенттердің танымдық мүмкіндіктеріне қарай беріледі. Мұнда түрлі жаттығулар мен тапсырмалар, ақыл-ой өрісін дамыту үшін логикалық жұмыстар жүргізіледі. Сол секілді тақырыпты менгертуде түрлі сыйбалар қолданып, оқу материалдарын бөліктерге бөліп, оларды рет-ретімен түсіндіру қажет. Мәселен, ежелгі және қазіргі поэзиядағы мадақ жанрының ерекшелігін сипаттауда «Пирамида құру» тәсілін қолдануға болады. Бұл тәсіл «жеке-жұп-топ-аудитория» жүйесі бойынша жүзеге асады.

1. Студенттерге аталған кезең бойынша мәтін беріледі. Мәтінмен танысып болғаннан кейін, өзіндік пікір қалыптастырады.
2. Студенттер жұпқа бірігіп, өздерінің ойларын, түсініктерін айтады.
3. Студенттер төрт адамдық шағын топқа бірігеді, туындаған мәселелерді талқылайды.
4. Сонында студенттер бүкіл аудитория болып, ортақ шешімдерді келтіреді, ең ұтымдыларын тақтаға, өздік дәптерлеріне жазады.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы студенттерге қазіргі поэзиядағы көне түркілік сарынға қатысты мағлұмат беру барысында олардың аталған тақырыпты саналы түсінуіне әсер етеді. Аталған тақырыпты студенттер жаттанды ойлау түрінде емес, саналы түрде, яғни өзіндік тұжырымдар мен пайымдаулар арқылы менгеруі қажет. Демек, пән оқытушысы да берілген материалдарды дәл, анық түсіндіріп, студенттерге өздерінің ой қорытындылауына, тақырыпты өз бетімен менгеруіне жағдай жасауы керек. Себебі, өз бетімен менгерілген білім санаға жақсы сінеді. Мәселен, XY-XVIII ғасырлардағы ақын жыраулар поэзиясындағы толғау жанрының қазіргі поэзиядағы көрінісін өткенде, әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу арқылы мынадай кестені пайдалануға болады. Ол үшін студент аталған тақырып бойынша қандай жауап беретіндігін, ақпаратты қайdan алған алатынын, қандай дереккөздерге сілтеме жасайтынын, қай әдебиетшілерден сұхбат алуға болатындығын, кімнен сауалнама алатындығын анықтайды, кейін соған сай кестені толтырады.

Кесте 5 - Тың ақпарат алу кестесінің үлгісі

Сұрақтар	Оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер	Ғаламтор	Сұхбат	Саулнама
Толғаудың ішкі шарты қандай болу керек?	A.Байтұрсынов : «Толғау жалпы сырлы болу керек. Ақын толғауы да өз көңілінің күйін айтады...».	«Поэтика kz» сайтына н ақпарат алу.	Ғалым фольклортанушы С.Сәкеннен сұхбат алу.	Топ студенттеріне н саулнама алу.

Көрнекілік ұстанымы – оку үдерісінде ертеден қолданылып келе жатқан негізгі ұстанымдардың бірі. Оның негізіне мынадай ғылыми заңдылық жатады: сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерді түрліше қабылдайды. Ең сезімталы – көру мүшелері. Олар арқылы мифа енетін қажетті ақпараттар адамның есінде жақсы сақталады. Сондықтан кейбір заттарды есте сақтау, оны жадыда қорыту көрнекіліксіз мүмкін емес. Өйткені, көрнекілік – оқыту және ақыл-ойды дамытудың басты құралы. Көрнекіліктер тақырып жайлышы нақты, анық және дұрыс мағлұмат алуға, терең түсінік қалыптастыруға көмектеседі. «Жүз рет естігеннен бір рет көрген артық» немесе «Көз айнасынан өткен көңіл айнасында бекиді», – деген қазақтың халық даналықтары осыны білдіреді. Қазіргі кезде оқытушы түрлі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануына болады. Көрнекілікті қолдану арқылы оқытушы студенттің пәнге деген қызығушылығын арттырады. В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары секілді көрнекілік түрі ретінде технологиялық картаны да пайдалануға болады.

Сабак барысында кейбір көрнекілік түрлерін студенттердің өзіне де жасатуға болады. Мәселен, көркем мәтінді талдау бойынша мынадай кесте үлгісін ұсынуға болады.

Кесте 6 - Көркем мәтінді жүйелі талдауға арналған кесте үлгісі

Ақын Серік Ақсұңқарұлы	Мәтінді оқу	Талдау	Теория элементі	Жазба жұмыс түрі
1	2	3	4	5

<p>Төбемнен жауһар жауып түр Елу бес ел асырып өмір мені,</p> <p>Көрпеге отырғызды төріндегі. Аспанда – Көк Тәнірі, Жерде – Халық, Көзіме басқа тұк те көрінбеді.</p>	<p>Ақынның берілген үзіндідегі суреттеу, бейнелеу тәсілін түсініп оқу, сипаттама беру.</p>	<p>Ақынның «Төбемнен жауһар жауып түр» атты жыр кітабының мифопоэти-калық өрісі Аспан</p>	<p>Үзіндіде кездесетін құбылту мен айшықтау түрлеріне талдау жасау.</p>	<p>Үзіндінің негізінде қазіргі Аспан кеңістігі мен жерде тіршілік еткен халық арасындағы байланысты сипаттайтын</p>
---	--	---	---	---

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
<p>Бұлдырап артта қалып бұлан жас та, Айықпай тұрып алды тұман – баста. Аспанда – Көк Тәнірі, Жерде – Халық, Дүниеден тұк сезбедім - бұдан басқа,</p>		<p>кеңістігі мен жерде тіршілік еткен халықты бейнелеуде гі даралық тәсілдерін табу.</p>		<p>шағын эссе жазу.</p>

Студенттердің жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы – сабак үдерісіндегі ең маңызды ұстанымдардың бірі. Себебі, әр студенттің ойлау қабілеті, ақыл-ой мүмкіндігі бірдей емес. Сондықтан білікті ұстаз ретінде әр оқытушы әрдайым сабағында студенттерінің жеке қабілеттерін үнемі ескеріп отыруы қажет. Көрнекті әдіскер-ғалым Т.Ақшолақов айтқандай, «Оқыту – екі жақты процесс. Оның бір басқышында мұғалім, екінші жақ басқышында окушы тұрады» [94, б. 25]. Сондықтан оқытушының білімі мен білігі, сол білімді түсіндірудегі шеберлігі, әдіс ұтымдылығы, әр студенттің қабілеті мен дарынын шындауы оны түпкілікті нәтижеге әкеледі. Студент жеке тілдік тұлға ретінде өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасқан. Сондықтан оқытушы оның ақыл-ой қабілетін одан әрі қалай дамытып, дүниетанымын терендетуге бағытталған тапсырмаларды жиі беруі қажет. Ол үшін интербелсенді әдістерді қолдану өте тиімді. Мәселен, «Ойлан. Жұптас. Пікірлес», «Болжау», т.б. секілді жана стратегияларды қолдану сабактың сапасын арттырады.

Негізінен оқыту ұстанымдарын жүйелі, кешенді түрде қолдану өте пайдалы. Себебі, барлық ұстанымдардың талаптары бір мезетте орындалады және де бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл ұстанымдар сабак үдерісін оңтайлы үйымдастыруға бағыт-бағдар береді және де оқытуда жақсы нәтижелерге қол жеткізу жолдарын көрсетеді.

ЗҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК САРЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

3.1 Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың білім мазмұны

Жоғарыда келтірілген тұжырымдардан жоғары мектептегі қазақ әдебиеті пәні – жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыратын рухани адамгершіліктің пәні деген қорытынды жасауға болады. Пәнге байланысты мақсат-міндеттер оған арналған тұжырымдамада, оқу бағдарламаларында, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарда айқындалған. Оны оқыту жолдарын пәндік әдістеме жан-жақты қаастырады.

Бұгінгі таңда егемен еліміздің оқу-тәрбие ісіне, жалпы білім беру саласының жұмысына байланысты ресми құжаттарында (Білім туралы заң, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, пәнге қатысты әртүрлі нормативтік құжаттар, оқу жоспарлары мен пәндік оқу бағдарламалары т.б.) білім жүйесін жетілдірудің сан салалы жолдары көрсетіліп жүр. Бұл, әсіресе жоғары мектепте пәнді сапалы жүргізуде жүргізіліп жатқан іс-шараларда ерекше ескеріліп, алда түрған айқын міндеттер белгіленіп келеді.

Студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде осы құжаттардың атқаратын маңызы зор. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесі ретінде өзара бірлесе іс-әрекет ететін мынандай бөліктерді атап көрсетеді:

1. Білім берудің деңгейлерінің сабактастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен оқу бағдарламаларының жиынтығы;
2. Білім беру бағдарламаларын типтеріне, түрлеріне, меншіктік формаларына қарамастан іске асыратын білім беру ұйымдарының жиынтығы;

3. Білім беру сапасының мониторингін жүргізетін ғылыми ұйымдар мен оқу-әдістемелік қамтамасыздандыратын білім беруді басқару органдарының және оған сәйкес инфрақұрылымының жиынтығы.

Білім беру бағдарламаларының жетілдірілуі өткен ғасырдың 80-жылдарында мықтап қолға алынды. 1981-1985 жылдары «Қазақ әдебиеті методикасының мәселелері» (1983), «Қазақ әдебиетін оқытудың методикалық мәселелері» (1985), «Қазақ әдебиетінен білім мазмұны мен әдістерін жетілдіру мәселелері» (1985), «М.Әуезовтің педагогикалық, психологиялық көзқарасы және оның творчествосын орта мектепте оқытудың методикасы» (1987) атты т.б. ғылыми еңбектерде қазақ әдебиетін оқытудың ғылыми негіздері, теориялық әрі практикалық мәселелері тұтас жүйеде жинақталды. Бұл жылдарда әдеби білімнің негізгі және тереңдетілген деңгейлері нақтыланып, «Қазақ әдебиетінің V-XII кластарда қазақ әдебиетін теориялық, әрі практикалық тереңдетіп оқу бағдарламалары» (1989, Ә.Дайырова, С.Тілешева, Р.Құтхожина, Т.Ақшолақов), «V-XII кластарда қазақ әдебиетін теориялық, әрі практикалық тереңдетіп оқу бағдарламалары» (1989, С.Тілешева, Р.Құтхожина, Қ.Жаманбаева, Ә. Қанафин), «Қазақ әдебиетінің факультативтік курсары бағдарламалары» (1989,

Ә.Дайырова) шықты. Алаш зиялышы М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы шығармалары қарастырылып, әдеби білім мазмұнынан орын алды.

1991 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мектептің оқу-әдістемелік негіздерін қалауға бағыттала бастады. Білім мазмұны мен құрылымын жаңартудың ұстанымдарын, тұжырымдамалық бағыттары мен жолдарын, шарттарын ғылыми негізден берген «Әдеби білім тұжырымдамасы» (Ә.Дайырова, Т.Ақшолақов, Қ.Жаманбаева, Г.Құрманбаева) жасалды.

Білім жүйесі дамуының жаңа кезеңінде білім мазмұнын қайта қару, бағдарлы және жаңа үлгідегі мектептер үшін көп нұсқалы бағдарламалар жасау, пәннің бүкіл оқу-әдістемелік жүйесін қайта құру сияқты түбекейлі мәселелер бойынша зерттеулер жүргізілді. Қазақ әдебиеті бойынша Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандарты жасалынды [95] авторлар тобы: С.Кирабаев, Х.Әдібаев, Ә.Дайырова, Т.Ақшолақов, С.Мақпырұлы, Г.Құрманбаева, С.Дүйсебаев, Б.Әрінова, З.Бейсембаева.

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясында орындалып, жарық көрген оқу бағдарламалар, оқулықтар, құқықтық-тұжырымдамалық құжаттар, әдістемелік еңбектер қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуы мен дамуына орасан зор ықпал етті.

Қазіргі кезде білім саласын негіздеуге құрылған кез келген құжат тұлғаға бағытталған білім мазмұнын жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеудің міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен менгеру үшін негіз жасауға сүйенеді. Бұл туралы 2016 жылғы толықтырулар мен түзетулер енгізілген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 21-бабында былай делінген: «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары біліктілікті және (немесе) “бакалавр” академиялық дәрежесін бере отырып мамандар даярлауға, олардың кәсіптік даярлығының деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін пәндер циклін, базалық пәндердің циклін, бейіndeуші пәндердің циклін зерделеуді, сондай-ақ тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік практикадан өтуді көздейді. Пәндердің әрбір циклі міндетті құрамдас бөлікті пәндерден және таңдау бойынша құрамдас бөлікті пәндерден тұрады. Білім алушылардың таңдауы бойынша құрамдас бөліктен тұратын пәндер әрбір циклде міндетті құрамдас бөлікті пәндерді мазмұндық толықтыруы тиіс. Университеттер конкурстық негізде оқытуудың жаңа сапалық жетілдірілген технологиялары, әдістері мен нысандары бар инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге құқылы» [96]. Осыған орай, біздің зерттеу еңбегімізде жұмысымыздың нәтижесі ретінде жоғары мектепте «5B011700- Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенттері үшін қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытуда берілетін білім мазмұнын белгілеу міндеттіне сәйкес «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» элективті курсының мазмұны және оны оқыту әдістемесі ұсынылып отыр. «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын»атты элективті курс бағдарламасы ақпараттық-тәсілдік

материалдардың теориялық мазмұнына, көлеміне қарай 135 сағатқа (3 кредит) арналып жасалды. Оның 15 сағаты – дәріс, 30 сағаты – семинар, 45 сағаты – СОӘЖ және 45 сағаты - СӘЖ жүмыстарын құрайды.

Элективті курстың қысқаша сипаттамасы: «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» курсы – ұлттық поэзиядағы көне түркілік сарын көріністерін сипаттайтын пән. Пәннің мазмұнында қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын элементтерінің дамып, қалыптасуы, көркемдігі, тарихи дәстүр жалғастығы, Тәуелсіздік кезеңіндегі соны ізденістер, т.б. сынды мәселелер ғылыми-теориялық түрғыдан түсіндіріледі.

Элективті курстың негізгі мақсаты – студенттердің қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын әдебиетіне қатысты білімдерін әдебиет тарихының курсын оқып үйренуге бейімдеу.

Элективті курстың міндеттері:

- көне түркілік дәуір әдебиетіндегі ортақ сарындарды жүйелеп, қазақ әдебиетіне қатысын зерделеуге даярлау;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын әдебиетіндегі дүниетаным мен тәрбиенің мәнін ұғынуға ұйытқы болу және осы пәнді зерттеу саласында әдебиеттану ғылыминың жеткен табыстарын оқып үйренуге машиқтандыру;
- көне түркі әдебиеті, жыраулар кезеңіндегі әдебиет, XIX ғасырдағы әдебиеті, XX ғасыр басындағы әдебиет, Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеті мен әлемдік әдебиеттегі ортақ сарындарды бағамдауға бейімдеу;
- студенттерге көне түркілік дәуірдегі әдебиеттен осы дәуір кезеңіндегі әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін менгерту;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын әдебиетіне қатысты соңғы басылымдармен аудиторияны таныстырып, тереңдей оқуға ұйытқы болу;
- пән материалдарын қазақ әдебиеті мұраларымен біртұтас, табиғи сабактастырын ғылыми-теориялық түрғыда негіздей оқыту;
- қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуда дәстүр жалғастығын (тақырып, идея, композиция, сюжет, стиль, тіл), жаңашылдығын тереңдете игерту.

Элективті курстың пререквизиттері: «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Ежелгі дәуір және түркі халықтарының әдебиеті», «Хандық дәуір әдебиеті», «XIX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» пәндері.

Элективті курстың постреквизиттері: «Қазақ әдебиетінің тарихы» курсы, «Алаштану», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», «Әдебиет теориясы» пәндері.

Ұсынылған элективті курс бойынша дәріс және семинар сабактарын жүргізу барысында:

- студенттердің пәнге деген мотивациясын оятуға;
- дәрісханада өз ойын еркін жеткізе алуына,
- креативті ойлауына;
- ұлттық болмыс-бітімді, құндылықтарды дәріптей білуіне,
- шығармашылық қабілетінің шындалуына назар аударылды.

Кесте 7 – «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» элективті курсының бағдарламасы

Апта-лар	Тақырыптың атауы	Саға ттар	СӨЖ тақырыптары	СОӘЖ орындау талаптары	Құзіретті ліктер
1	2	3	4	5	6
	I Модуль. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын				
1	Дәріс (Д) Тәнірлік дәуір әдебиеті туралы түсінік. Практикалық сабактар (ПР) Тәнірлік дәуір әдебиеті жәдігерліктері.	2 1		Тақырып тандау.	D 6.1.2 D 6.1.1
2	Дәріс (Д) Көне түркі әдеби ескерткіштерінің зерттелу тарихы. Практикалық сабактар (ПР) Орхон ескерткіштерінің жанрлық және көркемдік ерекшеліктері.	2 1	СӨЖ-1 Көне түркі әдеби ескерткіштері -нің зерттелуі бойынша хронологиялық кесте түзу.	Тақырып бойынша зерттеушілік жоба дайындау.	D 6.1 .1 D 6.1.4 D 6.1 .3
3	Дәріс (Д) Ортағасыр әдебиетіндегі түркілік сарынның берілу жолдары Практикалық сабактар (ПР) Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбектеріндегі түркілік сарын элементтері	2 1		Зерттеушілік жоба жоспарын күрү.	D 6.1.1 D 6.1.2
	2-модуль. Жыраулар поэзиясындағы түркілік сарын.				
4	Дәріс (Д) Ақын-жыраулар поэзиясындағы түркілік идеялар Практикалық сабактар (ПР) Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Бұқар жырау шығармашылықтары	2 1		SMART мақсатты анықтау.	D 6. 1.1 D 6.1.3
5	Дәріс (Д) Жыраулар шығармашылығының негізгі тақырыбы Практикалық сабактар (ПР) Шалқиіз жырау шығармашылығы	2 1	СӨЖ-2 Ақын-жыраулар шығармаларындағы түркілік идеялар негізінде салыстырмалы кесте жасау.	Жобаның мазмұндық-құрылымдық жүйесін түзу.	D 6.1.2 D 6.1 .5 D 6.1.3

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
6	Дәріс (Д) Жыраулар поэзиясында түркілік сарынның берілу жолдары	2		Жоба тақырыбына сәйкес хронология лық кесте күрау.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) Доспамбет жырау шығармашылығы	1			D 6.1.3
	3-модуль. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы ағартушылық бағыттағы ұлттық ұстанымдар.				
7	Дәріс (Д) XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында ұлттық мұраттар мен ағартушылық бағыттар	2		Ғылыми еңбектер бойынша картотека құрастыру.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) XIX ғасырдағы жаңа дәүір әдебиетінің қалыптасу негіздері	1			D 6.1.2
8	Дәріс (Д) Зар заман әдебиетіндегі түркілік сарындар көрінісі	2	СӨЖ-3 XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті-нің өзіндік ерекшелігі бойынша кластер күрау.	Ғылыми еңбектер негізінде конспект дайындау.	D 6.1.2
	Практикалық сабактар (ПР) Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы, Ш.Қанайұлы шығармашылығы	1			D 6.1.3
9	Дәріс (Д) Ағартушы-демократтар шығармашылығындағы әдеби дәстүр мен жаңашылдық көріністері	2		Белгілі бір зерттеу еңбек бойынша пікір мәтінін дайындау.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармашылығы	1			D 6.1.3
	4-модуль. XX-XXI ғ.ғ. қазақ әдебиетіндегі түркілік сарын				
10	Дәріс (Д) XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы түрікшілдік бағыттар	2		Белгілі бір зерттеу еңбек бойынша аннотация жасау.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы түрікшілдік бағыттар	1			D 6.1.2
11	Дәріс (Д) Алаш әдебиеті: М.Жұмабаев шығармаларындағы көне түркілік ұстанымдар	2		Тұсаукесер дайындау.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) М.Жұмабаевтың «Пайғамбар»	1			D 6.1.4

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
	өлеңі				D 6.1.3
12	Дәріс (Д) XX ғасырдың 40-80 жылдар аралығындағы қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістердегі түрікшілдік мәселелер	2		Тұсаужесерді көпшілік назарына ұсыну.	D 6.1.2
	Практикалық сабактар (ПР) Қ.Аманжолов, Ж.Молдағалиев, Ә.Тәжібаев шығармашылығы	1			D 6.3.6
	5-модуль. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеті және қазіргі әдеби үрдіс				
13	Дәріс (Д) Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындар: жаңа ізденіс үлгілері (1990-2015 ж.ж.)	2		Тұсаужесерді көпшілік назарына ұсыну.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістер	1			D 1.6.3
14	Дәріс (Д) Ж.Әскербекқызы поэзиясындағы түркілік сарындар	2	СӨЖ-4 Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетіндегі көне түркілік сарындарғы дәстүр жалғастығы (эссе дайындау).	Портфолио тапсыру.	D 6.1.1 D 6.1.6
	Практикалық сабактар (ПР) Ж.Әскербекқызының шығармаларындағы әдеби дәстүр жалғастығы	1			D 6.1.2
15	Дәріс (Д) Т.Медетбеков шығармашылығындағы жаңа ізденіс үлгілері	2		Үздік портфолионы анықтау.	D 6.1.1
	Практикалық сабактар (ПР) Темірхан Медетбеков «Көк түріктер сарыны»	1			D 6.1.3

Элективті курстың қысқаша мазмұнына тоқталып кетуді жөн санадық.

Аталған пәннің оқу бағдарламасы модульге негізделіп жасалынды. Негізінен «модуль» деген ұғымның өзі белгілі бір оқу материалының логикалық аяқталған бөлігі дегенді білдіреді. Пәннің өзіндік ерекшелігіне, ақпараттық материалдың ауқымына қарай тақырыптар бес модульге топтастырылды. Ең алдымен, дәріс сабактарының тақырыбы, қаралатын мәселелер туралы қысқаша түсінік берілді.

1-тақырып. Тәңірлік дәуір әдебиеті туралы түсінік. Тәңірлік дәуір әдебиеті туралы түсініктерін кенектізу. «Алып Ер Тонға», «Томирис»

дастандарының көркемдік сипатын айқындау. Сақтардың қаһармандық дастандары. Аңызға айналған тарихи тұлғалар: Тұмар, Шырақ батыр. Ғұндардың батырлық жырлары.

2-тақырып. Көне түркі әдеби ескерткіштерінің зерттелу тарихы. Көне түркі әдеби ескерткіштерінің зерттелу тарихынатақталу. Көне түркілік әдебиет жәдігерліктерінің әлем әдебиетіндегі орнын зерделеу. Құлтегін, Тонықек жырларының көркемдік ерекшелігін саралау. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі түркілік сарын көріністеріне сипаттама беру.

3-тақырып. Орта гасыр әдебиетіндегі түркілік сарынның берілу жолдары. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының зерттелуі. «Құтты білік» дастанының көркемдік ерекшелігі, түркілік сарын элементтері. Ахмет Иүгінеки «Ақиқат сыйы» дастанының зерттелуі. Дастанның көркемдік ерекшеліктері мен идеялық мазмұнын айқындау. Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбектеріндегі түркілік сарын элементтерін саралау.

4-тақырып. Ақын-жыраулар поэзиясындағы түркілік идеялар. Ақын-жыраулар поэзиясындағы тарихи мәніне сипаттама беру. Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Бұқар жырау шығармашылықтарындағы ел, жер мәселесін талдау.

5-тақырып. Жыраулар шығармашылығының негізгі тақырыбы. Жыраулар шығармашылығына сипаттама берген ғалымдар пікірлеріне тоқталу. Жыраулар поэзиясындағы келелі мәселелерге тоқталу.

6-тақырып. Жыраулар поэзиясында түркілік сарынның берілу жолдары. Шалқиіз, Доспамбет, Шал Құлекеұлы шығармашылығындағы ел тағдырына қатысты ойларын талдау.

7-тақырып. XIX гасырдағы қазақ поэзиясында ұлттық мұраттар мен агартуышылық бағыттар. XIX ғасырдағы жана дәуір әдебиетінің қалыптасу негіздерін саралау. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясындағы көркемдік ойлардың берілу жолдары.

8-тақырып. Зар заман әдебиетіндегі түркілік сарындар көрінісі. Зар заман поэзиясының көркемдік ерекшелігін саралау. Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы, Ш.Қанайұлы шығармашылығындағы ел, жер тағдыры, ұлттық мұрат-мұдде туралы көзқарастарын талдау.

9-тақырып. Агартуышы-демократтар шығармашылығындағы әдеби дәстүр мен жаңа шылдық көріністері. Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармашылығындағы ұлт мәселесі жайлы ой-толғамдарын талдау.

10-тақырып. XX гасыр басындағы қазақ поэзиясындағы түркішілдік бағыттар. XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тақырыбы мен мазмұнына мән беру, жазылу мақсаты мен тарихи сипатын ашу. Демократ ақындар тұлғасының асқақтығын, шығармаларының мазмұнының терендігін, өміршендердің талдау.

11-тақырып. Алаш әдебиеті: М.Жұмабаев шығармаларындағы көне түркілік ұстанымдар. М.Жұмабаев поэзиясындағы түркілік элементтерді талдау. Мағжан поэзиясының асқақтығын саралау.

12-тақырып. XX ғасырдың 40-80 жылдар аралығындағы қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістердегі түркішілдік мәселелер. Қ.Аманжолов, Ж.Молдағалиев, Ә.Тәжібаев шығармашылығындағы түркілік сарын көріністерін сипаттау.

13-тақырып. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындар: жаңа ізденіс үлгілері (1990-2015 ж.ж.). Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденістерді талдау. Түркішілдік сарын элементтерітұралы ғалымдардың пікірлерін сипаттау.

14-тақырып. Ж.Әскербекқызы поэзиясындағы түркілік сарындар. Ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшелігіне, жанрлық сипатына тоқталу. Поэзиясындағы түркілік сарын элементтерін сипаттау.

15-тақырып. Т.Медетбеков шығармашылығындағы жаңа ізденіс үлгілері. Ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшелігіне, жанрлық сипатына тоқталу. Поэзиясындағы түркілік сарын элементтерін сипаттау.

Дәріс сабактарын ұйымдастыру әдістемесі

Дәріс – теориялық білімді жеткізудің формасы. Қазіргі кезде сабак үдерісінде интербелсенді дәріс түрлері жиі қолданылуда. А.Әлімов интербелсенді дәрістің өзіндік ерекшелігі жайлы былай деп сөз қозғайды: «Интербелсенді лекцияның мәтіні ауызша оқылмай, жазбаша үlestірмелі материал түрінде таратылып беріледі. Оқытушы лекцияны ауызша турде студенттер тарапынан туындаған сұрақтарға жауап бергенде, лекция тақырыбын толықтырғанда ғана келтіруі мүмкін. Сол арқылы уақыт та үнемделіп, студенттер де оқу материалын өздік түрғыдан игеру әрекеттеріне белсене араласады» [97, б.78]. Сол себепті интербелсенді дәрістер өзінің құрылымы, баяндалатын оқу материалының дәлдігі және сабактың ен бойында тыңдаушыларының ойлау қабілетін белсенді етуімен ерекшеленеді.

Интербелсенді дәрісте оқытушы студенттерге тек теориялық білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларға теориялық мәселелерге қатысты ойын ашық айтуда жағдай жасайды. Өйткені дәріс сабағында теориялық білімді игерту мен жаңғырту және жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үреткенде ғана студенттердің алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осында жолмен қалыптасқан білімнің берері де мол әрі ғылыми түрғыдан маңызы да зор деген ойдамыз.

Интербелсенді дәрісте көп жағдайда З жақты қарым-қатынас орнайды. Олар: ақпараттық (ақпараттың берілу және сакталуы), интерактивті (біріккен іс-әрекетте өзара әсердің ұйымдастырылуы), перцентивті оқыту (адамның басқа адамды қабылдауы және түсінуі). «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнінен дәрістерді жүргізу барысында біз көбіне осы үш жақты қарым-қатынасты негізге алдық. Ең алдымен, дәрістің басында студенттерге оның тақырыбы, мақсаты, жоспары баяндалды. Дәрісханада ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қарама-қарсы саптар», «Шеңбер ішіндегі кездесу» секілді тәсілдер мен стратегиялар пайдаланылды. Студенттердің қызығушылығын ояту үшін бейнелі көрнекіліктер, үlestірмелі

материалдар қолданылды немесе «Ой тұрткі», «Ой қозғау» секілді әдістәсілдердің көмегімен студенттердің тақырыпқа қатысты аялық білімі анықталды. Кей дәрістерде студенттерге алдын-ала өтілетін дәріс жайлар ақпарат жинау жұмыстары тапсырылды. Мұндай тапсырмалар, әсіресе, дәстүрлі емес түрде өтетін дәрістерге қатысты берілді. Студенттердің дәріс тақырыбы және жоспарымен алдын-ала танысуы келесі сабакта оның мазмұнын баяндауда оқытушының ойын жақсы ұғынуға көмектесті. Студент дәріс барысында аталған мәселеге қатысты өз пікірін білдіріп, сабактың нәтижелі өтілуіне көп көмегін тигізді.

Оқытушы дәріске дайындалу барысында оның мазмұнына, амалтәсілдеріне және құрылымына баса назар аударады. Негізінен лектор дәрістің мазмұнын пән бойынша жасалған оку бағдарламасы, оқулық және оку құралдарына байланысты анықтайды. Теориялық жағынан жақсы қаруланған лектор оку бағдарламасында көрсетілген барлық мәселелердің ішінен студенттерді қызықтыратын, ойын ашық айтуына тұрткі болатын түйінді мәселелерді ажыратып, соңғы ғылыми зерттеулер мен соны жаңалықтарға сүйене отырып баяндайды. Тақырып бойынша материалдың белгілі бір бөлігін студенттердің өз бетімен ізденуіне, басқа әдебиеттерден өздігінен игеруіне тапсырмалар береді. Себебі, дәрістің мазмұны, баяндалу формасы, оқытушының шеберлігі – оның тиімділігі мен нәтижелігін арттырудың басты кепілі. Өзіміздің зерттеу жұмысымызда бір дәріс сабагы бойынша дайындалған жоспар үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабактың тақырыбы: XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы түрікшілдік бағыттар.

Сабактың мақсаты: Студенттерге XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы түрікшілдік бағыттар, олардың ерекшелігі жайында мағлұмат беру.

Сабактың міндеттері

- білімділік: Теориялық тақырыпқа қатысты студенттердің білімін жүйелеу.

- дамытушылық: Студенттердің шығармашылық қабілетін дамытып, ой-өрісін кеңейту, іскерліктерін арттыру. Өз беттерімен жұмыс жасауға дағдыландыру, оларды іздену, ғылыми-зерттеу жұмысына баулу, ой қорыту арқылы танымдық қабілетін арттыру.

-тәрбиелілік:

- білімге деген құштарлыққа тәрбиелеу;

- рухани құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелеу.

Қолданылатын стратегиялар мен әдіс-тәсілдер: «сұрақ-жауап-талдау», «Қос жазба құнделігі» тәсілі, «INSERT» стратегиясы.

Сабактың көрнекіліктері: интерактивті тақта, дәрісхана материалдары, портфолио, БАҚ материалдары, маркер, А4 параграфы.

Сабактың барысы:

I кезең. Ұйымдастыру кезеңінде студенттердің қатысымы тексеріледі. Интерактивті тақтадан сабактың тақырыбы, мақсаты жайлары дайындалған слайд

көрсетіледі, түпкі нәтиженің қандай болу керектігі хабарланады. Дәрістің алдында студенттерге «INSERT» стратегиясы бойынша дайындалған кесте таратылып береді. Студенттер тақырып бойынша білетін ақпараттарын кестеге толтырады.

II кезең. Оқытушы аталған тақырып туралы мағлұмат береді. Яғни қызығушылықты туғызу мақсатында тың ақпараттар блогі беріледі. Студенттер дәріс барысында оқытушының айтқан мағлұматтарын мұқият тыңдалап, «Қос жазба күнделігін» толтырады.

Кесте 8- «Қос жазба күнделігінің» үлгісі

Үзінді	Түсіндірме
<p>XX ғ. басындағы әдебиет – өз уақытына сай өте жедел дамыған, жаңғыру үрдісі кең, мазмұны барынша бай әдебиет. Осы уақытта қазақ әдебиеті жанрлық, түрлік түрғыдан, мазмұн мен халықтық мұрат жағынан жедел өсіп өркендеді. Әдебиеттің поэтикасы байыды, тәжірибесі молықты. Қоғам мен әдебиет арасындағы байланыс барынша айқындық сипат алды.</p> <p>XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті – ел тарихындағы, қоғамдық өмірдегі, жалпы ұлт руханиятындағы өзіндік ерекшелігі басым кезең. Өйткені, дәл осы уақыт аралығындағы қазақ қоғамы әр түрлі шиеленісті қоғамдық-саяси оқиғаларға толы болды да, мәдени-рухани дүниеде күрделі де шешуші құбылыстарды тудырды. Бар саналы ғұмырын ұлттың тағдыры мен келешегіне арнаған Алаш зиялдыры-ның әдеби мұрасы қазақтың азаттық идеясын, бүкіл түркі әлемінің бірігу мақсатын танытатын ұлы мақсат, даңғыл жол болды.</p>	<p>XX ғ. басындағы тарих сахнасына Алашорда үкіметі мен Алаш қайраткерлері шықты. Кез келген тарихи дәуірдің ішкі-сиртқы құбылыстары мен өмірлік шындығын белгілі бір тұлғалар анықтап береді. Осы түрғыдан алғанда, Алаш зиялдыры аталған кезеңде қазақ әдебиетіне ғана емес, бүкіл қазақ ғылымына серпіліс әкелді. Жаңа әдеби бағыттар мен ағымдарды қалыптастыруды, әдебиеттің жанрлық сипаты байыды...</p>

III кезең. «Ой толғау» кезеңі. Эр студент өздерінің толтырған «Қос жазба күнделігіндегі» жазбаларын талдаپ, ойларын ортаға салады. Қалған студенттер жазбаға қатысты ойларын білдіреді.

IV кезең. Қорытынды. Сабакты қорытындылау үшін дәрістің соңында «INSERT» стратегиясы бойынша дайындалған кесте қайта таратылып береді. Студенттер дәрістен кейінгі алған әсерлерін, мағлұматтарын кестеге толтырады.

Y. Үй тапсырмасы. Өтілген тақырыпқа қатысты көркем әдебиеттен мысалдар келтіріп, сабак тақырыбына қатысты тест құрастыру.

Студенттерге дәріс барысында тақырыпқа қатысты тың ақпараттар беру өте ұнайды. Әсіресе, интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өтілген дәрістер он нәтижесін береді.

Семинар сабағын ұйымдастыру әдістемесі

Семинар сабактары – көбінесе оқытушы мен студент арасында өткізілетін, дәрісте оқылған тақырыпқа қатысты өзекті мәселелерді талқылауға, білім алушылардың танымдық ойлау қабілеттерін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шындауға арналған сабак формасы. Бұл сабак формасында оқытушы өзінің дәрісте берген теориялық білімін студенттермен пікір алмасу, сұхбаттасу арқылы жүзеге асырады. Студенттер тақырып бойынша өз көзқарастарын дәлелдеуге және де оқытушыға өзінің оқу материалын қаншалықты дәрежеде менгергенін көрсетуге тырысады. Соған сәйкес студенттің білім деңгейі анықталып, бағаланады. Жақсы нәтижеге жету үшін студенттер семинар сабағына әзірлену кезінде тақырып бойынша арнайы тезистер мен баяндамалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдаланады. Ұсынылған тақырыптарға қатысты конспект жасайды. Қазіргі кезде әдебиетші ғалымдар әдебиеттен семинар сабағына әзірлену формалары ретінде келесі жазба жұмыс түрлерін ұсынады: қарапайым және ашық жоспар, көшірмелер, тезистер, аннотациялар, реферат, конспектілер, эссе.

Жазбаның кез келген түрінде де студент ең алдымен, пайдаланылатын оқу құралы не оқулық жайлы толық мәлімет (кітаптың аты, авторы туралы мәлімет, көлемі, шығарылу орны мен жылы) береді.

Қарапайым жоспар берілген деректерде баяндалған нақты және жүйелі сұрақтар тізімінен тұрса, ал ашық жоспарда білім алушы әрбір талданатын сұраққа нақтыланған қысқаша мазмұнын береді. Көшірме – бұл мәтіннен алынатын нақты мәлімет. Сондықтан мұндай жазба жұмысын жазу барысында беттерге сілтеме жасап отырады.

Тезис – оқылған материалдың қысқартылып, түйінделген түрі. Ал белгілер – өзінің оқығанынан шығатын ой қорытындысы.

Студенттер семинар сабағына әзірлену барысында әдетте конспектілерді көп қолданады. Конспект – сабактың тақырыбы жайлы студенттің өз сөзімен баяндалатын, қорытындыланған мәтіннің маңызды бөлігі. Конспекттіге аталған жазба жұмыстарының барлығы кіреді. Сол себепті студенттер көбіне конспектіні құрастыруда көп қиналады. Алайда, студенттің өз бетімен конспектілеген материалы жадыда тез сақталады, қажет уақытта бірден еске түседі.

Студенттер семинар сабағына әзірленуде дайындастырын жазба жұмыстардың бірі – реферат. Ол бірнеше бөліктерден тұрады. Оның жалпыланған құрылымы көбіне мынадай түрде беріледі:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім.
- III. Қорытынды.
- IV. Әдебиеттер тізімі.

Кіріспеде зерттеудің міндеттері және әдістері, берілген тақырып бойынша қысқаша әдебиеттерді талдау беріледі. Негізгі бөлімде әдебиет талдау және берілген жұмыстар негізінде қойылған мақсаты ашылады. Қорытынды бөлімінде жұмыс қорытындысында қысқаша негізделген жиын

келтіріледі. Рефераттың көлемін оқытушы анықтайды. Семинар сабактарда мұндай жұмыс түрлерін қолдану жақсы. Алайда, қазіргі кезде интербелсенді әдістеменің дамып, қалыптасуына байланысты семинар сабактарын белсенді түрде өткізу өте тиімді. Себебі, белсенді әрекет барысында студент тақырып бойынша барынша мол мәлімет алады.

Жоғары мектепте интербелсенді семинар сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін тиімді пайдалануға болады. Қазіргі таңда семинар сабактарында тиімді әрі жиі қолданылатын интербелсенді әдіс-тәсілдерге мыналар жатады. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтық жұмыс, пікірталас, «Сократтық ойындар», жобалау әдісі; пресс-конференция, аукцион сабактар, т.б. Интербелсенді семинарда интерактивті оқыту әдістерін қолданудың негізгі мақсаты – студенттердің тақырып бойынша өз пікірін білдіруге, өзіндік ой қорытындыларын жасауға, тұжырымдауға, өзекті мәселелерді талдауға, өзіндік пікір айтуға, іздене білу қабілеттерін шындауға негізделеді.

Студенттерге оқу курсын жүргізуде біз негізінен семинар сабағын мынадай форматта жүргіздік:

1. Қазақ поэзиясының әр кезеңінде түркілік сарынға қатысты жазылған ақын-жыраулардың шығармашылығы бойынша шыққан *субелі зерттеулер мен ғылыми еңбектерге, мақалаларға талдау жүргізу*. Студенттер оқытушы ұсынған материалдарды іздең тауып, талдап, оның нәтижесінде белгілі бір шығармашылық жұмыс (концептуалдық кесте, аннотация, матрица, кластер, т.б.) дайындағы. Олар жазылған еңбектің қазіргі кездегі оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешуге тигізетін пайдасын, ғылымның дамуына қосатын үлесі, пәннің теориясы мен практикасына тигізетін септігін сараптады. Сонымен қатар өзінің пікірінше, ғылыми жұмыстың жаңалығы мен аталған жұмыста кездесетін кемшиліктерді де атап өтті. Мұндай жұмыстар студенттің тәжірибе жүзінде теориялық білімді менгеруіне көп көмегін тиігізді. Ең бастысы студент өзіндік ізденісі арқылы ғылыми еңбекке толық баға бере білуді үйренді.

2. Семинар сабағанда студенттер қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынға қатысты жазылған ақындардың шығармалары бойынша *тұсаукусер* жасап, аталған мәселе жөнінде ғылыми жоба дайындағы. Олар тақырыпқа қатысты өзінің жинаған оқу материалдарының негізінде слайд жасап, тақырыпқа қатысты үлкен жобаның тұсауын кесті. Жобаның мақсаты – зерттеу нысаны жайлы толық ақпарат беру, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, өз пікірін де білдіру.

3. «Дөңгелек үстел» форматындағы семинар сабағы – соңғы кезде кеңінен тараған сабак формаларының бірі. Мұндай сабак түрін келелі мәселелерді талдауда тиімді қолдануға болады. Мұнда белгілі бір топ құрамындағы қатысушылар өзекті мәселеге арналған тақырып төнірегінде алдын-ала әзірленген мәтін бойынша өз пікірлерін білдіреді, осы мәселе төнірегінде пікірталас ұйымдастырады, өз көзқарастарын дәлелдейді. Біз бұл семинар түрін көне түркі заманындағы түркілік сарындарды өту барысында пайдаландық.

4. Баспасөз-конференциясы сабағы. Аталған сабақ формасын «Қазіргі қазақ поэзиясындағы көркемдік ізденистер» деген семинар сабағын өтуде негізге алдық. Алдымен топты екіге бөлдік. 1-топтағы студенттер бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, яғни тілші рөлін атқарды. Екінші топтағы студенттер белгілі әдебиеттанушы-ғалымдарды сомдады. *Баспасөз-конференцияны жүргізуші-модератор*, жалпы сабақ үдерісін реттеуші-нұсқаушы рөлін оқытушы атқарды. Тілшілер қауымы тақырыпқа қатысты сауалдар дайындағы, ал әдебиетші-ғалымдар сол сауалдарға нақты жауап берді. Қатысуышыларға қойылатын талап мынадай болды: белсенділік, нақты сұрақтар қою (тілшілер қауымы), өз пікірін мәдениетті түрде дәлелдеу және пікірін нақты дәлелдермен дәйектеп отыру (әдебиетші-ғалымдар).

Нәтижесінде студенттер сабакты дәстүрлі семинар үлгісінен гөрі, осындай форматта сабақ өткізу тиімді екендігін айтты. Мұндай сабақ барысында барлық студенттер қамтылады. Эр студент өзінің көкейінде жүрген сауалға жауап ала алады және де өз ойын еркін айта алады әрі сабак қызықты, нәтижелі өтеді. Жұмысымызда семинар сабағының бір үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: XIX ғасырдағы жаңа дәуір әдебиетінің қалыптасу негіздері

Сабақтың мақсаты: XIX ғасырдағы жаңа дәуір әдебиетінің қалыптасу тарихына шолу жасау, ғылыми еңбектерді талдау.

Сабақтың міндеттері:

- білімділік: XIX ғасырдағы жаңа дәуір әдебиетінің қалыптасу негіздері бойынша студенттердің білімін жүйелеу.

- дамытушылық: Студенттерді өз беттерімен жасауғадағыландыру.

-тәрбиелілік: пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Қолданылатын стратегиялар мен әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, диагностика, топты бағалау кестесі, «Дербес пікір жазу» тәсілі.

Сабақтың көрнекіліктері: дәрісхана материалдары, кітап көрмесі, БАҚ материалдары, ғылыми мәтіндер.

Сабақтың барысы:

I кезең. Ұйымдастыру кезеңінде студенттердің қатысымы тексеріледі. Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.

II кезең. Диагностика кезеңінде ой шақыру мақсатымен студенттердің аталған кезеңге қатысты алған теориялық білімдеріне шолу жасалады, сондай-ақ қызығушылықты туғызу мақсатында тың ақпараттар блогі беріледі. Ол үшін студенттерді топқа бөліп, ғылыми мәтіндер таратылады.

III кезең. «Ой толғау» кезеңі. Эр топ өздеріне берілген ғылыми мәтіні талдалап, пікірталас ұйымдастырады.

IV кезең. Қорытынды. «Дербес пікір жазу» тәсілі арқылы сабак қорытындыланады.

«Дербес пікір» жазу тәсілі

1. Өзіндік пікір (ой, идея) – бір сөйлем

2. Дәлел – екі сөйлем
3. Θз пікірін айғақтайтын тәсіл – екі сөйлем
4. Θз пікіріне қарсы дәлел – бір сөйлем
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – бір сөйлем
6. Қорытынды – екі сөйлем

Ү кезең. Бағалау. Оқытушы студенттерді бағалау үшін топты бағалау кестесін таратады. Формативті бағалау негізінде студенттер өзара топтардың жұмысын бағалайды.

Кесте 9-Топ жұмысын бағалау кестесінің үлгісі

Критерийлер	Идеяларды ұсыну	Жолдастарын топ жұмысына жүмылдыру	Идеялардың дербестігі	Сұрақ қою	Сұрақтарға жауап беру	Белсенді түрде тыңдау	Жалпы балл
Топ мүшелері							
I-топ							
II-топ							
III-топ							

ҮІ кезең. Рефлексия. Оқытушы кері байланыс жасайды. Ол үшін студенттерге сұхбат алу парағы таратылады.

Кесте 10 - Студенттердің сұхбат алу парағы

Студенттің аты-жөні	
Талқыланатын сабак тақырыбы немесе мәселе	
Сұрақтар	Студенттің жауаптары
Сабак Сізге ұнады ма? Θз пікіріңізді дәлелденеңіз.	
Сабактың ең ұтымды жерлері қандай болды?	
Сабак тақырыбының (мәселенің) Сіз үшін қандай маңызы бар?	
Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? Неліктен?	
Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы не білгіңіз келеді?	
Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы қандай ақпарат көздерін қарастырасыз?	
Бұл мәселені шешуде Сіздің үлесіңіз қандай болды деп ойлайсыз?	

Топ жұмысы қандай деңгейде өтті деп ойлайсыз?	
Бүгінгі сабактан түйген ең маңызды ойыңыз қандай болды?	

Сабак оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі болып есептеледі. Оның өзіне тән сипаты шебер ұстаздың шәкіртінің танымдық, білімдік қабілетін қалыптастыруға тікелей ықпал етуімен анықталады. Мұндай тығыз байланыстан болашақ тіл мен әдебиет маманы бағыт- бағдар алады.

Таңдау курсын менгерген соң студенттердің бойында мынадай **құзіреттіліктер** қалыптасатыны айқындалды:

1. – Жалпы құзіреттіліктер

A 2 Құралдық құзіреттілік:

Жазбаша немесе ауызша түріндегі мағлұматты маңыздылығы бойынша дәрежесін саралау арқылы ана тілінде мәтінмен жұмыс істеу қабілеті. Мәдениаралық қарым-қатынас пен кәсіби қызметте шетел тілін қолдану мақсатымен оны үйрену: ауызша немесе жазбаша қарым-қатынас, оқу-ғылыми әдебиеттерді ана тіліне аудару, белгілі бірұlt және мәдениет өкілімен бірлесе жұмыс жасау. Әртүрлі дереккөздеріндегі ақпаратты синтездеу және талдау әдістерін оқу үрдісінде, сонымен қатар, жоба жұмысында қолдану. Құрделі мәселелерді шешу барысында дұрыс шешім қабылдай білу: туындаған мәселені жеке немесе ұжыммен үйлесімді шешу жолдары арқылы.

D Пәннің құзіреттілік:

6.1.1

- көркем шығармалардың мазмұны мен құрылышын талдай алу, көркем зандылықтарды ажырата алу;
- әдебиет тарихының класификациясын білу;
- әдеби туындыларды (жыр, толғаулар) түрлеріне (айтылуы, мағынасы), тілдерді шығу тарихына қарай талдай алу қабілеті;

6.1.2

- автор шығармаларындағы сөздің мағыналық, семиотикалық, эмотивті реңкін ажырата алу, көркемдік тәсілдерді айқындей алу;

- әлемдік ақпарат пен әдеби теориялық ақпаратты интеграциялық негізде саралай алу, типтік, образдық, тұлғалық қасиеттер мен іс-әрекеттерді өз көзқарасы тұрғысынан сипаттай алу;

- коммуникативтік және әлеуметтік орта жағдайын пайымдау, оқу үдерісін игеру мен басшылық ету жолдарын түсіну;

6.1.3

- интербелсенді әдіс-тәсілдерді педагогикалық тәжірибеде көрсете алу;
- ой-пайымдарын жазба жұмыстарында: рецензия, эссе, баяндама, сценарий, кейс, жоба жұмыстарында қолдана алу;

6.1.4

- Оқу материалының ерекшеліктері мен көркемдік компоненттерін айқындайтын жұмыстар: кластер, методологиялық карта, социограмма, ми картасы, бестаған (синквейн), салыстырмалы кесте жасай алу;

- әдеби-теориялық материалдарды сараптай алу;

6.1.5

- топта жүргізілген ұжымдық жұмыстарды ұйымдастыру, оның нәтижелерін саралау;

- қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларындағы түркілік сарынның идеялық тұтастықтығына қатысты ойларын мысалдар арқылы дәйектей алу, салыстыра, салғастыра алу;

6.1.6

- білім алушыны және өзінің оқу-танымдық әрекетін рефлексиялық, субъективті түрде бағалай алу;

- қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығын сипаттай отырып, өзіндік ой-пікірін қорғау;

6.2.6

- өзінің және білім алушылардың әрекетін бақылай алу, оку үдерісін танымдық, әдістемелік мақсатқа бағыттай алу;

- алған білімді қайта тексеру, деңгейін анықтау, салыстыру және бағалау қабілеті.

6.3.6

- білімгерлердің, топтың жұмыс әрекетін бақылай алу;

Элективті курстың бағдарламасы білім беру стандарты, мамандықтың оқу жоспары мен бағдарламасына сай дайындалды. Элективті курс бойынша өтілетін сабактарда оқытудың белсенді технологиялары мен әдістерін қолдану анағұрлым тиімді болатындығы анықталды.

Жоғарыда аталған тақырыптар бойынша қолданылған ақпараттық-танымдық, ғылыми-деректеме материалдардың негізінде Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған «Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын» оқу құралы шығарылды (2015). Болашақта ғылыми-зерттеу жұмысының негізінде жоғары мектепке арналған көлемді оқулық пен электронды оқу құралын шығару жоспарланып отыр.

3.2 «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнін оқытудың инновациялық технологиялары

Әдістеме ғылымында «педагогикалық технология» бағыты XX ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ пен Ұлыбританияда қалыптасып, қазіргі уақытта барлық әлемге кеңінен таралып, білім беру саласында қарқынды дамып, қалыптасуда. Соңғы кездерде білім берудің жаңа даму бағытын қамтитын оқытудың алпыстан астам жаңа технологиялары тәжірибеге енгізіліп, кеңінен қолданыла бастады. Осы аталғандармен қатар көрнекті педагог ғалымдар В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Н.Р.Талызинардың бағдарламалы оқытуы; Л.В.Занков, Л.С.Выготскийдің дамыта оқытуы; С.Н.Лысенкованың оза оқытуы;

Ш.А.Амонашвили, Е.Б.Бондаревскаяның жеке бағдарлы оқытуы; П.И.Третьяков, Ж.А.Қараевтың модульдік оқытуы, Н.Оразақынованың сатылай кешенді талдай оқытуы секілді т.б.

«Технология» ұғымы жалпы үлкен екі бағытқа жіктеледі. Бірі – өндірістік технология, екіншісі – әлеуметтік технология.

Әлеуметтік технология – өндірістік технологиядан әлдеқайда ауқымды, жүзеге асыру жағынан күрделі, қалыптасу, даму жағынан ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Сондықтан әлеуметтік технология өндірістік технологияға берілген анықтама мазмұнын толық ашып бере алмайды. Сонымен бірге «педагогикалық технологияның» термині, анықтamasы әлі де бір ізге нақтылай түсे алмай отыр. Айталық бүгінде педагогикалық технологияда «жаңа технология», «озық технология», «оқыту технологиясы», «ақпараттық технология», т.б. терминдер қолданылады. Ал бұлардың бір-бірінен айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі жайлы ғалымдар арасында қызу пікірталас бар.

Білім мазмұнын жаңарту қажеттігіне сай ең озық технологияларды жүйелі түрде қолдану – өркениетті елдер қатарына енудің бірден-бір жолы болмақ. Ресейлік және қазақстандық ғалымдар ғылым мен тәжірибелі ұштастыра зерттең, жаңа педагогикалық технология үлгілерін тиімді қолданудың жолдарын барынша нақты түрде көрсетті. Әсіресе, жоғары мектепте оқытуудың әр түрлі жаңа технологиялары пайдаланылып, оларды сабак үрдісінде қолданудың ерекшеліктерін В.Беспалько, В.К.Дьяченко, В.В.Гузеев, М.В.Кларин, Д.Хогрид, В.М.Монахов, Г.К.Селевко, М.А.Чошанов, Г.Нұргалиева, С.М.Құсайынов, Ж.Қараев, Н.Нұрахметов, М.Жанпейісова, Г.Д.Әуелбекова, Қ.Бітібаева, Б.Сманов, т.б., ғалымдардың енбектері әр қырынан нақтылайды. Орыс әдіскер-ғалымдары А.М.Берг, В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Н.Р.Талызиналардың бағдарламалы оқытуы, Л.В.Занков, А.С.Выготскийдің дамыта оқытуы, В.Р.Шаталовтың тірек сигналдары, Р.Штейнердің еркін таңдау идеясы, С.Н.Лысенкованың оза оқытуы, Ш.А.Амонашвили, Е.Б.Бондаревскаяның жеке бағдарлы оқытуы, В.М.Монаховтың модульдік оқытуы, В.Дьяченко, К.Я.Вазиналардың ұжымдық оқытуы, М.И.Махмудов, М.Н.Скаткиндердің проблемалық оқыту технологиялары тәжірибеде кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, бүгінгі таңда ұстаздар қауымының жас ұрпақты біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай, олардың танымдық, шығармашылық, ізденімпаздық қабілетін дамыту барысында қазақ әдіскерлері Т.Ақшолаков, Қ.Тасболатовтың «Проблемалық оқытуы», М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», Ж.Қараевтың «Білім беру жүйесін ақпараттандыру технологиясы», «СОРОС-Қазақстан қайырымдылық қорының «Оқу және жазу арқылы сынни ойлауды дамыту технологиясы», Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісін қалыптастыру, тұлғасын дамыту бағытында тағы басқа озық оқыту технологиялары қарқындалап қалыптасуда.

Егеменді еліміздің дамушы елу мемлекет қатарында болудың негізгі бір талабы – жоғары мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін жаңа

технология элементтерін сабакта қолдануды талап етіп отыр. Қазіргі жаһандану заманында жаңа технологияның басты мұддесі – білім алушыны жай білімнен шығармашылық деңгейге дейін көтеру. Сол себепті қазіргі заманда жаңа технологиямен қаруланған ұстаздардың жеке тұлғаны қалыптастыруда көп ұтары сөзсіз.

Жалпы ғалымдар технологияға *шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модельмен оқыту* сияқты түрлі анықтамалар берген. Солардың ішінде кең тарағаны – В.П.Беспальконың тұжырымдары. Оның тұжырымдары бойынша технология төмендегідей шарттарды іске асыруы тиіс:

1. Оқытуда дайындықсыз әрекеттерді болдырмау;
2. Оқушының оқу-танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұны оқутәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет [98, б. 198].

Соңғы жылдары технология мәселесімен жан-жақты айналысып, зерттеу жүргізіп жүрген ресейлік ғалымдардың бірі – М.М.Левин. Ол педагогикалық технологияның негізгі қызметі – оқу үрдісінің білім беру мақсатын іске асыру және жеке тұлғаны дамыту екендігіне тоқталады. Ал Б.Т.Лихачев «оқыту технологиясы сапалы еңбек нәтижесіне жетудің практикалық іс-әрекеті», - десе [99], М.Чошанов «технологияны дидактикалық жүйенің проссуалдық құрамдық бөлігі», - деп есептейді [100].

Ж.А.Қараевтың пікірінше: «Технология дегеніміз – әдістемелік жүйе мен сәйкес дидактикалық үрдістер кешенінің тәжірибиеде жүзеге асырылатын жобасы, ал педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдістер, тәсілдер оның құрамды бөлігі болып табылады» [101].

Е.Жұматаева: «Әдебиетті құр технология құрылымына вербальді әдіспен бағдарлап өткізуге болмайды. Ол үшін әдеби нысаналардың құндылық деңгейін, парадигмасын шығарып алу көзделеді. Бір сөзben айтсақ, әдебиеттің қисының, әдебиеттің тарихын, әдебиеттің сынын бірлікте алып, дидактикалық пәлсапасының тағылымын сұрыптау қарастырылады. Осы мұратты айқындау мақсатында әдебиетті оқытудың дидактикалық пәлсапасы жай әдістерге бағынбайтыны аңғарылады. Олай болса, мұның теориясы – педагогикалық технология мен бүгінгі модернизацияны өмірге әкелуге басты қозгаушы күш. Атаптан тағылым мен қисынның моделі тек әлемге әйгілі педагогтардың еңбектерінде ғана емес, ол ұғым-пайымдарды, дидактиканың пәлсапалық негізіне бағындыра отырып, өз шығармашылығымен бүкіл әлемге мәшінр болған, ата мұра – асыл мұра бабаларымыздың еңбектеріне технология қағидасымен аналитикалық тәсілмен талдау жасалып, әдістемелер мен педагогикалық технологиялар нысаналардың дидактикалық пәлсапасынсыз тұл екенине оның ешбір мәнінің жоқтығына көзімізді жеткізеді. Былайша айтқанда, субъектінің құр технологиялар мен әдіс-құрамдардың әдістерін pragmatикалық (менгерген теориялық білімін іс-тәжірибесінде қолдану) мақсатта қолданғанымен, нәтижеге жете алмайды. Менгертуге тиісті пәнін, ілімін оқытушы субъект жан-жақты теориялық тұрғыда өзі менгерген сәтте және оның дидактикалық пәлсапасы бар ма? –деген сұрақ қою мұддесінде қарастырылғанда ғана сенімді нәтиже болады», – деп көрсетеді [102, б.37].

Қазіргі кезде жаңа инновациялық оқыту технологиясы мұғалімнің кәсіптік қызметінің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын менгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибелі жұмылдыру қажет. Бұл – өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі бір дәрежеде іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс.

Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мулде жаңа міндеттер қойып отыр. Педагог-ғалымдар қазіргі кезде қолданылып жүрген білім беру технологиясы терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Осыған орай *білім беру технологиялары мына негізде ұсынылады*:

- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- ірі блогты шоғырландыра оқыту технологиясы;
- перспективалық-озық оқыту технологиясы;
- ойындық оқыту технологиясы;
- оқу материалдарының сызбалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіп, оқыту технологиясы;
- жекелеген оқытудың технологиясы;
- сынып ішіндегі саралап оқыту технологиясы.

Әдебиетті оқытуда түрлі технологиялар мен интербелсенді әдістеме түрлерін пайдалануға болады. Оның ішінде ең маңыздылары мыналар:



Сурет 2 -Әдебиет пәнін оқытуда пайдалынылатын жаңа интербелсенді стратегиялар

Аталған технологиялардың қай-қайсысын да әдебиет сабактарында тиімді пайдалануға болды. Бұл технологиялар, ең алдымен, сабактың сапасын арттырады, екіншіден, нәтижеге қол жеткізеді, үшіншіден, студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады, төртіншіден, білім алушының

шығармашылық қабілетін шындаиды. Бұл пікірді кесте түрінде былай көрсетуге болады.



Сурет 3 - Әдебиетті оқытуда пайдалынылатын технологияның сипаттамасы

Осыған орай қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды инновациялық технологиялармен оқытудың әдістемелік жүйесі төмендегідей жұмыстардан тұрады деп көрсетуге болады:



Сурет 4 - Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды инновациялық технологиялармен оқытуудың әдістемелік жүйесі

Негізінен жеке пәндердің ғылыми әдістемелік жүйесін жетілдіруде деңгейлеп оқыту технологиясының орны ерекше. Әдіскер ғалым, профессор Т.Жұмажанова ол туралы былай дейді: «Денгейлік оқыту бойынша әр деңгейдің әдістемелік мақсаты, міндегі көрінеді, оку материалына қатысты тапсырмалар бір деңгейден екіншіге қарай құрделене түседі» [103, б. 98].

Денгейлеп саралап оқыту технологиясының дидактикалық, педагогикалық, психологиялық негіздемесін С.Рубинштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Ю.К.Бабанский, Б.П.Беспалько, В.М.Монахов т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде жүйелеген. Ал әдіскер-ғалым Ж.А.Қараевтың «денгейлеп саралап оқыту технологиясының» негізгі идеясы оқытууды ізгілендіру мен демократияландыруға құрылған, яғни мұнда білім алушы өздігінен дұрыс шешім қабылдап, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға ретінде қалыптастыра алады. Сол себепті қазіргі кезде Ж.Қараевтың деңгейлік оқыту жүйесі туралы іліміне сүйеніп, әр пән бойынша деңгейлік тапсырмалар дайындауға болады.

Денгейлік саралау технологиясы білім алушы мен ұстаздың белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар, білім алушыларға өз білімін жана әдіс-тәсілдермен бағалауға мүмкіндік береді. Мәселен, әр деңгейдің өз бағалауы бар. Олардың барлығы білім алушының көз алдында тұрады. Мұның өзі білім берудегі негізгі тетіктер болып табылады. Оның маңыздылығы мынада:

1. Топ студенттері түгелдей жұмыс істейді;
2. Топта бос отырған студент болмайды;
3. Әр студент өз деңгейін біледі, оны жетілдіруге талпынады;
4. Қиындықтарды және білуге төсөледі;
5. Ізденушілік қабілеті қалыптасады;
6. Пәнді оқып-үйренуге қызығушылығы артады.

Нәтижесінде:

1. Алдына нақты мақсат қоя білетін жеке тұлғаны тәрбиелеу;
2. Әр студент өзінің білім деңгейін дамытады;
3. Шығармашылық қабілеті шындалған тұлға қалыптасады;
4. Студенттердің оқуға деген ынтасы артады.

Денгейлеп оқыту идеясының авторы Н.П.Гузик сыныптағы білім алушыларды А, В, С – үш деңгейге бөлуді ұсынады. Ал Ж.Қараев студенттің біліміне қарай тапсырмаларды төртке бөлуді ұсынады. Мәселен, *I деңгей тапсырмалары* (үйренушілік-репродуктивтік деңгей) мемлекеттік стандарттық деңгей, бұны орындауға барлық білім алушылар міндettі. Яғни, алдыңғы сабактағы тақырыпта менгерген білімнің өнін өзгертуей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беріледі. *II деңгейдегі тапсырмалар* (алгоритмдік деңгей) өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Яғни, берілетін тапсырмалар бұрынғыларға ұксас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімді түрлендіріп пайдалануы қажет. *III деңгейдегі тапсырмалар* (эвристикалық деңгей) –танымдық, ізденімдік

тапсырмалар. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында студенттер жаңа тақырып бойынша менгерген ақпараттардан өзіндік қорытынды шығарады, ой-пікірлерін айтады. *IY деңгейдегі тапсырмалар (шығармашылық деңгей)* – шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар. Студенттердің білім, білік-дағдыларының көмегімен, яғни қалыптастырған ұғым-түсініктерінің нәтижесінде жаңаша, тың ой айтып, ерекше жұмыс жасауы.

Кесте 11 - Денгейлел оқыту технологиясының кезендері

Кезендер	Оқытушының іс-әрекеті	Студенттің іс-әрекеті
Анықтау кезені	Студенттердің білім деңгейін анықтау	Оқытушымен бірлесе отырып оқу деңгейін таңдау
Студенттерді топқа бөлу	Әр деңгей үшін оқу мазмұны мен қойылатын нақты талаптарды айқындау	Топтардағы оқыту талаптарының жобасын талқылауға катысу
Оқытуды жүзеге асыру	Оқытушының оқу материалын топтарға беруі	Сутденттің оқу іс-әрекетін ұйымдастыруы
Білімді бағалау	Атқарылған жұмыстар нәтижесі бойынша студенттерді бағалау (Рефлексия/Кери байланыстың орнатылуы)	Нәтижелері бойынша өзара және өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру

Бағалау «баллдық» жүйемен жүзеге асырылады. 1-денгейді орындаған студентке 5 балл, 2-денгейге 10 балл, 3- деңгейге 15 балл, 4-денгейге 20 балл қоюға болады. Бағалау критерийін оқытуши езі тағайындейді. Студент «3» деген баға алу үшін берілген материалдың кем дегенде 50%-ын, «4» алу үшін 70-80 %-ын, «5» алу үшін 90-100 %-ын білу керек.

Кесте 12 –Әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындастырын студенттердің іс-әрекеті

I-денгейдегі тапсырманы орындаушы студенттің іс-әрекеті	II-денгейдегі тапсырманы орындаушы студенттің іс-әрекеті	III- деңгейдегі тапсырманы орындаушы студенттің іс-әрекеті	IV- деңгейдегі тапсырманы орындаушы студенттің іс-әрекеті
Алдында менгерілген білімін өзертеп пысықтайды; оқытуши басшылығымен тапсырмалар орындаиды.	Өткен материалды жүйелеуге арналған тапсырмалар орындаиды, өз бетімен кейбір теориялық мәселелерді игере алатынын көрсетеді.	Танымдық-эвристикалық тапсырмаларды орындаиды, оны практикада қолдана алады.	Берілген тақырып-қа өз бетімен реферат, баяндама дайындаиды, өзінің шығарма-шылық қабілетін көрсете алады.

Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз табиғатын ашатын зандылықтарды білуі керек, сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік менгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда оқытушы мен студент арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс. Осы түрғыдан алғанда, деңгейлік тапсырмаларды орындауда өте тиімді. Мәселен, Ә.Тәжібаев шығармашылығындағы ежелгі әдебиет дәстүрлерін талдағанда топтық жарыс сабағы және деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту сабактың мазмұны мен рухани құндылығын арттырады.

I-топ. **Тапсырма.** 1.Ә.Тәжібаев қай жылы, қай жерде дүниеге келген? Ә.Тәжібаев өмірі мен шығармашылығына қатысты ассоциаграмма құрастыр.

2. Ә.Тәжібаевтың зерттеулері туралы не айтар едің?

II-топ. **Тапсырма.** 1. Ә.Тәжібаев шығармашылығындағы ежелгі әдебиет дәстүр көріністеріне мысалдар келтір.

2. Ә.Тәжібаев қай ақындардың шығармашылығын қарастырды? Ассоциаграмма құрастыр.

Әр топтың орындаған тапсырмаларын талдай және толықтыра отыра, студенттермен әрі қарай деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жүргізіледі.

1-денгей.

1. Ә.Тәжібаев жыр жинақтары қашан жазылып, жарық көрген?

2. Оның жыр жинақтарында ежелгі дәуір көріністері қалай суреттелген?

3. Жырдағы басты кейіпкерлер кімдер?

2-денгей.

1. Жырдағы басты кейіпкерлерге мінездеме бер, ақынның кейіпкерлерді таныстыруын мәтіннен тауып оқы.

2. Ақын шығармашылығы бойынша өзіндік ой-тұжырымын?

3. Ә.Тәжібаев шығармашылығындағы ежелгі әдебиет дәстүр көріністері қай ақынның поэзиясымен байланысты?

3-денгей.

1. Ә.Тәжібаев өз жырларында ежелгі әдебиет дәстүр көріністерін тиімді пайдаланған ба?

2. Сенің өзіндік көзқарасың қандай?

3. Намысым үйқы табылмай,
Дөңбекши берем төсекте.
Жағамнан келіп алардай,
Жармасып бықсық өсектер.

Табыттан қатты мұндейда
Мамықтан жұмсақ төсектер.
Сезесің қоршап тұрғандай,
Пыскырган өңшең өсектер.
Тезірек үйқы келсе екен,
Шошынған ойды бөлсе екен.
Елестер мына сөнсе екен,

Тыныштық маған берсе екен,—деген өлең жолдарындағы ақынның беймаза күйін қалай түсіндіресін?

4-денгей.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Егер мен Ә.Тәжібаев болсам өз жырларымда ежелгі әдебиет дәстүрін қалай жырлар едім» тақырыбында ой-толғау жазу тапсырылады.

Денгейлік тапсырмалардың тиімділігі: әр денгей бойынша оқушылар өз білім дәрежесіне, қабілетіне қарай тапсырмаларды орындаиды. Бұл тапсырмалар оларды мәтіннің мазмұнын игеріп қана қоймай, өз бетімен ізденуге, дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін шындауға, өзіндік ой қорыту, тұжырым жасауға дағыландырады.

Сабактың ұтымдылығы: студенттер мұндай сабактарда Ә.Тәжібаевтың жырларын өз бетінше талдауға үйренеді. Ақын шығармаларындағы көне түркілік сарын элементтерін талдай отырып, қазіргі еліміздің жеткен жетістіктерімен, таным-түсінігімен байланыстырады. Әр түрлі әдістер қолдану негізінде студенттердің сабаққа деген ынтасы оянып, қызығушылығы артады. Ә.Тәжібаев шығармаларындағы көне түркілік сарын элементтерін деңгейлік оқыту технологиясымен игерту барысында төмендегідей жаттығутапсырмалары берілді:

1-тапсырма. Ә.Тәжібаев поэзиясы мен ежелгі дәуір әдебиеті арасында қандай ұқсастық бар ма?

Мақсаты: Студенттің шығарма мазмұнын жүйелі менгеріп, оны талдай алу қабілетін дамыту.

Ұтымдылығы: шығарманың желісін жетік білуі, шығарманың өн бойынан негізгі түсінікті тани білуі, өзіндік көзқарасын дәлелдей білуге баулу.

2-тапсырма. Ақын неліктен ежелгі дәуір көріністеріне ерекше мән берген? Бұл ұғымдар қай өлеңінде кездеседі?

Мақсаты: студентті өлеңді мәнерлеп оқудан соның ішіндегі тәрбиелік мәні бар сөздерді талдау деңгейіне жеткізу.

Ұтымдылығы: әр студенттің ойлау, байқампаздық қабілеттері жетіледі. Ашық пікірін білдіруге талпынады. Мәтін мазмұнындағы басты ойды түсінуге тырысады. Өзін-өзі бағалай білуде өзіндік пікір қалыптастырады.

Соңғы кезде оқыту үдерісінде жиі қолданылатын технологиялардың бірі – ұжымдық технология. Ол мынадай тәсілдер арқылы жүзеге асырылады: *жекелей, жұптық, топтық, ұжымдық*. Ұжымдық оқыту әдісі әр студенттің бір мезетте әрі студент, әрі оқытушы ретінде болатындағы етіп оку үрдісін белсендіре түседі. Мұндай оқыту түрі ұжымда тек қана бірлесіп жұмыс істеу емес, сонымен қатар, жарысқа түсу, бәсекелестік тудыруды көздейді.

Әдебиет сабактарында ұжымдық оқыту технологиясы жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу мен қалыптастыруға бағытталған. Ұжымдық оқытуудың мақсаты: көркем әдебиет арқылы студенттің рухани дүниесін байыту, көркем шығарманы оқуға құштарлығын қалыптастыру, ауызша, жазбаша тіл мәдениетін дамыту, кез-келген теориялық мәселені өзінше бағалап, пайымдай білуге дағыландыру, өз ойын, көзқарасын жеткізе білуге төсөлдіру, өзекті

мәселелерді талдай білуге үйрету, шығармашылық ізденіске жол ашу. Ұжымдық оқытуда студент мынадай рөл атқарады:



Сурет 5 - Ұжымдық оқыту технологиясы барысында студенттің атқаратын қызметі

Ұжымдық оқыту білімді жеке тұлғаға қарай бағыттай беру технологиясына жатады. Оны кейде «ұйымдастырылған диалог», «ұжымдық оқыту» деп те атайды. Ұжымдық оқыту тәсілдерінің басты белгілері: әр баланың жеке қабілеті, дарынын дамыту, ұжымдағы әрбір мүшени оқыту және әркімге ортақ жұмыстағы бір-біріне көмегі, ынтымақтастық болып табылады. Ұжымдық оқыту тәсілдерінде оқытушы мен студенттің іс-әрекеті алмасып келіп отырады. Оқытушы іс-әрекеті, қызметін ұжым атқарады, яғни жаңа білімді менгерту, тапсырмаларды орындауда, бір-бірінің жұмыстарын саралауда, бағалауда, талдауда өздері жетекшілік етеді. Мұғалім ұйымдастырушы, ақыл-кеңесші қызметін атқарады.



Сурет 6 - Ұжымдық оқыту технологиясының моделі

Ұжымдық оқытудың негізін 30-жылдары А.Г.Ривин салған. Бұл технологияны ғылыми негізден, ары қарай дамытқан В.К.Дьяченко аталған технологияны «работа учащихся в парах смешного состава», – деп көрсетеді [105,с. 14]. Сондай-ақ ғалым: «Коллективная форма учебных занятий имеет особенности как парной, так и групповой формы, и в то же время это качественно принципиально новая форма. Коллективные учебные занятия – это работа учащихся в парах смешного состава. При коллективных занятиях работа происходит в парах, но эти пары не замкнутые, а открытые: каждый по очереди работает то в роли обучающего, то в роли обучаемого. При систематической коллективной работе все ученики по очереди работают со всеми: все обучаются и воспитывают каждого, а каждый всех», – деп анықтама береді [104,с. 15]. Ал «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қысқаша-анықтағыш сөздігінің» авторлары: «Ұжымдық әдістің ең негізгі ерекшелігі – топтағы студенттердің жұп түрінде жұмыс жасап және ол жұптардың үнемі өзгеруіне байланысты», - деп анықтама береді [105,б. 229]. Қалай десек те, бұл оқыту технологиясы ұзақ жылдар бойы тәжірибеден қалмай, өзінің тиімділігін әр кезеңде де дәлелдеуде. Өйткені, сабак барысында жүйелі түрде қайталанып отырылатын жаттығулар мен тапсырмалар, әртүрлі кешенді жұмыс түрлері арқылы студенттердің логикалық ойлауы жетіледі, өзіндік көзқарасы қалыптасады; белгілі ортада өзін еркін ұстайды, дербес жұмыс істеуге, өз бетімен қорытынды жасауға дағыланады; тек жеке басы үшін емес, ұжым алдындағы жауапкершілігі, іскерлігі артады; өзін-өзі бағалай алады. Соның әсерінен сапалы білім алып, білік пен дағды қалыптасады.

Негізінен шығармашылық жұмыстарды жүргізуде ұжымдық оқытудың жұптық тәсілі өте маңызды. Қазіргі кезде сабак үдерісінде жұптық тәсілдің өзін үшке бөледі:



Сурет 7 - Жұптық оқытудың моделі

Ұжымдық оқытуға негізделген жұптық жұмыстың бір түрі – ерекше жұптар жұмысы. Оның ерекшелігі – топтағы студенттердің әркайсысы берілген тапсырманы жеке-жеке орындаиды. Орындалп болған соң, жеке-жеке өз жұмыстарын ортаға салады. Біреуі айтып жатқанда, қалғандары тыңдайды,

жазба жұмыс болса, жазғандарын оқиды. Бір-біріне сұрақ қояды, сұрақка жауап бере алмаса, топтағы басқа балалар жауап береді. Жұптық жұмыстың бүл түрінде дербестік сақталады. Ең жақсы деген жұмысты топ спикері басқа топқа ұсынады. Ол студент енді өз жұмысын басқа топтың ортасына салады. Қорытынды кезеңде оқытушы көмегімен 2-3 жұмысты бүкіл ұжым тыңдайды, пікірлеседі, ойларын ортаға салады. Мұндай жұмыстарды эссе әдістемесі арқылы жүзеге асыруға болады. Мәселен, «Дербес пікір жазу» тәсілі.

Сабак барысында оқытушы ұжымдық оқыту тәсілдерін әртүрлі пайдаланады. Мысалы, оқытушы жұптық, топтық жұмыстарды орындауда үшін ақындар шығармашылығын талдауда студенттерге қазақ поэзиясындағы түркілік сарынға қатысты тақырып береді («Ақындар поэзиясындағы тұн суретінің мифтік бояулармен суреттелуі»). Бұл мәселені талдау үшін оқытушы мынадай іс-әрекетке көшеді:

I кезең. Дайындық кезеңі. Студенттерді топтағы санына қарай топқа бөледі. Оқытушы тапсырмамен таныстырады, мәтін жазылған үлестірме қағаздар таратады. Шешілетін проблемаға назарларын аударады. Топ спикері түсінік береді.

Бұталардың арасында қап-қалың,
Ұйыған тұн жатты іркілдеп бөкпе боп.

Бір абайсыз ашып еді қақпаны –
Күдірейіп түрегелді көк төбет [106, б. 263].

Қап-қараңғы үрейдің арқасында,
Мына түннен азырақ қорқасың да,
Күлген сайын сырттағы курен боран
Жын жылайды пешінің қолқасында [106, б. 264].

II кезең. Жұптағы, топтағы жұмыстардың жүруі. Студенттер алдымен тапсырманы жеке-жеке орындаиды. Кезектесе отырып, бір-бірінің пікірін тыңдайды; ақындар поэзиясындағы тұн суретінің «мифтік» бояулармен суреттелуі жайлы өз ойларын ортаға салады, бір-біріне сұрақ қояды, қорытындылайды. Бір-бірін бағалайды, түзету жұмыстарын жүргізеді, бір-біріне түсіндіреді. Аталған кезеңде мәтінді талдау үшін «ПОПС» формуласын қолдануға болады. Ол мынадай құрылымнан тұрады:

1. Бірінші сөйлем «Біздің ойымызша, ... ».
2. Екінші сөйлем «Себебі, біз оны былай түсіндіреміз ... ».
3. Ушінші сөйлем «Оны біз мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламыз ... ».
4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытынды шешімге келдік».

III кезең. Мәселе бойынша жасаған қорытындылары мен түйіндерін спикер хабарламасы арқылы оқытушы тыңдайды, жауаптардың дұрыс-бұрысын сараптайды.

IV кезең. Оқытушы ұжымды жұмыстың орындалу сапасымен таныстырады. Ұжым болып барлық тараپтарды тыңдайды, талқылайды, пікірлеседі (дауласады, келісу-келіспеушілік болады).

V кезең. Бақылау жұмысы. Бұл жұмыс студенттердің алған білімін, ұғымын тексеру мақсатында жүреді. Бақылаудың түрі өте көп. Оқытушы өзіне тиімдісін таңдап алады. Бұл кезенде оқытушы қорытындылауда «Төрт сөйлем» тәсілін қолдануына болады. Бұл тәсіл – мәтіндегі ақпараттарды талдауда, ой қорытындылауда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдердің бірі. Оның формасы төрт бөліктен тұрады:

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Болмаса тақырыпқа қатысты тест тапсырмаларын беруге болады. Мәселен,

Ж.Нәжімedenovtің тұнгеге арнаған өлеңі

- A) Тұн элегиясы
- B) Тұн жыры+
- C) Заман-ай
- D) Тұн мезгілі

Т.Әбдікәкімовтің «Боранды тұнде» өлеңіндегі тұн суреті

- A) Мақпал тұн
- B) Қаранғы тұн
- C) Боз тұн +
- D) Айлы тұн

Т.Әбдікәкімовтің «Тұн баласы» өлеңіндегі тұн бейнесі

- A) Жын бейнесінде
- B) Айдаһар бейнесінде
- C) Тажал бейнесінде +
- D) Періште бейнесінде

Ұ. Есдәulet «Тұнгі саздар» өлеңінде айды неге теңеген

- A) Қылышқа +
- B) Семсерге
- C) Қанжарға
- D) Пышаққа, т.б.

Жұмыс аяқталған соң оқытушы бақылау жұмысының қорытындысын хабарлайды. Коррекциялық жұмыстар жүргізеді. Кемшіліктерді түзету үшін жаңа мақсаттар белгілейді. Тапсырманың нәтижелі мақсатқа жету-жетпеуі оқытушының тікелей ұйымдастыруышылық қабілетіне байланысты.

Ұжымдық оқытудың бір түрі – топтық жұмыс. Негізінен дәстүрлі оқытуда топтық жұмыстар тұрақты болып келеді, яғни берілген тапсырмаларды топ болып орындаиды. Ұжымдық оқытуда тұрақты топ болмайды, олар жиі ауысып отырады. Топтағы студенттердің әрқайсысы басқа топқа барып, жұмыстарын ортаға сала алады, үнемі қозғалыс, ауысып отыру бұл оқытудағы топ жұмыстарының өзіндік ерекшелігін даралайды. Топқа студенттер өз еркімен де,

оқытушы нұсқауымен де кіре алады. Мұндай жұмыстарды орындау барысында «Броундық қозғалыс», «Галереяға саяхат» тәсілдерін пайдалану өте тиімді. Мәселен, студенттерге жаңа тақырып туралы ақпарат бермesten бұрын «Броундық қозғалыс» әдісін пайдаланып, «Тәуелсіздік поэзиясындағы көне түркілік сарын» деген тақырып береді. Студенттер ең алдымен берілген тақырыпқа қатысты топты аралап ақпарат жинайды. Топтағы студенттермен ой бөліседі, өз пікірін айтады, кейін өз тобына келіп, тақырыпқа қатысты мәтін құрастырады. Мұнан шығатын қорытынды берілген шектеулі уақытта студенттер бір-бірімен пікір алмаса алады, ойларын ортаға салып үлгереді. Ең бастысы, топтық жұмыста оқытушы тарарапынан нақты нұсқау берілуі қажет.



Сурет 8 - Топтық оқытуудың моделі

Әдіскер ғалымдар бұл технологияға мынадай анықтама береді: «Ұжымдық оқыту әдісінде барлық студент белсенді түрде жұмысқа тартылады, олар жұп құрап, кезекпен алмасуы арқылы бірін-бірі үйретіп, бірі үйреніп әрқайсысымен тілдік қатынасқа түседі [107, б.229]. Яғни, ұжымдық оқытуда топтағы студенттердің ортақ мақсаттары болады, алынған білімді бір-біріне сол сәтте жеткізеді, өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық қалыптасады, тақырыптар мен тапсырмалар әртүрлі болады. Сол себепті ұжымдық оқыту технологиясы студенттің өз ойын еркін айта білуіне, басқалармен теңдей тілдік қарым-қатынас жасай білуге негізделген. Түйіндей келе, оқытуудың ұжымдық түрі оқытушының бақылаушы және бағыттаушы қызметімен айқындалатын, білім алушыға көп міндет жүктелетін технология.

Қазіргі кездегі кеңінен тараған технологиялардың бірі – *сын тұрғысынан ойлау технологиясы*. Аталған технологияны пайдалану арқылы студентті тыңдай білуге, бір-бірінің пікірін бағалауға, өз ойларын анық жеткізуге дағдыландырамыз, оларды өз бетімен жұмыс істеуге бағыттаймыз. 1978 жылы Канадада Виндзор қаласында сын тұрғысынан ойлауға арналған Бірінші Халықаралық симпозиум өткізілді. Симпозиум сын тұрғысынан ойлау мен

формальді емес логиканың өзара байланысын анықтауға бағытталды. Формальді емес логиканы сипаттайтын пікірталаста айтылатын идеялардың шындығына назар аудару; аргументті диалектикалық үдеріс ретінде зерттеуге құлшыныс; формальді логиканың аргументтерді бағалау және қалыптастыру дағдыларының көзі ретінде жеткіліксіз болатындығы; мәселені шешуді көнектігінде деген қызығушылықтың артуы тәрізді белгілер төннегіндегі сөз қозғалды.

«Сын тұрғысынан ойлау» американдық көптеген ғалымдардың алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған жоба болып саналады. Жобаны жүйеге келтірген АҚШ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарльз Темпл. Бұл жоба атақты ғалым зерттеушілер Ж.Пиаже мен Л.С.Выготскийдің даму теорияларын басшылықта алады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасының мақсаты барлық жастағы студенттерге кез келген құбылыс пен заттарға, әрекет пен мазмұнға сынни тұрғыдан қарап, көптеген пікірдің ішінен біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету болып табылады.

Қазақстанда сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы 90-шы жылдардан бастап белгілі бола бастағаны мәлім. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы – RWCT ағылшынша Reading and Writing for Critical Thinking, яғни орысша аударғанда «Развитие критического мышления через чтение и письмо» деп аталады. Бұл жоба біздің елімізге Джордж Соростиң ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келіп, біртіндеп қолданыла бастады. Саданова Ж.К., Саданова С.К. сын тұрғысынан оқыту жобасының мынадай кезеңдерін атап көрсетеді:

Бірінші кезең – қызығушылықты ояту. Бұл үйрену үдерісі – бұрынғы билетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Студент жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, көнектік түседі. Соңдықтан да сабак қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оның не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Тұртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» тағы басқа атаулармен аталған әдістер (стратегиялар) жинақталған.

Екінші кезеңі мазынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде студент жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындаиды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі – «INSERT» стратегиясы. Ол бойынша студентке «V» - «білемін», «-» - «білмеймін», «+» - «мен үшін жаңа ақпарат», «?» - «мені таңқалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығаның түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Оны сабактың бастапқы кезеңінде де, қорытындылауда да пайдалануға болады.

Тақырып туралы ой толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде студенттің өзіне, басқаға сын көзben қарау, баға беруі

назардан тыс қалып жатады. Одан гөрі, үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, баға қою сияқты шараларға уақыт жіберіп аламыз. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында бұл сабактағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде студент өзінің сабак барысында не үйренгенін, түсінгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Бұл кезеңде «Бес жолды өлең» (синкуин), «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабактың әрекшелігіне, ауыр-женілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр білім алушы өз шығармашылығын көрсете алады [108].

Репродуктивті білім деңгейі – бұл айғақтар, құбылыстар, оқиғалар және ережелер туралы білімнен тұрады да, ойлау үрдісі репродуктивті сипатта болады.

Конструктивті білім деңгейі – бірінші деңгейдегі білімдерді қайтадан ой елегінен өткізу арқылы алынған білімдер. Әдіскерлер бұл деңгейге оқытудың эвристикалық әдістерімен қол жеткізуге деп санайды.

Шығармашылық білім деңгейі – білім алушылардың өз бетімен іздену іс-әрекетінде пайда болатын білімдер, біліктіліктер мен дағдылар. Шығармашылық деңгейдегі білімдерге білім алушының бойындағы шығармашылық қабілеттерін оятатын эвристикалық және зерттеу әдістері арқылы қол жеткізуге болады. Бұл деңгейде олар жұмыстың тақырыбы мен міндеттерін айқындайды, болжамын және іздену жоспарын дайындайды, іздену және зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының қазіргі таңдағы талаптарға сай білімді жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында алатын орны ерекше. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушыны болжам жасатуға, алдыға қойған мақсатқа сын тұрғысынан қарауға үйретеді.

Ғалым-әдіскерлер сын тұрғысынан ойлау технологиясының төмендегідей тиімді жақтарын атап көрсетеді:

1. Білім алушылардың өз бетімен жан-жақты білім алуы;
2. Сабак кезінде уақытты ұтымды пайдалану;
3. Білім алушылардың өзара пікір алмасуы;
4. Оқытушы мен білім алушылар арасында ізгілік қарым-қатынастардың орнауы [108, б. 44].

Студенттің үлгерімі, оқу сапасының жоғары болуы оқытушының шеберлігіне байланысты. Оқытушы өз міндетін тек оқыту, түсіндіру деп қана түсінбей, оқу үдерісін сауатты, шебер ұйымдастыра білуі шарт.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы студентті саналы түрде ізденуге, өзінің көзқарасын қалыптастыруға, басқалардың да пікірімен санасуға, өзіндік қате тұжырымынан бас тартуға көмектеседі. Аталған технология ойлаудың жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызды рөл атқарады. Әдіскер-ғалымдар аталған технологияның төмендегідей сұраққа жауап іздеуге ықпал ететінін айтады:

- Мен не білемін?
- Мен жаңаша нені білдім?
- Менің білімім қалай өзгерді?
- Мен осы біліммен не істей аламын?

Жалпы сынни тұрғыдан оқыту ойлау технологиясы жан-жақты қолданылып жур. Ол өзінің тиімділігін дәлелдеді. Сонымен сынни тұрғыдан оқыту технологиясы студенттің өзіндік және жеке ойлаудың қалыптастырады. Олар өз ойлары мен пікірлерін білдіруге дағдыланады. Яғни ол үшін басқа біреу ойлай алмайды, сондықтан ол өз пікірін айтуда үйренеді. Студент үшін ақпарат ойлаудың ең бастапқы межесі болып табылады. Студент үшін фактілер мен идеялар, мәліметтер мен тұжырымдамалар және т.б. терең ойлауда қажет материалдар болып саналатындықтан, ол оны өндөуден өткізеді. Яғни ол ақпаратты сұрыптауда дағдыланады.

Біззерттеу жұмысымызды жүргізу барысында арнайы бір сабакты сын тұрғысынан ойлау технологиясына арнадық. Ол үшін «Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын» деген тақырыпты алдық.

Кесте 13- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабак жоспары

Сабакты жүргізген оқытушы, ЖОО	Алиева Жанат	ҚазМемКызПУ
1	2	3
Откізілген күні, орны	04.03.2015	206 дәрісхана
Сабактың тақырыбы:	Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын	
Сабактың жалпы мақсаты:	Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын элементтерін айқындау.	
Әдіс-тәсілдер:	«Ой шақыру» әдісі, кластер, «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі, жеке, жұптық, топтық жұмыстар.	
Сабактың көрнекілігі:	Интерактивті тақта, Ежелгі түркі әдебиеті туралы бейнебаян, слайдтар, үлестірмелі материалдар, желімқағаздар, ватман, түрлі-түсті маркерлер.	
Жетістік критерийлері:	Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын элементтері туралы ақпарат береді, өз ойымен бөліседі, қойылған мәселені талдайды, сараптайды.	
Түйінді идеялар:	Студенттермен бірлескен жоспар құру оқытушының білімі мен тәжірибесін шындаиды. Студенттер сабакты белгілі бір мақсатқа құруға төсөледі. Тақырып бойынша ойын ашық айтуда дағдыланады.	

13 – кестенің жалғасы

1	2	3
Психологиялық, ынтымақтастық атмосферасын орнату	«Екі жүлдyz, бір тілек» тәсілі. Оқытушы студенттерге сабактың мақсатын түсіндіреді.	Студенттер бір-біріне жақсы тілек тілейді, бүгінгі сабакта қандай нәтижеге қол жеткізгілері келетінін айтады.
I. Қызығушылықты ояту	Студенттердің тақырыпқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Ежелгі түркі әдебиеті» бейнебаян көрсетеді.	Студенттер бейнебаянды көреді.
II. Мағынаны тану	1. «Ой шақыру» әдісін пайдаланып, тақырыпқа қатысты сұрақтар қояды, студенттердің білімін анықтауға қатысты «ежелгі түркі әдебиеті» тақырыбында ассоциаграмма тапсырады. 2. Жұптық жұмыстырындарады.	1. Өз ойын айтады, ассоциаграмма құрайды. 2. Әр студент кластер құру арқылы ежелгі дәуір әдебиетіндегі түркілік сарын жайлы билетін ақпараттарын ортаға салады.
III Ой толғаныс	Топтық пікірталасты үйымдастырады. Топпен бірге әр жұптың айтқан ойларын талдайды.	Топ болып аталған тақырыпты талдайды.
IV.Бекіту	Студенттердің тақырып бойынша алған білімін анықтау мақсатында «Құнды пікір» стратегиясын қолданады. «Ежелгі дәуір әдебиетіндегі маған қатты әсер еткен көрініс» тақырыбында эссе жаздырады.	Эссе жазады.
V. Бағалау	Оқытушы студенттердің өзара бағалауы бойынша өз ойын айтып, қорытынды бағаны өзі қояды.	Өзара бір-бірін бағалайды.

13 – кестенің жалғасы

1	2	3
Кері байланыс	«Досыма хат» тәсілін пайдаланып, студенттерге сабактан қандай әсер алғандықтарын желімқағаздарға (стикерлерге) түсірулерін сұрайды.	Желімқағаздарға өз ойларын жазады.

Әлемдік өркениеткеқадам басқантәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға жанама мүмкіншіліктер туғызды.

Дәстүрден тыс сабак түрінің қай-қайсысы болса да студенттің ой-өрісін, дүниетанымын, шығармашылық, ізденушілік қабілетін дамытуға өзіндік көзқарасын тұжырымдауға негізделгендігін көреміз. Дәстүрден тыс сабак түрлері оның ойын ұштап, өзі талдап дәлелдеу арқылы өз пікірін ашып айтуда дағдыланады. Осы арқылы өз еңбегінің жемісін басқалармен бөлісіп, алған білімін жетілдіре, дамыта түседі.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды инновациялық технологиялармен оқытуда іріктеліп алынған білім беру технологиялары шартты түрде сараланды. «Бір зерттеудің аясында осынша технологияны қолдану мүмкін бе?» деген сұрақтың туындауы заңды. Біз бұл жерде пәнді менгертудің тиімділігін сабактарда үнемі бір технологияны қолдану арқылы емес, түрлі технологиялардың элементтерін ұтымды қолдана отырып анықтауда болатынын дәйектегіміз келді. Әрине, қолданылған технологиялардың әрқайсысы бір-бір зерттеу нысаны болатыны жасырын емес. Бірақ тәжірибе барысында әр сабакта бір технологияның элементін пайдалану арқылы студенттің қызығушылығын тудырып, пәнді терең игертуге болатыны байқалды. Кейде студенттердің өзі көнілдеріне қонған технологияны қайта пайдалануды ұсынған кездері болды. Сондықтан технологияларды мақсатына байланысты ірікте алдық.

XXI ғасырда әлемдегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі ізdep табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сұру және жұмыс істеу болып табылады.

Дүние жүзіндегі инновациялық үдерістердің барлығы кез-келген мемлекеттің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қаматамасыз етумен бірге, ғылыми-техникалық ілгерілеуін де едәуір жылдамдатады. Өйткені, мемлекет дамуының негізі болып табылатын инновациялық саясат кез-келген бөсекеге қабілетті мемлекеттегі ғылым дамуының бағытын анықтайды. Инновациялық үдеріс жаңа бір өнімнің алынуын білдіреді де, ол идеяның пайда болуынан бастап, оның коммерциялық тұрғыда жүзеге асырылуына дейінгі ұзақ жолды қамти отырып, әр түрлі қарым-қатынастар (өндіру, алмасу, тұтыну) кешенін өз қарамағына алады.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне студенттердің көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни, оқытушы осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Студенттің көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Студенттердің рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық талаппен қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзben айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады

3.3 «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнін оқытуудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары мен оның нәтижелері

Кез келген ғылыми-әдістемелік жұмыс, ең алдымен, эксперимент жұмыстарына негізделеді. Эксперимент – бұл зерттеу жұмысының нәтижесін көрсететін, түйінді шешім айтуға бағытталған жұмыс. Білім беру жүйесінде эксперимент термині «ізденіс», «тәжірибе» секілді ұғымдармен сабактаса түсіндіріледі.

Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде эксперименттің ізденімдік, қалыптастыруышы, қорытынды, диагностикалық, анықтау, бақылау, оқыту, болжау т.б. секілді түрлерінің қолданғандарын байқадық. Сол себепті жоғары мектепте қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытуудың әдіснамалық негіздерін анықтау мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Эксперименттің басты мақсаты, оның әр кезеңдегі міндеттері, соған байланысты туындаған мәселелер зерделенді. Эксперимент базасы ретінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті таңдалып алынды.

Эксперимент кезінде оқыту үрдісінде қолданып жүрген әдістемелік жұмыстардың аталған мәселені менгерудегі жолдарын анықтауға жаңа технология арқылы оқытуудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана отырып, бақылау жасауға студенттердің өздік, шығармашылық, іздену жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Эксперимент жұмысының негізгі мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың сапасын арттыру нәтижесінде жеке тұлғаның дамуына сәйкестендіре отырып студенттердің әдеби материалдарды толық оқып игеруін жүзеге асыру, олардың әдеби білім деңгейінің дамуын қалыптастыру.

Эксперимент жұмыстарын жүргізу үш кезеңге топтастырылды:

1-кезең – анықтаушы эксперимент (2013-2014 ж.ж.)

2-кезең – қалыптастыруыш эксперимент (2014-2015 ж.ж.)

3-кезең – бақылаушы эксперимент (2015-2016 ж.ж.)

Кесте 14 – Эксперимент жұмыстарын жүргізудегі бастапқы деректер

ЖОО	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті	25	25

Эксперименттің анықтау кезеңінде жоғары оқу орындарында қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың теориялық моделі жасалып, ЖОО аталған тақырыпты жана технологиялармен оқытудың өзектілігі анықталды.

Эксперимент жұмысының алғашқы кезеңінде студенттердің бұл тақырыпты қаншалықты деңгейде белетіндігін анықтап, жинақтау мақсатында арнайы сауалнамалық сұрақтар, тест тапсырмалары, әңгімелесу, жазба жұмыс түрлері, ауызша пікірлесу жүргізілді. Осы негізде студенттердің білім деңгейін, қазақ поэзиясына деген көзқарасын танып-білу мақсатындағы бақылау жұмыстарының қорытындысын саралай келе:

- экспериментке дейінгі студенттердің 73 %-ы аталған мәселе туралы аз белетіндігін;

- студенттердің 21 %-ы оқулық көлеміндегі берілген материалды менгерумен ғана шектелетінін;

- студенттердің 6 %-ы аталған мәселеге мұлдем көніл аудармайтындығы байқалды.

Қалыптастыруыш кезеңде жоғарыда көрсетілген мәселелерге қатысты эксперименттік және бақылау топтары белгіленіп, бұл тақырыпты жан-жақты менгерту үшін жоспарлы әдеби тапсырмалар жүйесі құрастырылды. Эксперимент жүргізу барысында тәжірибе жүргізілетін топтардағы студенттер саны мен бақылау тобындағы студенттер саны теңестірілді және орындалатын оқу материалдың мазмұны, ондағы сұрақ-тапсырмалардың көлемі де бірдей деңгейде қарастырылды.

Тәжірибе барысында аталған мәселе бойынша эксперимент тобына шығарманы студенттердің өздігінен оқып қабылдауы үшін төмендегідей проблемалық сұрау-тапсырмалар, іздену жұмыстары, әдеби жаттығулар берілді.

Тақырыпты менгеру барысында осы мәселелерге ерекше назар аудару тапсырылды.

1. Қазіргі қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын неге негізделіп жазылған?
2. Ақын шығармаларында қандай кейіпкерлер бейнеленген?
3. Жырдағы басты оқиғаларға сипаттама беріңіз.
4. Аталған мәселеге қатысты өзіндік ой- тұжырымының қандай?
5. «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» деген тақырыпқа ой-толғау жазыңыздар.

Ал бақылау тобына шығармаларды оқу ғана жүктелді, арнайы тапсырма берілмеді. Соның нәтижесінде студенттердің оқу барысында мәселеге деген немқұрайлықтары байқалды. Тәжірибе барысында эксперимент топтарына ақындар шығармашылығы бойынша көріністер көрсету үйымдастырылса, бақылау сыныбына тек шығармалар мазмұнын баяндаумен шектелдік. Әдеттегідей, шығарманы талдап-талқылау барысында эксперимент тобындағы студенттердің көру, тамашалау арқылы есте сақтау қабілетінің жоғары деңгейде болғандығы байқалса, ал бақылау тобының қорытындысы бойынша есте сақтау қабілетінің төмендігі көрінді. Педагогикалық түрғыдан жоспарлы үйымдастырылып жүргізілген эксперимент, тәжірибе жұмыстары студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырып, білім алуға, әдеби көркем шығармаға оқырмандық қызығушылығын арттырып, танымдық-әстетикалық көзқарасын қалыптастырып, өзін-өзі дамытуға, дән қоятындығы тәжірибе жүзінде айқын байқалды.

Кесте 15 - Студенттің тандау курсын игерудегі сабакқа дейінгі және сабактан кейінгі менгеру деңгейі

Эксперименттік сабактардың пайыздық көрсеткіштері	Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды өздігінен менгеруінің үлгерім нәтижелері (%-есебімен)	Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды сабакта оқып-үйренгеннен кейінгі үлгерім нәтижелері (%-есебімен)
Оқу тобы түрлері	2 курс	2 курс
Бақылау оқу тобы	28 %	75 %
Эксперименттік оқу тобы	25 %	90 %

Қорытынды эксперимент кезінде 2-курс эксперимент оқу тобы мен 2-курс бақылау оқу тобында білім тапсырмалары жүргізілді. Тапсырмалар ауызша, жазбаша формада жүргізілді. Тақырыпқа қатысты ғылыми жұмыстарды талдау барысында сұрақтарға жауап берумен бағаланды. Эксперименттік жұмыс барысында жоғары мектептегі студенттің білім деңгейі айқындалатын СӨЖ, СОӨЖ және семинар сағаттарында интербелсенді оқу әдістерін негізге ала отырып өткізілді. Студенттерді бағалау өзара бағалау көрсеткіштері және оқытушы бағалауы арқылы жүзеге асырылды. Эксперимент жүргізілген оқу

тобы бойынша қорытынды жүргізгенде, студенттердің тапсырмаларды белсенділікпен орындауы, өзіндік ой-тұжырымын ашық айтуының негізінде тамаша нәтижелерге қол жеткізгендіктері байқалды.

Көріп отырғанымыздай, эксперимент қорытындысында арнайы оқу технологиялары арқылы өткізілген сабак пен дәстүрлі түрде өткізілген сабактардың өзіндік айырмашылығы болатыны байқалды. Арнайы инновациялық оқу технологияларымен өткізілген сабактардың оң нәтиже беретіндігі анықталды. Бұл сабактар студенттердің білім деңгейінің қалыптасуы ғана емес, сонымен бірге шығармашылық қабілетінің дамуына да ықпал ететіні анықталды. Демек, «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту» курсының оқу үдерісіне берері мол, маңызы зор екендігін байқаймыз.

Эксперимент жүргізілген топтардың қорытындысында студенттердің берілген тапсырмаға ынтамен, ар-ожданмен, ерекше зейін қойып, қабылдау деңгейі, оқуға деген қызығушылығы арта түсті.

Зерттеу барысында жүргізілген сынақтардың қорытындысы бақылау тобы мен эксперименттік топтардың арасындағы айырманы бірден көрсетті.

Эксперимент жұмысының соңында жоғары да аталған ЖОО-ндағы «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту» курсы оқытылған оқу топтарында жүргізілген эксперимент нәтижесі қорытындыланды.

Эксперимент қорытындысына көз жүгіртсек, студенттер төмөндегі білім деңгейін көрсетті.

Кесте 16 - Студенттердің эксперименттік тәжірибедегі білім деңгейі

Оқу тобы түрі	Студент саны	Студенттердің білім деңгейі			
		Өте жақсы 90-100%	Жақсы 79-89%	Қанағаттанарлық 50-74%	%
Эксперимент тобы	25	18 студент	6 студент	1 студент	87 %
Бақылау тобы	25	10 студент	9 студент	6 студент	75 %

Эксперимент нәтижелері аталған мәселені оқытуда жаңа технологиялық әдістерді пайдалану өте тиімді екендігін көрсетті. Мұндай интербелсенді әдістемені пайдалану студенттердің интеллектуалды дамуына, шығармашылық қабілетінің шындалуына оң әсерін тигізеді. Қорытынды экспериментте нәтижелер бірізділеніп, жинақталды, қорытындыланды.

Жоғары мектеп студенттері үшін дайындалған эксперименттік оқу бағдарламасында білім алушылардың жас деңгейі, теориялық білімі, тақырып бойынша ақпараттық деңгейі қатаң ескерілді.

Эксперимент жұмысын қорытындылау барысында жүргізілген сауалнама сұрақтары қорытындыларына келсек, экспериментке дейінгі студенттердің пән бойынша қордалаған теориялық білімдерінің одан кейін артқаны байқалды.


Ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелері келесі маңызды мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді:

1) студенттердің өздігінен білім алу дағдысы мен креативті ойлау қабілетін артыру қажеттігі анықталды;


2) аталған курс бойынша электронды оқу құралын жасау қажеттілігі туындауды;

3) кредиттік оқыту жүйесіне сай СӨЖ, СОӨЖ жұмыстарын жетілдіру, дамыту.

Зерттеу жұмысының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі деңгейлері 9 – Сызбада салыстырылып көрсетілді.



Экспериментке дейін



Эксперименттен кейін

Сурет 9 - Эксперименттік топ нәтижелерінің көрсеткіші

Эксперимент кезінде жүргізілген жұмыстар қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту арқылы жастардың бойында патриоттық, отаншылдық сезімдерді қалыптастыруға болатындығын көрсетті. Сол себепті «Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын» пәнін тәжірибеге мақсатты түрде ендіруге болады деп қорытындылай аламыз. Мұны эксперименттен кейін студенттерден алынған сауалнаманың өзі дәлелдейді. Мәселен, «Оқу-жұмыс жоспарында қамтылған пәндер бойынша қандай ұсыныстарын бар?» деген сауалға (тәжірибелік тобы):

- терендетіліп оқытылатын пәндер қажет – 91 %;
- берілген оқу бағдарламасы бойынша оқу керек -6 %;
- ұсынысым жоқ -3 % деп жауап берді.

Ал дәл осы сұраққа бақылау тобының жауабы мынадай болды:

- терендетіліп оқытылатын пәндер қажет – 3 %;
- тек қана берілген оқу бағдарламасы бойынша оқу керек – 70 %;
- ұсынысым жоқ – 27 % деп білдірді.



Сурет 10 - Студенттердің эксперименттен кейінгі оқу-жұмыс жоспары бойынша ұсыныстары

Қорыта келгенде, эксперимент нәтижелері қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқытудың негізгі ұстанымдары оның ұтымдылығын, ұсынылған әдістемелік жүйенің жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретінін танытты. Рухани-танымдық қызындықтарды шешуге, білім алушылардың кәсіби дайындықтарының жоғары болуына, кәсіби дағдыларды жетілдіруге жол ашты. Болашақ маманның кәсіби-педагогикалық ойлауын, сөйлеу қабілетін, материалды түсіну және игеру деңгейін көтеруге ықпал етті. Педагогикалық әдіс-тәсілдердің жүйелі және ұтымды таңдалуы олардың шығармашылық ойлауын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастырыды. Студенттердің ойлау, байқау, жинақтау, өткенде еске түсіру қабілеттерін дамытып, теориялық мәселелерді іс жүзінде жете білуге, түсінуге көмегін тигізді. Студенттің сөз мәдениетіне төсбелуіне ықпал етіп, олардың тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етті.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстан Республикасы Білім туралы Заны» мен «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға» арналған Мемлекеттік бағдарлама елімізде ЖОО білім беру тұжырымдамасы мен білім стандарттарын педагог-мамандарды оқыту мен даярлау сапасын жақсартуға бағытталған білім беру ісін одан әрі модернизациялауды мақсат етеді.

Осы ретте бүгінгі таңда елімізде Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы талаптарына оқу стандарттары мен тұжырымдамалар, оқу бағдарламалары мен нормативті құжаттар жасалып, оқу-тәрбие жұмысына кеңінен енгізілуде.

Қазіргі білім жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі – өзіне тән ұлттық танымдық, тәрбиелік басқа да сантүрлі ерекшеліктері бар. Қазақ әдебиеті пәні ұлттық әдебиетті дамытуға да септігін тигізеді. Ұлттық әдебиетті өркендештегі және дамыту – әрбір елдің келешегі.

Оқыту үдерісі – педагогиканың тиімді амалы. Мұнда әрі оқыту, әрі оқу, әрі тәрбиелеу үрдістері бірізділікпен қатар жүреді. Сол себепті соңғы кездері ғалымдардың назары қазақ әдебиетін оқытудың жаңа ғылыми-әдістемелік жүйесіне, оны оқыту теориясына ерекше аударылып отыр. Сондықтан елімізде білім беру саласында жүріп жатқан реформаға оқу ұлттық сананы жетілдіретін, білім алушыларға озық білім жетістіктерін беретін, ұлттық салт-дәстүрде тәрбиелейтін жаңа педагогикалық технологиялар пайда болуда. Бұларды жүзеге асыру үшін елімізде қабылданып, бірнеше рет өзгеріліп, толықтырылған «Білім туралы» заны, «Білім беру тұжырымдамаларына» сәйкес білім жүйесін реформалау жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай жаңа буын оқулықтары шығарылып, оларды интербелсенді технологиялармен оқытудың түрлі әдіс-амалдары қарастырылада.

Соңғы жылдары әдебиетті оқыту мәселесі жаңа бір белеске көтерілді. Атап айтқанда, түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оқытудың жаңа әдістәсілдері жазылуда. Осыған орай, педагогтардың, әдіскерлердің, психологиярдың, ғылыми-педагогикалық зерттеу орталықтары қызметкерлері жұмысының басты бағыттары қазақ әдебиетін оқытуда инновациялық технологияларды ұтымды пайдаланумен тығыз байланысты қолға алынуда.

Білім беру мекемелерінің алдына қойып отырған мақсаты - инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту бағытында жеке тұлғаға жүйелі, нақты білім беру. Алайда, инновациялық педагогикалық технологияларды қажетті деңгейде қолдану және осы арқылы жеке тұлғаның білім деңгейін, шығармашылық қабілетін қофамдық сұранысқа сай қалыптастыру барлық білім беретін мекемелердің дағдылы ісіне айнала қойған жоқ. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір оқытушыға өзінің әдістемелік жүйесін күргуга септігін тигізер еді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың

инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытуды зерттеу барысында алынған нәтижелерге сүйене отырып, мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Қазіргі білім беру саласының алдында тұрған басты бағыт - жан-жақты дамыған рухани қазынасы бай, әлеуметтік бейімделген жеке тұлға қалыптастыру. Оқытушы оқыту мен тәрбиелеудің тиімді жолдарын іздестірумен ғана шектелмей, сол білімді студент бойына дарытуда оның педагогикалық және психологиялық жағдайларына да көңіл бөлу қажеттілігі қарастырылған. Аталған мәселені менгертуде, әсіресе, студенттердің психикалық көңіл-күйі дұрыс болуы аса маңызды рөл атқаратындығы сөз етілді. Олардың ойлау қабілеті, сезіну, қабылдаумұмкіндіктерін, зейіндерін қалыптастыруда да қазақ ақындарының шығармалары игі ықпалын тигізетіндігі анықталды.

2. Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын элементтері ұлттық құндылығымен ерекшеленеді, сондықтан болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мамандарының бойында адамгершілік, рухани-мәдени қасиеттерін қалыптастырады, кәсіби білігін жетілдіруде бағыт-бағдар болады.

3. Студенттің кәсіби-тәнімдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік жүйе қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарындарды оқытудың арнайы ұстанымдары негізінде жүзеге асырылып, оң нәтиже береді.

4. Жоғары мектепте қазақ поэзиясындағы түркілік сарынды жоғарғы деңгейде оқыту тиімділігін арттырудың және оны менгерту мақсатында тиімді әдіс-тәсілдер жүйесі көрсетілді. Озық технологияның кейбір үлгілері арқылы оқыту жолдары сабак үрдісінде дәйектелді. Деңгейлік тапсырмалар, ұжымдық, сын тұрғысынан ойлау технологиялары бойынша жүргізілген сабак барысында студенттердің әдебиетке, әсіресе, ақындар поэзиясын жан-жақты менгертуге бағытталған жаттығу-тапсырмалар берілді. Сонымен қатар, бақылау және эксперимент тобында жүргізілген тәжірибе нәтижесі қоса көрсетілді.

5. Студенттердің білім, білік, дағыларын, тәнімдық, тәрбиелік, дамытушылық қарым-қабілеттерін зерттеуде бақылау-эксперимент жұмыстары жүргізіліп, қорытындылары сарапталынды.

6. Дәстүрлі білім мен білім берудегі жаңа технологияларды бір-бірімен сабактастыра, кіріктіре отырып менгерту – түпкі нәтижеге білім сапасын жоғары деңгейге жеткізу дің ұтымды жолы екендігін байқатты.

Түйіндей айтқанда, сабак – шығармашылық жұмыс. Өйткені, ол оқытушыдан оқу пәннің ғылыми негіздерін жетік білуді, студенттердің тақырыпқа дайындық деңгейін, шама-шарқын, сабак үдерісіндегі мүмкіндіктерді бағамдап-бағдарлай алатындей педагогикалық үлкен шеберлікті, мол шығармашылық ізденіс-әрекеттерді талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. –Алматы: Атамұра, 2005. –336 б.
- 2 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – М.: Айрис – Пресс, 2014. – 560 с.
- 3 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы:Рауан, 1992. – 380 с.
- 4 Қазақ қолжазбалары:Ежелгі грек, көне қытай жазбаларындағы түркілік әдеби үлгілер. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. – 448 б.
- 5 Findley C.V. The Turks in world History. - Oxford University Press, 2005. - 300p.
- 6 Köprülüzade F. Türk Dili ve Edebiyatı üzerinde araştırmalar. – Istanbul, 1934.
- 7 Patricia Crone (Islamic Cultures, Islamic Contexts: Essays in Honor,Leiden. -Boston: Brillm,2015.
- 8 Есіркепова Г.Е. Әдебиет тарихындағы көркемдік дәстүр жалғастыры // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. - 2015.- №1 (51). – 257 б.
- 9 Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін: 5 томдық. – Алматы: Ғылым, 1983. – 1 т. – 225 б.
- 10 Қазақ фольклористикасы / жалпы ред. басқ. проф. М. Ғабдуллин. – Алматы: Ғылым, 1972. – 297 б.
- 11 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті // Шығармалар: 6 томдық. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1964. –Т. 6. – 455 б.
- 12 Сейфуллин С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. - Алматы, 2009. – Т. 10. – 400 б.
- 13 Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – 374 б.
- 14 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 576 б.
- 15 Фольклор және эстетика. – Алматы, 1976. – 282 б.
- 16 Қазақ қолжазбалары: Көне түркі жазба әдеби үлгілері. Орхон мүралары. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. – Т. 2. – 448 б.
- 17 Батырлар жыры. –Алматы: Жазушы, 2000.– т. 1.–256 б.
- 18 Жаксылыков А.Ж. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. Типология, эстетика, генезис/под ред. З.Кабдолова. –Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 422 с.
- 19 Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
- 20 Батырлар жыры /құраст. О.Нұрмагамбетова, Қ.Сыдыков. – Алматы: Жазушы, 1989. - Т. 5. – 384 б.
- 21 Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. –432 б.

- 22 Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. –400 б.
- 23 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 24 Тілепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 220 б.
- 25 www.ultkz.
- 26 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық/құрастыр. М.Магаун, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. –384 б.
- 27 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 28 Марғұлан Ә. О носителях древней поэтической культуры казахского народа. Алма-Ата, 1959.
- 29 Мұқанов С. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1964.
- 30 Сүйіншәлиев Х. X-XVII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1973.
- 31 Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: ҚМКӘБ, 1956.
- 32 Қорқыт ата: Оғыздардың батырлық эпосы /аударған Ә.Дербісәлин.– Алматы: Қазақстан, 1993. – 64 б.
- 33 Жанабаев К. О героической поэзии // Ай. - 1994. -№1.– 220 с.
- 34 Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. Орхондағы түркі руна жазба дастандары: оқу құралы. –Алматы: Білім, 2008. – 409 б.
- 35 Үбірайым Б. Қазақ лирикасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2013. – 144 б.
- 36 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 569 б.
- 37 Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. – Алматы: Білім, 2010. – 320 б.
- 38 Қасқабасов С. XY-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: ӘОИ, 2005.
- 39 Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1981. - 210 б.
- 40 Әбдікәкімов Т. Үрауан: өлеңдер, балладалар, толғау. – Алматы: Атамұра, 2000. – 230 б.
- 41 Мәүкенұлы Н. Жоғалды күн, жоғалды ай, жоғалды жыл. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 364 б.
- 42 Шапай Т. Шын жүрек бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. – 280 б.
- 43 Әшімбаев С. Ақиқатқа іңкәрлік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 197 б.
- 44 Дәстүр және жаңашылдық: монографиялық жинақ. – Алматы: Ғылым, 1980. – 215 б.
- 45 XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 ж.ж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
- 46 Мырза-Әли Қ. Қайсы бірін айтайын, қайсы бірін?!// Егемен Қазақстан. 2001, қараша- 17.

- 47 Молдағалиев Т. Астана туралы ой // Егемен Қазақстан. – 1998, мамыр-15.
- 48 Иманасов С. Қазақ // Қазақ әдебиеті. – 2008, шілде - 18.
- 49 Әскербекқызы Ж. Қаңтардағы қызыл гүл. – Астана: Елорда, 2001.
- 50 Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Құс жолы, 2012. – 490 б.
- 51 Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по истор.поэтике// Литературно-критические статьи. – М., 1986.
- 52 Фарино Е. Введение в литературоведение: учеб. пособие. - Спб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2004. – 412 с.
- 53 Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1976. – 140 б.
- 54 Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2004. – 288 б.
- 55 Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Өлеңдер мен поэма. – Алматы: Жазушы, 2007. – 286 б.
- 56 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Ана тілі, 1994. –310 б.
- 57 Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
- 58 Теміrbай А. Автопортрет. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 258 б.
- 59 Асқар О. Астана – бітпес жыр, әнім // Жұлдыз. - 2010. - №1. – Б. 61-62.
- 60 Қайынбаев М. Уақытпен үндескен//Қазақ әдебиеті.– 1994, желтоқсан–2.
- 61 Медетбеков Т. Көк түріктер сарыны. – Алматы: Өлкө, 2002.
- 62 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Гылым, 1991.
- 63 Кекілбаев Ә. Елдік пен ерліктің ерен жыры//Егемен Қазақстан. - 2002, желтоқсан – 6.
- 64 Сманов Б. Көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2016. – 366 б.
- 65 Тұрғынбаев Ә., Кенжебаев С., Есімханов Т. Гылым тарихы мен философиясы. – Алматы: Білім, 2006. – 288 б.
- 66 Гершунский Б.С.Философия образования:учебное пособие для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. – М.: Московский психолого-социальный институт, 1998.- 432 с.
- 67 Қазақстан Республикасының Білім туралы заны. 2011.19.01.
- 68 Ильин В.В. Философия науки. – Москва: МГУ, 2003. – 485 б.
- 69 Егеубаев А. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998.– 320 б.
- 70 Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2008. – 644 б.
- 71 Сатбекова А.Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері:пед.ғыл. док.... дис. - Алматы, 2009.
- 72 Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2003.- 368 б.

- 73 Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М., 1991.
- 74 Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 448 б.
- 75 Дәулетбекова Ж. Оқушылардың оқу мотивтері – сапалы білім негіздері. – Алматы, 2001. – 170 б.
- 76 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
- 77 Аナンьев Б.Г.Психология и проблемы человекознания. - МОДЭК, 2005.
- 78 Сманов Б. Мектепте көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: Тоғанай Т, 2009. – 272 б.
- 79 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2003. – Т. 3. – 232 б.
- 80 Қанарабаева Б. Мағжан символист: Зерттеу. – Алматы: Экономика, 2007. – 288 б.
- 81 Якунин В.А. Педагогическая психология. – М., 1998. – 580с.
- 82 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1991. – 241 б.
- 83 Махмутов М. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Алматы.1981.-239 б.
- 84 Калмыкова З. Педагогическая психология. – М.: ТЦ Сфера, 2008. – 250 с.
- 85 Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969. – 243 б.
- 86 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Алматы, 1993. – 312 б.
- 87 Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. «Қазақстан жолы–2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» // Егемен Қазақстан. - 2014, қантар - 17.
- 88 «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006–2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» ҚР Президентінің Жарлығы. –Астана: Ақорда, 2006, қазан. - №200.
- 89 ДайырӘ., АйтқалиевҚ., БеркімбаевШ., ҚұрманбайГ. Қазақ әдебиеті оқулығы – 5 сынып. – Алматы: Атамұра, 2010.
- 90 Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы, 1993. – 96 б.
- 91 Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі:әдістемелік құрал. –Астана, 2013. – 64 б.
- 92 Мырзағалиев Қ. Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру. – Алматы: Рауан, 1992. – 127 б.
- 93 Жұмақаева Б. Жыраулар поэзиясын талдап тану. – Алматы, 2010. – 196 б.
- 94 Ақшолақов Т. Шығарманың көркем компоненттерін оқыту. – Алматы, 1968. – 118 б.
- 95 Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандарты, 1-кітап, қоғамдық-гуманитарлық пәндер, жинақ. – Алматы, 1998. –36-56 б.
- 96 Қазақстан Республикасының білім туралы заңы. - 24.03.2016.

- 97 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. –448 б.
- 98 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. –М.: Педагогика, 1993. -192с.
- 99 Левин М.М. Технологий профессионального педагогического образования. – М.: Академия, 2001. – 318 б.
- 100 Чошанов М. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. –М: Просвещение, 1996. -158с.
- 101 Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дис. ... док.пед.наук. –Алматы, 1994. –345с.
- 102 Жұматаева Е.Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту. – Павлодар: Кереку, 2012. – 224 б.
- 103 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
- 104 Дьяченко В.К. Сотрудничество в обучении: о коллективном способе учебной работы. – М., 1991.
- 105 Сүлейменова Ж., Орынбаев А., Абитжанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік. – Алматы: Эверо, 2009. –248 б.
- 106 Салықбай Г. Аспандағы аңсарым. – Алматы: Жазушы, 2001. –192 б.
- 107 Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары: Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2004. – 270 б.
- 108 Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – Алматы:Өркен, 2007.

ҚОСЫМША А

«БЕКІТЕМІН»

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
біріншіпроректоры
ф.-м.ғ.д., профессор

_____ Б. Алиев
«___» 2016ж.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша ЖОО қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту барысында студенттерді кәсіби даярлау негізінде оқытуудың әдістемесін оқу үдерісіне енгізу туралы

АКТИ

Бұл акт 2014-2016 ж.ж. аралығында «Қазақ әдебиеті» кафедрасының Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын пәні бойынша орындалған әдістемелік жұмыстар нәтижесінде әзірленіп, осы акт негізінде расталады.
Орындағандар: Алиева Ж.А. – PhD докторант, филология ғылымының докторы, профессор Ержанова С.Б.

ОӘЖ төмендегідей оқу үдерісіне (оқу жұмыс түрлеріне) ендірілді.

- Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын пәнінен оқуға арналған көмекші әдістемелік нұсқау дәріс сабактарына;
- Қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарын пәнінен тест жинақтарын практикалық сабактарында пайдалану;
- ЖОО қазақ поэзиясындағы көне түркілік сарынды оқыту барысында студенттерді кәсіби даярлау бойынша педагогикалық технологиялар сабакқа енгізілді.

«Қазақ әдебиеті» кафедрасының
менгерушісі _____ ф.ғ.д., профессор Ержанова С.Б.

Авторлар: _____ Алиева Ж.А.

_____ Ержанова С.Б.

Факультет деканы _____ Тымболова А.О.